



ҚР ЕҢБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ
ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ
МИНИСТРЛІГІ

unicef | әрбір бала үшін
for every child
для каждого ребенка



ОҚУШЫНЫҢ ЖҰМЫС КІТАБЫ

Отбасымен және балалармен заманға сай әлеуметтік жұмыс жүргізудің психологиялық- әлеуметтік аспектілері

Атаулы әлеуметтік көмек көрсету және «Пособие плюс» әлеуметтік қызметтерін көрсетудің біріктірілген үлгісін ендіру бойынша пилоттық жоба аясындағы «Балалы аз қамтылған отбасыларды әлеуметтік сүйемелдеу бойынша ЖАО және жергілікті әлеуметтік қызметтердің мүмкіндігін арттыру» бағдарламасы.



Оқу материалдары Oxford Policy Management (OPM) және P4EC Consultancy Group техникалық қолдауымен дайындалды

КУРС СИПАТТАМАСЫ

Бұл курс сізге заманға сай әлеуметтік жұмыс туралы көрініс қалыптастыруға әрі отбасылармен және балалармен қиын өмірлік жағдайда табысты жұмыс істеу үшін қажетті негізгі білімдер мен дағдыларды алуға (негізгі біліктілікті қалыптастыруға) мүмкіндік береді.

Бұл курста сіз әлеуметтік жұмыс негіздерінен – кәсіби әдеп, отбасымен әлеуметтік жұмыс жүргізу қағидалары мен технологияларынан бастап – отбасы мен баланың қажеттіліктерін бағалайтын, отбасы проблемаларын талдайтын, отбасы ресурстарын анықтайтын нақты құралдарға, клиенттермен, сондай-ақ отбасымен жұмыс істеуге тартылған басқа да мамандармен қарым-қатынас жасау тәсілдері мен ережелеріне дейін білім жинақтайтын боласыз. Сонымен бірге отбасымен және балалармен жұмыс істейтін мамандардың жиі кездесетін кәсіби күйеу синдромының алдын алу және оны жеңу мәселелері баяндалатын болады.

Теориялық материалдар талқылауға, жеке және топтық тапсырмалар мен жаттығуларды орындауға, өмірде болған жағдайларды талдауға ұласатын болады. Материал қолжетімді және интерактивті түрде ұсынылған әрі оны тіпті жас кеңесшілер мен көмекшілерге ұсынуға болады.

Курстың мақсаты: отбасымен тиімді әлеуметтік жұмыс жүргізуге қажетті негізгі біліктілікті қалыптастыру.


Оқу жоспары

№	Тақырыбы	Сағат саны
1.	Отбасылар санаты мен олардың проблемалары	6
2.	Клиенттермен сөйлесу негіздері	6
3.	Әлеуметтік жұмыс қағидалары мен жағдайды басқару негіздері	3
4.	Отбасы мен баланың қажеттіліктерін бағалау негіздері	3
5.	Баланың әл-ауқатын бағалау	3
6.	Отбасы ресурстарын іздеу және олармен жұмыс істеу	3
7.	Отбасыға қолдау көрсету және сүйемелдеу	3
8.	Кәсіби күйеу синдромының алдын алу және оны жеңу	3

Шартты белгілер:



Сабақты ұйымдастыру



Шағын топтармен жұмыс жүргізу



Жұптасып жұмыс істеу



Меңгерілетін материал



Жазбаша тапсырма



Жаттығуды орындауға берілетін уақыт



Ойын



Топтық жаттығу



Жеке тапсырма



1-ТАҚЫРЫП.

ОТБАСЫЛАР САНАТЫ МЕН ОЛАРДЫҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫ




Сабақтың мақсаты: әртүрлі отбасылардағы проблемалардың туындау көздері мен себебін түсінуді үйрену.

Тапсырмалар:

1. Әлеуметтік кеңесшілер мен көмекшілер жұмыс жүргізетін отбасылардың негізгі санаттарын анықтау.
2. Осы санаттағы отбасылардың қиын өмірлік жағдайға (ҚӨЖ) түсу себептерін түсінуді үйрену.
3. Әртүрлі санаттағы отбасылар тап болатын қиындықтарды көруді және талдауды үйрену.
4. Әртүрлі санаттағы адамдарға және олардың проблемаларына баға бермей және алдын ала кесіп-пішпей қарау маңыздылығын түсіну.

Мазмұны:

- Әлеуметтік кеңесшілер мен көмекшілердің жұмыс практикасындағы отбасылардың негізгі санаттары.
- Әртүрлі отбасылардың қиын өмірлік жағдайларына түсу себептері және олармен жұмыс істеу тәсілдері.
- «Проблемалар ағашы» проблемалық жағдайлардың себептерін талдау құралы ретінде.
- Қорлау теориясы (стигматизация теориясы).



Берекелі отбасы бейнесі

Барынша берекелі отбасын елестетіңіз. Топта осындай мінсіз берекелі отбасының сипаттамасын талқылап, оны барынша толық жазып шығыңыз.


Талқылап болған соң өз жұмысыңыздың нәтижелерін басқа оқушыларға ұсыныңыз.



Жұмыс уақыты



Таныстыру уақыты



Отбасылардың қиын өмір жағдайына түсу себептері

Белгілі бір санаттағы отбасылар қиын өмір жағдайына түсетін себептерді, отбасы мүшелерінің және тұтастай отбасының қандай ерекшеліктері осыған ықпал ететінін тізіп шығыңыз.

Қалған оқушыларға талқылау нәтижелерін ұсыныңыз.



Жұмыс уақыты



Таныстыру уақыты



Проблемалар ағашы


«Проблемалар ағашы» – проблемалық жағдайдың туындау себебін анықтау мақсатындағы себеп-салдар байланысын талдау негізінде құрылған талдау тәсілі. Кем дегенде үш деңгейден тұратын иерархиялық схема. Жоғарғы деңгей – бұл негізгі проблемалық жағдай (яғни салдары), ал әрбір келесі деңгей – осы проблеманы тудыратын себептер. Ағаш кемінде 3 деңгейден тұруы тиіс.

«Проблемалар ағашы» схемасын құру баламен және / немесе оның отбасымен жұмыс істейтін маманның ұйымдастырған іс-шарасынан құралады, ол проблемалар мен қарым-қатынастарды анықтау және талдау үшін әңгімелесу барысында өткізіледі. Мұндай қызметті нақты жағдайға қатысатын бір топ мамандар да (түрлі мекемелердің өкілдері) ұйымдастыра алады.

Бала мен отбасы жағдайы негізінде жатқан орталық проблема, сондай-ақ оның «себептері» мен «салдары» арасындағы айырмашылықтардың графикалық көрінісі осы жұмыстың нәтижесі болады.

Проблемалар диаграммасын құру сатылары:

1. Пікірталас барысында талдау мәні болатын бала мен оның отбасының бүкіл негізгі проблемалары талқыланады. Орын алып тұрған нақты проблемалар және болуы мүмкін емес, ойдан шығарылған немесе келешекте болатын проблемалар болуы шарт. Проблема деген – шешімнің жоқтығы емес, орын алып тұрған жағымсыз жағдай.
2. Басты проблеманы анықтау. Анықталған, талданған және орталық проблемасы (немесе одан көп проблемалары) табылған проблемалар, барлық қатысушылар келісетін таңдау.
3. Басты проблеманың себептері мен салдарын талқылау. Пікірталасқа қатысушылар орталық проблеманың негізгі себептерін ұсынады, содан кейін оларды басымдықтарына қарай ретімен орналастырады. Одан соң олардың орталық проблемамен қалай байланысатыны талданады. Олардың кейбіреуі орталық проблеманы тудыратын себеп болса, тағы біреуі басты проблеманың салдары болуы мүмкін.
4. Себеп-салдар байланысын / сілтемелерін анықтау. Проблемалардың бір біріне қандай қатысы бар екенін және осы анықталған проблемалар орталық/басты проблеманы «байланыстырып» тұрғанын түсіну үшін себептер мен салдар арасындағы байланысқа талдау жасалады. Көп жағдайда шындап келгенде барлығы тым күрделі екені анықталып жатады. Проблемалар арасындағы байланыстар көбінесе екі бағытты болып келеді әрі көптеген проблемалардың тікелей, сызықтық үдеуі болмайды.
5. Диаграмма қағаз параққа себептер мен салдар арасындағы байланысты сызықшалар мен көрсеткілерді пайдалана отырып салынуы тиіс.





Проблемалар ағашын саламыз

Проблеманы жоғарыда көрсетілген қағида бойынша талдаңыз. Өйткені сіз проблемамен нақты бір жағдайға байланбай жұмыс істейсіз, оның астында қандай себептер жатқанын бағамдаңыз. Өзіңіздің тәжірибеңізден немесе шынайы өмірден осыған ұқсас жағдайды негізге алып пайдалануыңызға болады. Жаттығуды орындауға сізге 10 минут беріледі.



Проблемалар тізімі:

1. Бала түн ортасында далада жүреді.
2. Бала мектепке барып жүрген жоқ.
3. Мүгедек әйелдің үйінде азық-түлік жоқ.
4. Көпбалалы ана өзіне тиесілі жәрдемақыны алмайды.
5. Зейнеткер жасындағы жалғыз басты еркектің пәтері лас әрі шашылып жатыр.
6. Бала емханаға тіркелмеген.
7. Созылмалы ауруы бар бала қажетті көмекті алмайды.
8. Анасы уәделескенімен, әлеуметтік қызметке келмейді.
9. Дені сау әкесі жұмысқа тұрмаған.



Қорлау теориясы

Қорлау күн сайын орын алады және күнделікті өмірдің бір бөлігіне айналып кеткендігі соншалықты, тіпті біз айтылғанға күмәнмен қарамайтын болғанбыз. Біз қоғамда үнемі пайдаланылатын естен жаңылыстыратын ұғымдардың ықпалына ұшырайтын болғандықтан, қорлау себептері көбінесе дұрыс сияқты болып көрініп тұрады.

Біз кәсіпқойлар ретінде бізге көрсетілген бейненің астына үңіліп, сол адамдар не үшін қорлыққа ұшырағанын түсінуіміз керек. Нәтижесі қорлау болған қасақана айтылған пікірлерді, олардың шығу көздері мен мақсаттарын қарастыру маңызды. Оларды анықтаған кезде неліктен қорлыққа күмәнмен қарау керектігін түсіндіру қажет болады.

Қорлау теориясы (стигматизация теориясы) қорлау қалай жасалатынын және бұл стигматизацияға ұшыраған адамдарға қалай әсер ететінін түсіндіреді.

Егер жекелеген адамдардың сыртқы түрі немесе әрекеттері жалпы қабылданған нормадан ауытқыған түрде қабылданса, онда адамдар қандай да бір жолмен осындай «тәртіп бұзушылардың» ауытқушылығын белгілеуге, басқа сөзбен айтқанда оларды қорлауға тырысады. Соның салдарынан, бәлкім, оларға қандайда бір жаза түрін қолданғысы келер.

Адамның әрекетін бағалау қоғамның белгілі бір жағдайларда және қандай да бір адамдарға қатысты белгілі бір ережелерді қатаң сақтағысы келетініне байланысты. Мысалы, кейбір қоғамда бір іс-әрекетті жасаған кезде ерлерге қарағанда (опасыздық, ұқыпсыздық, тұрпайылық), әйелдер; ақ нәсілге қарағанда қара нәсілділер; жас, ересектерге қарағанда жас адамдар және т. б. қатаң бағаланады.

Қорлау сатылары:


- I. Ауытқыған мінез-құлықтың байқалуы (бірінші ауытқушылық).
- II. Қоғамның ауытқыған мінез-құлықты байқауы.
- III. Мінез-құлқы ауытқыған адамды қорлау.
- IV. Адамның көрген қорлығына сәйкес келетін мінез-құлықты белгілеуі (екінші ауытқушылық).
- V. Ауытқыған адамның өзін сәйкестендірген және дәл сондай өмір салтын ұстанатын тұлғалар тобына кірігуі.

Қорлау түріндегі реакция қорланған адамға, оның өзін қалай қабылдайтынына және оған айналасындағылар қалай қарайтынына қатты әсер етуі мүмкін. Индивид өз таптаурынына салынатын белгілі бір жария анықтамаға (мысалы, азғын, нашақор, сандалбай және т. б.) ие болады. Бұл таптаурын индивидтің бүкіл басқа мәртебесін басып тастайды да оның толыққанды әлеуметтенуіне және өзін-өзі танытуына кедергі болады. Норманы бұзушылар өз мәртебесін ауытқушылықтың

нақты бір типі ретінде қабылдай бастап, осы мәртебесі негізінде жеке өмірін қалыптастырады. Стигматизация нәтижесінде келесі **жеке тұлға деңгейіндегі өзгерістер орын алады:**

- өзінің қадірін кетіреді;
- адам өзіне көңілі қалады;
- адам өзін әлеуметтік тұрғыдан жайсыз топпен сәйкестендіргендіктен жеке тұлға ретінде дамымай қалғандай сезінеді;
- ресурстары мен мүмкіндіктері төмен санатқа жатуына қарай талаптануы төмендейді;
- адамның әлеуметтік қатынастар желісі тарылып, қарым-қатынас жасау мөлшері қысқарады.

Осылайша ауытқу мінез-құлықпен емес, қоғамның осындай мінез-құлыққа деген реакциясымен анықталады. Адамдардың мінез-құлқы қабылданған нормалардан ауытқу ретінде қабылданғанда бұл бірқатар қайшы әдеттегі итермелейді. Басқалары мінез-құлықты анықтайды, бағалайды және оған белгілі бір дәрежеде таңба басады. Норманы бұзушы өзінің әрі қарай жасайтын әрекеттерін осындай қорлықтармен келістіретін болады. Көп жағдайда жеке тұлғаның осы қорлығына сәйкес өзін-өзі көрсетуі қалыптасады, соның нәтижесінде ол ауытқу жолына түсуге бейім болады.



Оның аты кім?

Адамдардың осы санатына қоғамның көзқарасын білдіретін, оларды сипаттау үшін қолданатын тұлғалардың осы санатын атайтын неғұрлым көп сөзді жазыңыз.

Өз жұмысыңыздың нәтижелерін басқа оқушыларға ұсыныңыз.



Жұмыс уақыты



На презентацию



«Әділеттілік» ғаламшары

Сіз жер ғаламшарындағы өз типіңізге жататын адамдардың соңғы өкілісіз. Жерде сізді қажетсіз әрі тым көп проблема тудырасыз деп шешкен. Сіз «Әділеттілік» ғаламшарына қонуға шешім қабылдадыңыз. Жоғарғы басшы сізбен кездесіп, жағдайыңызды тыңдап талқылауға келісті. Сіз өзіңізді таныстырып, неліктен осы жерде сізді қалдыруға мүмкіндік беруге тиіс деп ойлайтыныңызды түсіндіруіңіз қажет. Алайда Жерден сіздің мінездемеңізді және сіздің мінез-құлқыңыз туралы сипаттама жібергенін ескеру маңызды. Сізді қалдыруға келіспесек, сіз ұшып кетуге тиіссіз, оның соңы өлімге жетелейді».

Сіз «Әділеттілік» ғаламшарында қалуға лайық екеніңіздің себебін жазыңыз. Қолыңыздан не келеді, қандай жақсы қасиеттеріңіз, тәжірибеңіз, қабілеттеріңіз бар. Бір сөзбен айтқанда, сіз ғаламшарға қандай пайда әкелесіз.



Жұмыс уақыты



2-ТАҚЫРЫП. КЛИЕНТТЕРМЕН СӨЙЛЕСУ НЕГІЗДЕРІ



Мақсаты: клиенттермен әртүрлі жағдайда сөйлесудің негізгі дағдыларын қалыптастыру.

Тапсырмалар:

1. Әртүрлі санаттағы клиенттермен жұмыс істегенде тиімді сөйлесудің маңыздылығын ұғыну.
2. Әлеуметтік кеңесшілер мен көмекшілердің жағдаймен жұмыс істегенде ықтимал клиенттермен, АӘК клиенттерімен және әртүрлі құрылымдағы басқа да мамандармен қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру.

Мазмұны:

- Сөйлесу: ауызша, ым-ишарат арқылы сөйлесу, мұқият тыңдау.
- Сұхбат жүргізу дағдылары.
- Жұмыстың әртүрлі сатыларында әртүрлі санаттағы клиенттермен сөйлесу ерекшелігі.



Адамдардың басқа адамдармен қарым-қатынас жасау ерекшеліктеріне қарай типтері: «визуалдар», «аудиалдар», «кинестетиктер»

Адамдар қоршаған ортаны қабылдаудың барлық ерекшеліктерін күнделікті тәжірибеде жиі қолданады, бұл әлеуметтік көмекшілерге де қатысты. Әрбір әлеуметтік көмекші сұхбаттасушымен сөйлесу кезінде оны қабылдау арнасын ескеруі керек.

Басқа адамдармен қарым-қатынас жасау ерекшеліктеріне қарай адамдар үш типке бөлінеді: «ВИЗУАЛДАР», «АУДИАЛДАР», «КИНЕСТЕТИКТЕР».

Әр типтегі адамдарға сөзінен, тұрысынан, көзқарасынан, мінез-құлқынан, тқақтығысу және т.б. жағдайларда түрлерінен байқалатын белгілі бір қырлары тән. Әдетте, өмірде «таза» санаттағы өкілдер сирек кездеседі. Алайда, ақпаратты арналардың бірінен қабылдауының басым болуына байланысты адамның белгілі бір санатқа жататынын ажыратуға болады.

«ВИЗУАЛДАРҒА» ақпараттың көп бөлігін көру арқылы қабылдайтын адамдар жатады. Бұл елестетіп ойланатын адам, оған бір нәрсені елестетіп алу, бейнені, суретті «ойша салып алу» маңызды, ол тек осыдан кейін ғана естіген ақпаратты ұғынады немесе өз ойын жеткізеді. Олар арақашықтықты сақтай отырып сөйлеседі, - ұстағанды ұнатпайды, сондай-ақ бетінің жоғарғы бөлігі (көз, қас, маңдай) белсенді болады. Олар үшін көбінесе денесін түзу, басын және иығын көтеріңкі ұстау, зор әрі таза дауыс, тез әрі қатты дауыспен сөйлеу тән.

Ақпараттың көп бөлігін есту талдағышы арқылы қабылдайтын адамдар «АУДИАЛДАР» қатарына кіреді. «АУДИАЛ» қандайда бір ақпаратты міндетті түрде естіп, ойша талдау жүргізгеннен кейін ғана оны қолданады. Әдетте олар өздеріне ауызша берілген нұсқаулықты бірден дұрыс орындай алады. Олармен әңгімелескенде олар өз проблемаларын дауыстап айтқаны маңызды, бұл өз кезегінде оны шешу жолындағы қолайлы сәті болуы мүмкін. Оларға орташа қашықтық (шамамен 80 см) тән - көзқарасы жайбарақат, өз ішіне үңілген – ишараларды кеуде тұсында көрсетеді, беттің төменгі бөлігі (ерні, беті) белсенді.

Ақпаратты сезім, түйсік арқылы қабылдайтын адамдар «КИНЕСТЕТИКТЕР» деп аталады. «КИНЕСТЕТИК» - бұл сезім адамы, ақпаратпен тиімді жұмыс істеу үшін ол оның мазмұнын сезініп, өзінің бойынан өткізгендей болуы керек. Олар

үшін тым қысқа қашықтықта болу тән - қолмен ұстауға бейім - толқыған кезде қызарады, дақтар пайда болады - көп ым-шара жасайды. «КИНЕСТЕТИКТЕР» үшін қайраттылық, тынымсыздық, қиын жағдайда қажет кезде назарын ұзақ уақыт бір нысанға аудару тән болғандықтан осы санатқа жататын адамдарға ұзақ уақыт жалғасатын монологқа шыдау қиын болады.



Мен кімін?

Өз ойыңыз бойынша қандай типке жататыныңызды анықтаңыз да А4 параққа маркермен жазыңыз.




Жұмыс уақыты



Ашық және тұйық адамның сипаттамасы

Ашық және тұйық адамды елестетіңіз. Олардың қасиеттері қандай? Жазбаларға арналған жабысатын қағазға бір түспен ашық және тұйық адамның қандай қасиеттері бар екенін жазыңыз.




Жұмыс уақыты



Қайда болғанымызды айтпаймыз, не істегенімізді көрсетеміз

Сөз қолданбай өз қалауыңыз бойынша кәсіптік қызметті, үй шаруасын, қоғамдық орындағы қақтығыс жағдайын, эмоциялық күйді және т.б. суреттеңіз.

Өз жұмысыңыздың нәтижелерін қалған қатысушылар шешіп таба алатындай етіп ұсыныңыз.



Жұмыс уақыты



Қандай эмоция?

Сіздің картаңызда эмоция жазылған. Өз картаңызды басқаларға көрсетпей, картаңызда жазылған эмоцияға сәйкес «Сәлеметсіз бе» деп интонациямен айтыңыз.

Басқа қатысушылар қандай эмоцияларды көрсеткенін табыңыз.



Жұмыс уақыты



Белсенді түрде тыңдау

Белсенді түрде тыңдау – әлеуметтік көмекшінің клиентпен жүргізетін жұмысының шешуші бөлігі. Белсенді түрде тыңдау хабарламаны қабылдау, түсініп талдау және айтып жеткізу түріндегі үш түрлі процеспен орындалады.

- **Ақпаратты қабылдау** – тыңдау процесі. Әлеуметтік көмекші мұқият тыңдауды тоқтатқанда ақпарат қате қабылдануы мүмкін.
- **Ақпаратты түсініп талдау** – қабылданған ақпаратты талдап, оның мәнін түсіну. Клиент жеткізетін хабарламаны дұрыс қабылдауға мүмкіндік бермейтіндей бұрмалаған кезде қате туындауы мүмкін. Әлеуметтік көмекші клиенттен естігісі келген нәрсені естуге бейім болған (екі жақты диалог орнамаған) кезде проблема туындайды.

- **Ақпаратты айтып жеткізу** тыңдаудың соңғы бөлігі. Әлеуметтік көмекші хабарламаны дұрыс қабылдайды деп есептеледі, бірақ коммуникативтік қабілеттерінің жеткіліксіздігіне байланысты ол хабарламаны жеткізуде қиналуы мүмкін; әйтсе де бұл проблемаларды алдыңғы процестермен салыстырғанда жою оңай.

Белсенді түрде тыңдау бөлігі – **сұрақтармен жұмыс істеу техникасы** (сұрақ қоя алу), **өз сөзімен айтып беру, нақтылау, эмпатия.**

Сөйлесу сұрақ қоя білуді білдіреді, олар серіктестерді сөйлесу кезінде ба-рынша жақындастыруға себепші болады. Сұрақтар сұхбатқа қатысушыларды ат-салыстырып, қарым-қатынас жасау процесін қажетті арнаға бағыттауға мүмкін-дік береді.

Сұрақтардың негізгі бес қызметі бар:

1. ақпарат алу,
2. назар аударту,
3. ақпаратты хабарлау,
4. ойды қосу,
5. шешім қабылдауға себеп болу.

Беймәлім адамнан сұрау әдісі бойынша нақтылайтын және толықтыратын сұрақтарды ажыратады.


Нақтылайтын сұрақтар тақырыпты анықтаумен қатар клиенттің жауапта-рын бірнеше сөздермен немесе «иә» және «жоқ» деген жауаптармен шектейді, (олар «ма» есімдігімен қойылатын сұрақтар: «дұрыс па», «керек пе», «шын ба» және т.б.) жауаптарда көрсетілген пайымдардың шынайылығын анықтауға бағыт-талған. «Егер ..., сізге ұнай ма?», «... дегеніңізді дұрыс түсіндім бе?».

Толықтыратын сұрақтар жаңа ақпарат алуға бағытталған. Грамматикалық белгісі - «Кім?», «Не?», «Қашан?», «Қайда?» және басқалары сияқты сұраулы сөз-дер. «Ұлыңыз қайда оқып жатыр?». «Неге?» деген сұрақтарды абайлап қойыңыз, клиент бұл сұрақты кінәлау ретінде қабылдап қалуы мүмкін.

Ондағы ықтимал жауаптар санына қарай сұрақтар **ашық және жабық деп бөлінеді**

Ашық сұрақ – бұл өте көп жауаптары бар сұрақ. Ол ақпарат жинап, талқы-лау қажет болғанда пайдаланылады. «Балаңызды тәрбиелеу ісінде сіз неден қи-наласыз?», «Демалыстарыңызды қалай өткізесіздер?» «Нені қалар едіңіз?», «Бұл туралы не ойлайсыз?».

Жабық сұрақ – оларға «иә», «жоқ» деп жауап беруге болады, ондай сұрақ нақты қысқа жауап алу немесе талқыны жабу үшін пайдаланылады. «Жұмыс істейсіз бе?», «Жәрдемақы аласыз ба?».



Сұрақты дұрыс қойыңыз

Клиенттің белгілі бір санаты үшін (көп балалы ана, 14 жастағы жасөспірім, 69 жастағы жалғыз басты әйел, 3 баланы өзі тәрбиелеп отырған әкесі, жалғыз басты ана) сұрақтардың әрбір типіне арнап 2 сұрақтан құрастырып жазыңыз. Клиент бо-латын жағдайды топ белгілейді.



Сұрақтармен жұмыс істеу техникасы

Сұрақтарды өз сөзімен айту – клиенттің ойын, оның айтқан сөзін өз сөзіңіз-бен қайталап басқаша құрастыру. Оның негізгі міндеттері – айтылған ойдың дұрыстығын тексеріп, түсінгенін көрсету. «Сіздің ойыңыз бойынша ... ғой».

«Мен жұмыстан кетіп, бірден әпкемдікіне баратындай жағдайда болдым». Осы жағдайды өз сөзімен айтудың түрі мынадай: «Сіз бірден жұмыстан кет-тіңіз де әпкеңіздікіне бет алдыңыз». «Кеше мен күйеуім келгенде өлермендей

қорықтым» деген сөйлемнің түрі мынадай болады: «Сіз кеше күйеуіңіз үйге оралғанда қорыққан күйде болдыңыз».



Менің кешегі күнім

Бір қатысушы екі минут ішінде өзінің кешегі күні туралы айтып беруі тиіс, ал оның серіктесі әлеуметтік көмекші рөлінде болып, сұхбаттасушының айтқан сөзін өз сөзімен айтып беруі керек, одан кейін олар орындарымен ауысады.



Жұмыс уақыты



«Тыңдай алу» тесті

Тест сұрақтарына жауап беріп, баллды санаңыз.

Тест сұрақтарына жауап беріңіз, олар келесі жолмен бағаланады: «әрдайым» — 2 балл; «көп жағдайда» — 4 балл; «кейде» — 6 балл; «сирек» — 8 балл; «ешқашан» — 10 балл.

1. Сізге әңгіменің тақырыбы (кейде әңгімелесуші) қызықсыз болған кезде әңгімені тоқтатуға тырысасыз ба?
2. Әңгімелесушіңіздің өзін өзі ұстауы ашуыңызды келтіре ме?
3. Әңгімелесушінің сәтсіз айтылған сөзі дәрежелікке немесе әдепсіздікке арандатуы мүмкін бе?
4. Өзіңізге бейтаныс немесе аз таныс адаммен әңгімелесуден қашқақтайсыз ба?
5. Әңгімелесушінің сөзін бөлетін әдетіңіз бар ма?
6. Өзіңіз мұқият тыңдап тұрғандай болып, бірақ өзіңіз басқа нәрсе туралы ойланып тұрасыз ба?
7. Әңгімелесушінің кім екеніне байланысты сіздің дауыс ырғағыңыз, бет жүзіңіз өзгере ме?
8. Әңгімелесуші сізге ұнамайтын тақырыпты қозғай бастаса, тақырыпты бұрып жібересіз бе?
9. Әңгімелесуші кейбір сөздерді, атауларды дұрыс айтпаса, сіз оны түзеп отырасыз ба?
10. Әңгімелесушімен қамқорлық білдірген кейіппен жақтырмай әрі мысқалдап сөйлесетін кездеріңіз бола ма?



Жұмыс уақыты

Қорытындысында сіз 62 баллдан жоғары сомма жинасаңыз, онда сіз «орташа деңгейден жоғары» дәрежедегі тыңдаушысыз. Басқаша айтқанда, баллыңыз неғұрлым көп болса, соғұрлым сіздің тыңдау қабілетіңіз жоғары дәрежеде дамыған.




Проблемалы клиенттер

Жұмыстағы клиенттердің 5 ең қиын санатын ойланып жазыңыз. Дайын болған соң, парақшаны флипчартқа жапсырыңыз.



Жұмыс уақыты



Кедергілер және кедергілерден өту

Төменде көрсетілген санаттағы клиенттермен сөйлесу проблемасын анықтап, сөйлесудегі осы кедергілерді жеңу.



Жұмыс уақыты



Ашуға берілген клиенттермен сөйлесу

1. Ашулы әрекетке немесе қауіп төндіруші жағдайға тап болғанда тиімді жұмыс істеу үшін:
 - сұхбат жүргізу дағдыларын игеру;
 - сіздің әрекеттеріңіз басқа адамдарға әсер ететінін түсіну қажет.
2. Егер сізде клиент ашулы немесе қауіпті болуы мүмкін деп пайымдауға негіз болса, сұхбат жүргізу кезінде қатысуы немесе клиентке барған кезде қасыңызда жүруі тиіс әріптесіңіздің қолдауына сенім арту керек.
3. Ашулы/ызалы күйдің мәні мен оның туындау себебін түсіну маңызды.
4. Кездесетін орынды ойластырамыз – өзіміздің немесе олардың жерінде. Клиентпен сөйлескенде сіз кірер есікке жақын отырғаныңызды немесе тұрғаныңызды тексеріп алу керек; клиент сіз бен есіктің арасында болмауын қадағалаңыз (сізге төрде қалып қоймау керек). Кабинетте болғанда клиент кез келген уақытта шығып кете алатындай жайғасыңыз.
5. Адамның мінезін мұқият бақылаңыз, себебі ашу белгілерін дер кезінде аңғару керек. Мысалы, жайғасуына, сөйлесу тәсіліне, дауыс екпініне назар аудару керек.
6. Егер адамның ашуланғанын көріп тұрсаңыз, оны тыныштандырамын деп қасына жолаудың қажеті жоқ. Мұндай жағдайда адам одан бетер ашулануы мүмкін, себебі ол тұзаққа түсіп қалғандай сезінуі мүмкін. Ең дұрысы креслоның арқасына сүйеніңіз (егер креслода отырсаңыз), немесе артқа бір қадам жасаңыз (егер тұрып тұрсаңыз).
7. Тұрысыңыз, сөзіңіз, дауыс ырғағыңыз ашулы немесе қауіп төндіретіндей болмауы керек екенін есте сақтаңыз. Клиентке сіздің тарапыңыздан қауіп төнбейтінін және оны түсініп тұрғаныңызды көрсететін әрі өзіңізге өте сенімді күйде тұруыңыз керек. Клиентіңіз айқайлап тұрса да ешбір жағдайда айқайламаңыз.
8. Аяушылық реңкпен қамқорлық білдіргендей естілуі мүмкін қақтығыс тудыратын сөздер мен сөз тіркестерін қолданудан сақтаныңыз. Мысалы: «Сіздің күйіңізді түсініп тұрмын» дегеннің орнына: «Сіз қатты толқып тұрғаныңызды көріп тұрмын» деу керек.
9. Мүмкін болса, клиентке жөн сөйлеуін тоқтатпаса сіз сөйлесуді жалғастыра алмайтыныңызды жаймен жеткізуге тырысу, клиентке әңгімені бастамай жатып аяқтайтыныңызды ескерту керек. Мысалы, сіз: «Мен бұл мәселені сізбен талқылағым келеді, бірақ егер сіз айқайлауыңызды тоқтатпасаңыз, әңгімені доғарып, тұтқаны қоюыма тура келеді» деуіңіз керек.
10. Егер клиент сізге қатер төндіріп, ашуын тоқтатпаса, кетіп қалу керек; сіздің ықтимал қауіпті жағдайда қалып қоймауыңыз маңызды. Кетер кезде сенімді күйіңізді жоғалтпаңыз – қызмет алушыға теріс бұрылмауға тырысыңыз. Озбыр немесе қауіпті жағдайда аулақ кету сәтсіздік емес – бұл дұрыс қауіпсіз әрекет.
11. Басшыңызға болған жайт туралы хабарлап, дереу ескертіңіз. Ауыр қақтығыс орын алса, жетекші әлеуметтік жұмысшылармен әңгімелесіп, олармен:
 - қақтығыстың мән-жайын талқылау;
 - әлеуметтік жұмысшылар орын алған оқиға үшін кінәні өз мойындарына алып отырмағанына көз жеткізуі;
 - әлеуметтік жұмысшыларға төнетін қатерді азайту үшін не істеуге болатынын ойласу керек.



Мүмкіндіктері шектеулі жандармен сөйлесу

1. Мүмкіндіктері шектеулі жандарды (МШЖ) кездестіргенде, тіпті қолын әрең қозғалтатын немесе протез қол салынған адам болса да олардың қолын алып амандасу керек.
2. Сондай адамның өзімен сөйлесіңіз, әңгімеге қатысатын қасындағы адамға емес.
3. Әңгімелесуші мүмкіндігі шектеулі адаммен сөйлескенде ол туралы үшінші жақта сөйлеспеңіз, барлық сұрақтар мен ұсыныстарды сол мүмкіндігі шектеулі адамның өзіне қойыңыз.
4. Сіз көмек ұсынған кезде, оны қабыл алғанын күтіңіз, содан кейін көмектесу үшін нақты не істей алатыныңызды сұраңыз.
5. Мүмкіндігі шектеулі балаларды атымен атаңыз.
6. Мүгедек креслосына таянғаныңыз – креслоның иесіне таянып тұрғанмен бірдей. Кресло – оны пайдаланатын адамның жеке өмірінің бір бөлігі.
7. Мүгедек креслосын пайдаланатын адаммен сөйлескенде сіздің көзіңіз бен сөйлесушінің көзі бір деңгейде болатындай етіп орналасу керек.

Көру қабілетінің бұзылуы

8. Көру қабілеті бұзылған адамды кездестіргенде сіз өзіңізді және қасыңызда бірге жүрген басқа адамдарды да таныстыруыңыз керек.
9. Клиенттің көру қабілеті болса, сіз көрінетін жерде отырғаныңызды/тұрғаныңызды тексеріп алыңыз.
10. Жарық жақсы әрі бетіңізге түсіп тұрғанын тексеріп алыңыз. Егер терезеге теріс қарап отырсаңыз, сіздің бетіңіз қараңғыда болып, клиент үшін сіздің айтқаныңызды ерніңіздің жыбырынан оқу қиынға соғады.
11. Жауап беруін КҮТІҢІЗ. Айналаңызда не болып жатқанын көре алмаған кезде сіздің сөйлейтін кезеңіңіз қашан келетінін түсіну қиын ғой.
12. Егер талқылау топта жүріп жатса, әр жолы кімге қарап сөйлеп отырғаныңызды айтуды ұмытпаңыз және сөйлейтін адам өзін таныстыруы керек. Оларға әрдайым кім екеніңізді айтып тұрыңыз, олар сізді даусыңыздан таниды деп ойламаңыз, сондай-ақ сіз тіпті қысқа уақытқа кететін болсаңыз да, оған кетіп бара жатқаныңыз туралы айтуыңыз керек.
13. Сөз басында әрдайым клиенттің атын атаңыз, осы кезде олар сіздің өздеріне қарап сөйлеп тұрғанын білетін болады.
14. Бір нәрсе орын алмас бұрын не болатынын айтыңыз.
15. Адамдар мен заттардың атын атап, түсінікті әрі нақты тілді пайдаланыңыз.
16. Клиентке қажет болса, сезу және есту қабілетін пайдалануға мүмкіндік пен уақыт беріңіз.

Есту қабілетінен айырылу

17. Есту қабілетінен айырылған адам шулы жерде сіздің оған сөйлеп тұрғаныңызды білмеуі мүмкін, сондықтан мүмкіндігінше шулы жерден, адамдардың, машиналардың және т.б., естуі қиын жерлерден сөйлесуге қолайлы тыныш жерді тауып алу маңызды; дауысыңызды басқа шулар естіртпеуі мүмкін. Кілемдер, перделер және жұмсақ жиһаз шуды басуға көмектеседі.
18. Клиентпен тыныш жағдайда жұмыс істеу оңайырақ болатынын есте сақтаңыз.
19. Сөйлеуі қиын адамдармен сөйлескенде оны мұқият тыңдаңыз. Шыдамды болыңыз әрі клиент сөйлемін өзі аяқтағанын күтіңіз. Оның сөзін түзеңіз және оның орнына сөзін сіз аяқтамаңыз. Егер сіз оның не айтқысы келгенін түсінбесеңіз, қайталап сұраңыз.
20. Есту қабілеті бұзылған адамның назарын аударту үшін оған қолмен белгі беріңіз немесе ақырын ғана арқасынан қағыңыз. Оның көзіне тура қараңыз әрі сөзіңізді анық айтыңыз, бірақ есту қабілеті бұзылған адамдардың кейбіреуі ерніңізден оқи алмайтынын естен шығармаңыз. Егер сіз ерніңізден оқи алатын адаммен сөйлесіп отырсаңыз, сіздің отырысыңыз сұхбаттасушыға жақсы көрінуі керек.

21. Олардың ерекше қылықтарын қабылдап үйреніңіз. Мүмкіндігі шектеулі жан-дар қоғам әдеттен тыс деп санайтын әрекеттерді жасауы мүмкін: дыбыстар шығару, көңілдері қалған кезде жерге құлау, қолдарымен шапалақтауы, айналып жүгіру, сөздерді қайталау, үнемі бір ырғақпен жүру және тағы басқалары. Мұндай мінез-құлықтың мақсаты – тыныштану, өз қажеттіліктерін білдіру, сезімдерін білдіру немесе жай ғана көңіл көтеру. Өзгеше болу жақсы ғой, ешкімге зиян келтірмейтін мінез-құлық туралы алаңдаудың қажеті жоқ.



Баламен сөйлесу

Неден бастау керек?!

«Ахуалды жандыру және еркінсіту» үшін бірнеше сыпайылық сұрақтардан бастаңыз. Мысалы, бүгін ол күнін немен өткізді? Ол бүгінгі сұхбатқа қатысу үшін алыстан келді ме?

Өзіңізді қалай таныстыру керек?

Өзіңізді таныстырыңыз: Есіміңіз кім? Сіз кімсіз? Мамандығыңыз кім? Сіз әңгімеге неге қатысып отырсыз? – балаға бұрын айтылған нәрсені айтпаңыз. Әңгімелесетін бөлмеге тағы бір адам кірсе, балаға бұл адамның кім және неге болуы немесе қатысуы керек себебін түсіндіріңіз.

Қауіпсіз ортаны жасаңыз:

- Балаға әңгімені жазып алатыныңызды айтып, бұл не үшін керек екенін түсіндіріңіз.
- Оған қоса, бала қалаған уақытында әңгімені кез келген жерден тоқтата алатынын айтыңыз.
- Сақ болыңыз, бала абдырап қалмас үшін әңгіменің қарқынын сақтаңыз.
- Мамандардың шешімдерін сақтаңыз. Егер олар қандай да бір сұрақты орыnsыз / қолайсыз немесе балаға үзіліс керек деп шешсе, олардың кеңестеріне мойынсұныңыз.
- Сөздеріңізді асықпай анық жеткізіңіз және қажет болса кідіріс жасап тұрыңыз.
- Баланың сөзін бөлмеуге және ол айтқысы келмейтін немесе айта алмайтын кезде ештеңені «жіберіп» алмаңыз. Сөйлеу барысындағы дер кезінде жасалған кідірістер және әңгімелесушінің сөзін бөлмеу – балаға әңгімені есіне түсіруіне және оны тәптіштеп жеткізуіне көмектесетін ең жақсы тәсіл.
- Балаға егер ол жауапты білмесе немесе есінде болмаса, ештеңе етпейтінін айтыңыз, ол: «Білмеймін» немесе «Есімде жоқ» деп жауап бере алады.
- Егер бала сұрақты түсінбейтінін немесе сұрақтың оған қиын екенін байқасаңыз, оны да айтуын өтініңіз, осылайша сіз баланы ыңғайсыз жағдайға қалдырмай, сұрақты бейімдеп немесе басқаша жеткізе аласыз.

Қарапайым сұрақтардан бастаңыз:

- «Жасың нешеде?» «Мектепке барасың ба?»
- Әңгімені жеңіл бастау үшін ашық сұрақтар қойыңыз: «Маған мектебің, жақсы көретін пәнің, өз отбасың туралы айтып берші»

Жүйелі әрі мазмұнды сұрақтарды қоя бастаңыз:

Байланысты орнатып алған соң сізді қызықтыратын тақырыпқа қатысты сұрақтарды мақсатты түрде қоя бастаңыз. Мысалы, «Сен мұғалімге өзіңді соққыға жыққан жайт туралы айтқанда ол не деді?» «Осыған дейін сен далада өмір сүргенді ұнатпайтының туралы айттың. Неге екенін маған айтқың келе ме? Сен ол жерде өзіңді қалай сезінесің?»

Қорытынды

- Балаға айтып берген әңгімесі үшін емес, бар күшін салғаны үшін алғыс айтыңыз. Баладан қандай да бір сұрақтары бар-жоғын немесе Сіз туралы көбірек мәлімет алғысы келетіні жөнінде сұраңыз.

Мұңайып отырған немесе жылап отырған балаға қалай жауап қайтару керек:

- Егер әңгімелесу барысында баланың көңілі түсіп кетсе, одан «үзіліс жасағың келе ме?» деп сұраңыз.
- Егер бала жалғастырғысы келсе, былай айтуыңызға болады: «Көңілің түсіп отырғанын байқап тұрмын. Неге мұңайып отырғаныңды маған айтып берші?»
- Егер бала қайғырып отырса немесе талқылап отырған тақырыптың салдарынан қатты ашуланып отырса, мынаны айтыңыз: «Барлығы дұрыс, біртіндеп, жаймен әңгімелесейік, мен сенің қасыңдамын, және мен сені мұқият тыңдап отырмын» немесе «біздің әңгімемізді жеңілдететін бір нәрсе бар ма (керек пе)?» Сұхбат алушының аяушылық білдіруіне болады, бірақ ол жеке басына тым жақын болмауы тиіс. Сондықтан еркелететін, мысалы, «қымбаттым», «сүйіктім» деген сияқты жылы сөзді қолданбаңыз әрі өзіңізді тек қол алысып амандасқаннан басқа, кез келген физикалық байланыс орнатудан аулақ болыңыз



Қарт адамдармен сөйлесу ерекшеліктері

Зерттеушілер адам егде жасқа жеткенде оның танымдық даму деңгейінің белгілі бір төмендеуі орын алатынын айтады. Мысалы, таным процесінде ақпаратты өңдеу жылдамдығының, сондай-ақ механикалық есте сақтау жылдамдығының азаюы байқалады. Әртүрлі органдар жұмысының нашарлауына байланысты физиологиялық өзгерістер де орын алады. Қартаю кезеңі үшін қызмет саласының тарылуы және оған байланысты қартаюды жылдамдататын теріс эмоцияларды жеңу тән: пессимизм, қайғы, пассивті өмір жағдайы. Қарт адамдардың өздерінің айтуынша, олардың әлеуметтік жұмыспен шұғылданатын мамандарға қоятын талаптары: ең алдымен, мейірімділік пен адалдық, риясыздық және жанашырлық танытуы.

Қарт адамдармен жұмыс істегенде есте сақтаңыз:

- қарт адамдар баяу айтылған сөзді жақсы қабылдайды, оларға қияңқылық (ырыққа көнбеушілік) тән,
- оларды иландыру қиын,
- жеке эмоционалдық байланысты қажет етеді,
- мәні бойынша толық жауап беруді күтеді,
- қарт адаммен сөйлесу барысында маман оның сұрауларынан үзілді-кесілді бас тартпауы немесе барлық сұраулары орындалады деп нандырмауы керек.



Дұрыс шешім қабылда

Жағдайда көрсетілген барлық рөлдерді бөліңіз және жағдаятты ойнап орындаңыз: әлеуметтік көмекші әрбір жағдай аясында жасауы тиіс ахуал мен әрекеттер сияқты сәттерді ескеріңіз. Әр жағдаят жалпы топта таныстырылады.



Жұмыс уақыты

Жағдаяттар

1. Әлеуметтік көмекшінің қабылдауына 2 баласын (4 және 8 жас) және күйеуін ертіп 45 жас шамасындағы әйел келді. Отбасының киген киімі салақ, олардан киімдері кір екенін білдіретін жағымсыз иіс шығып тұр. Ересектерінен алкогольдің иісі мұңкіп тұр. Анасы ренжулі, айқайлап, құжаттарды бұлғаңдатып, былай дейді: «Сіз маған жәрдемақы беруіңіз керек болған, менің ақша ала алатынымды маған ешкім айтқан жоқ, сіз әдейі менен жасырып қалғансыз... Менің ақшамды дәл қазір беріңіз. Балаларға беретін тамақ жоқ, оларды өздеріңе алыңдар (балаларды итереді)...». Әлеуметтік көмекші айтуға тырысса да, оны естімейді. Орындыққа жайғасудан бас тартады. Күйеуі болып жатқан жағдайға немқұрайлы қарап тұр. Бұл жағдай 10 минут бойы жалғасып келеді. Кішкентай бала жылап тұр, анасы баласының жылағанына көңіл аудармайды.

2. Сіздің кабинетіңіздің қасында арбада отырған мүгедек қабылдауыңызды күтіп отыр, оның қимыл-тірек жүйесінің проблемасы бар. Ол 69 жаста, оны ересек қызы сүйемелдеп жүр. Ол АӘК туралы ақпарат алуға келген.
3. Сіздің қабылдауыңызға 35 жастағы әйел келді, оның құлағының мүкістігі бар, алайда оның есту аппараты жоқ. Ол АӘК алуға өтініш жазуға келген. Сіз ықтимал өтініш беруші туралы бастапқы ақпарат алу жинау үшін онымен сұхбат жүргізіп, АӘК алу процесін түсіндіруіңіз және үйге барып тексеру туралы келісуіңіз керек.
4. Сіз мектеп-интернаттың көзі нашар көретін 22 жастағы түлегінің отбасы үйіне келдіңіз. Сіздің міндетіңіз – отбасының АӘК алу жағдайын бағалау.
5. Әкімдікке әлеуметтік көмекшінің қабылдауына егде жастағы, тиісінше 77 және 79 жастағы ерлі-зайыптылар АӘК-тің ықтимал алушысы ретінде келді. Олардың жүріп-тұруы қиын, өте көп сөйлейді, көп көңіл бөлуді қажет етеді әрі бір нәрсені бірнеше рет, бірінің сөзін екіншісі бөліп қайталап айта береді. Олардың өздері білетін ақпараты бар және әлеуметтік көмекшінің айтқанын естіп те тұрған жоқ. Қарт ер адам «түкірігін шашып» сөйлейді.



3-ТАҚЫРЫП.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС ҚАҒИДАЛАРЫ МЕН ЖАҒДАЙДЫ БАСҚАРУ НЕГІЗДЕРІ



Сабақтың мақсаты: отбасымен әлеуметтік жұмыс жүргізудің негізгі қағидалары мен технологиялары түсінігін қалыптастыру, сондай-ақ оларды өз жұмысында қолдануды үйрену.

Тапсырмалар:

1. Отбасымен әлеуметтік жұмыс жүргізудің негізгі қағидалары туралы ұғымды қалыптастыру және іс жүзінде оларды іске асыру қиындықтарын көруді және еңсеруді үйрену.
2. Адам мен отбасының қажеттілік жүйесін ұйымдастыру түсінігін қалыптастыру.
3. Жағдайды басқару технологиясымен таныстыру, сондай-ақ жағдайды басқару сатысының әрқайсысында өз рөлін көруді үйрену.

Мазмұны:

- Кәсіби әдеп ұғымы.
- Әлеуметтік жұмыс қағидалары.
- Адам қажеттіліктерінің иерархиясы.
- Жағдайды басқару технологиясы: анықтау, сатылар, ҚӨЖ-дағы отбасыларды айқындау.



Әлеуметтік жұмыс әдебі


Кәсіби әдеп – бұл кәсіп мәнін көрсететін және қарым-қатынас жасау кезінде адамдар арасындағы қарым-қатынасты қамтамасыз ететін идеалдар мен құндылықтар, тиісті әрекеттер туралы идеялар, әдеп қағидалары мен мінез-құлық нормаларының жиынтығы.

Кәсіби әдеп ережелерін қамтитын негізгі құжаттардың бірі – **әдеп кодексі**. Ол әлеуметтік сала мамандарының өз кәсіптік міндеттерін орындауына байланысты әлеуметтік жұмыстың негізгі, базалық қағидалары мен құндылықтары, сондай-ақ мамандардың жеке басы мен мінез-құлқына қойылатын талаптар баяндалған құжат.

Отбасымен жұмыс істейтін маманның клиенттерге, өз әріптестеріне, өз кәсібіне және қоғамға қатысты әдептілік міндеттемелері:

1. Өз мінез-құлқының жоғары адамгершілік стандарттарын сақтай отырып, қандай да бір айла тәсілдерді қолдануға, әлдекімді жаңылдыруға, әділетсіз әрекеттер жасауға болмайды.
2. Жеке тұлға ретінде және кәсіп өкілі ретінде өзі жасаған мәлімдемелер мен іс-әрекеттерді нақты ажырату керек.
3. Жеке адамға немесе бір топ адамға қатысты ізгі емес немесе кемсітушілік әрекеттің алдын алатындай әрекет жасау керек.
4. Оның кәсіптік қызметінің жолында кездесетін ықпалдарға және қысымдарға берілмей, өзінің кәсіби міндеттерін адал орындау керек.
5. Өз кәсіптік қарым-қатынастарын жеке мақсатта пайдаланбау керек.
6. Өзінің клиенттеріне зиян келтіретін байланыстар мен қатынастардан аулақ болу керек. Ешбір жағдайда клиенттермен сексуалдық қатынастарға түсуге болмайды.


7. Клиентпен жұмыс және қарым-қатынастар қажет емес және одан әрі осы адамның немесе отбасының мұқтаждары мен мүдделеріне қызмет етпейтін кезде онымен жасасатын жұмысты және кәсіби қарым-қатынасты аяқтау керек.
8. Клиенттерді әлеуметтік қызметпен байланысты тәуекел, құқықтар, мүмкіндіктер, міндеттер туралы хабардар ету керек.
9. Егер оның өзінің пікірі бойынша әріптестердің және тәлімгерлердің ұсыныстары мен кеңестері істің мүдделеріне қатысты болса, оларды ұстануға тиіс.
10. Қандай да бір басқа тұлға ресми түрде клиентті қорғау үшін тағайындалған жағдайда, сол тұлғамен тек клиенттің мүддесі шегінде ғана жұмыс жүргізуі тиіс.
11. Кәсіби ахуал бойынша қажетті жағдайларда ғана клиенттерден алынған құпия ақпаратпен олардың келісімінсіз бөлісуі керек.
12. Нақты жағдайда құпиялылық шектері туралы, сондай-ақ осы ақпараттың пайдаланылу мақсаттары туралы клиенттерге толық ақпарат беру.
13. Өзара әрекеттің барлық қатысушылары еріктілік пен хабардарлық негізінде өздерінің жеке бостандығы мен абыройын толық сақтай отырып жұмылдырылғанына көз жеткізу керек.
14. Клиенттің азаматтық немесе заңды құқықтарын бұзатын немесе кемсітетін кез келген іс-қимылдарға, тіпті ол клиенттің өтініші бойынша жасалса да, бармау керек.



Әлеуметтік жұмыстың қиындықтары

Төменде берілген әлеуметтік жұмыс қағидаларының сипаттамаларын мұқият оқып шығыңыз. Жұптаса отырып, нақты қағиданы сақтау үшін іс жүзінде қандай кедергілер бар екенін, қандай жағдайларда осы қағиданы бұзу тәуекелі бар, осы қағиданы сақтауда не қиындық тудыратынын талқылаңыз.

Жұппен жұмыс істеген соң талқылау қорытындысын басқа қатысушыларға ұсынуыңыз керек.



Әлеуметтік жұмыс қағидалары

1. **Қызметтің қолжетімділігі.** Әлеуметтік және экономикалық жағдайына, этникалық тегіне, дініне, жынысына және т.б. қарамастан, қажет болған жағдайда әлеуметтік қызмет пен көмекті пайдалану мүмкіндігін қарастырады. Отбасылар көмек сұрап келген кезде мамандармен және түрлі құрылымдардың өкілдерімен қарым-қатынаста кедергілерге (түсіну және қолжетімділік тұрғысынан) ұшырамауы тиіс.
2. **Тең мүмкіндіктер.** Қиын өмір жағдайындағы барлық адамдардың тең қарау және жынысы, жасы, діні, мәдениеті, тілдік белгілері бойынша кемсітушіліктің болмауы жағдайында әлеуметтік қызмет пен көмек алу құқығын қамтамасыз етуді көздейді.
3. **Баланың ең жоғарғы мүддесі.** Балалары бар отбасыларға қызмет көрсету кезінде ата-ананың, мамандардың немесе мекемелердің емес, баланың мұқтаждығы бірінші деңгейге қойылатынын білдіреді.
4. **Ақпараттылық және хабардарлық.** Қауымдастықтың барлық отбасылары бар әлеуметтік қызметтер туралы білуі керектігін, олар проблемаларды еңсеру үшін, өз балаларына қажетті қамқорлықты қамтамасыз ету үшін көмек ала алуын көздейді.
5. **Жеке ықпал.** Әлеуметтік қызметтер мен көмек көрсету кезінде балалар мен олардың ата-аналарының жеке қажеттіліктерін, сондай-ақ олардың мәдени, этникалық, діни, жас ерекшеліктерін ескеру қажеттігін көздейді. Қызмет ая-

сында жасалатын әрбір іс-әрекет қызмет алушының қажеттіліктеріне сәйкес қолдау көрсету мен іс-шараларды орындаудың икемді тәсілі мен мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

6. **Көп салалы ықпал.** Қызмет алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін әртүрлі ведомстволардың мамандарымен ынтымақтасуды көздейді.
7. **Қызмет алушының қатысуы.** Отбасымен және баламен алғашқы байланыс орнатылғаннан бастап, олардың көмекті жоспарлауға қатысуы, көрсетілетін қызмет пен көмек шеңберіндегі іс-шаралар мен іс-әрекеттердің, олар мамандардың қолдауы арқылы өтетін кезеңдердің мәнін түсіну үшін қамтамасыз етілуі тиіс екенін білдіреді.
8. **Ақпараттың құпиялығы.** Баланың және оның отбасының жағдайын бағалау процесінде жиналған жеке деректердің құпиялығын сақтауды, сондай-ақ әлеуметтік қызмет шеңберінде рәсімделген құжаттарды қауіпсіздік жағдайында қолданыстағы заңнамаға сәйкес сақтауды көздейді.
9. **Кемсітпеушілік.** Қызмет алушыларды мамандар тарапынан қате түсінуі, стигматизациясы және кемсітушілігі жоқ жылы шырайлы қарым-қатынасты қамтамасыз етеді. Әлеуметтік қызметтер мен көмек көрсету пайдаланушының тілдік, діни аспектілеріне, саяси көзқарастарына, ұлттық, гендерлік белгілеріне, тектілігіне, әлеуметтік жағдайына, шектеулі мүмкіндіктерінің дәрежесі мен типіне байланысты болмауы керектігін көздейді.
10. **Бейімділік.** Қызмет алушының үнемі өзгеріп тұратын қажеттіліктеріне әлеуметтік қызметтердің оның жағдайына ықпал етуін жүйелі түрде бағалау негізінде бейімделуін көздейді. Бұл көрсетілетін көмектің тиімділігінің жоғарылауына алып келеді, сондай-ақ қызмет алушының өз проблемаларын шешу ісіне белсене қатысуын ынталандырады.
11. **Қызметтерді алушыға дәл қасында және қоғамдастық ішінде көрсету.** Отбасында және қоғамдастықта көрсетілетін қолдау мен көмектің қызмет басымыдығын анықтайды.
12. **Шапшаңдылық.** Әлеуметтік қызмет көрсету мен көмек беруге қатысты шешімдерді тез қабылдауды белгілейді. Отбасылар мен балалар керек кезде қажетті көмекті алуы тиіс.



Қажеттіліктердің иерархиялық жүйесі

Қажеттіліктердің иерархиялық жүйесі – бұл адамның қажеттіліктерін ұйымдастыру жүйесі, оның негізінде басты қажеттіліктер, ал шыңында әлеуметтік қажеттіліктер жатыр. Әрбір нақты бір уақытта адам өзі үшін аса маңызды немесе күшті болып табылатын қажеттілігін қанағаттандыруға тырысатын болады. Келесі деңгейдің қажеттілігі адам мінез-құлқындағы ең қуатты анықтаушы фактор болмай тұрып төмен деңгейлі қажеттілігі қанағаттандырылуы тиіс.

Физиологиялық қажеттіліктер – бұл тағамға, суға, ауаға, панаға деген қажеттілік, яғни адам аман қалу үшін, ағзаның тіршілік ахуалын қамтамасыз ету үшін қанағаттандыратын қажеттілік.

Қауіпсіздік қажеттілігі адамдардың жақсы баспаналы болуға, ауырудан, аурулар мен басқа да азап шегуден қорғаулы болуына ұмтылысымен байланысты.

Әлеуметтік топқа деген қажеттілік, яғни адам бірлескен әрекеттерге қатысуға ұмтылады, ол достық, махаббат, адамдардың белгілі бір тобына мүше болуды іздейді, қоғамдық іс-шараларға қатысуға тырысады.

Мойындау және құрметке ие болу қажеттілігі адамдардың өздерін білікті, өзіне сенімді, күшті сезінуге деген ниетін көрсетеді.

Өзін-өзі көрсету қажеттілігі адамның өз білімін, қабілетін және ептілігін жұмыста, күнделікті өмірде, әртүрлі салауатты өмір түрлерінде өзі орнын табу үшін пайдалануға ұмтылуынан көрінетін қажеттіліктерді біріктіреді.



Жағдайды басқару негіздері

Жағдайды басқару – бұл ерекше әлеуметтік қажеттіліктері бар отбасын сәйкестендіру процесіне, ең аз шығынмен оңтайлы нәтижеге қол жеткізу мақсатында ресурстар неғұрлым тиімді пайдаланылатын жоспарды әзірлеу мен іске асыруға негізделген қазіргі заманғы әлеуметтік жұмыс технологиясы.


Бұл технологияның негізгі идеясы – отбасына көмек пен қызметтерге қол жеткізуге көмек көрсету, сондай-ақ осы көмек пен қызметтерді үйлестіру.

Жағдайды басқару сатылары



Жағдайды басқару сатылары

1. **Анықтау және бағалау.** Әлеуметтік қорғау ұйымына сигнал әртүрлі дерек-көздерден түседі. Одан кейін алдымен отбасы мен баланың ахуалы мен қажеттіліктеріне алғашқы бағалау жүргізіледі, содан кейін терең бағалау жүргізіледі.
2. **Жоспарлау.** Жасалған бағалау негізінде отбасымен жұмыс жоспары жасалады, онда өмірлік қиын жағдайдан шығу үшін қажетті қызметтер мен іс-әрекеттердің тізбесі қамтылады.
3. **Ендіру.** Жоспар жасау отбасының өмір ахуалын жақсартуға бағытталған көмек пен қызметті ұйымдастыруды және көрсетуді көздейді.
4. **Мониторинг.** Берілетін көмекті қазіргі үйлестіруді, қазіргі ахуалды бағалауды, араласу тиімділігін тұрақты аралық бағалауды көздейді. Мониторинг нәтижесі негізінде отбасымен жұмыс істеу жоспары қайта қаралуы мүмкін.
5. **Жағдайды бақылау және жабу.** Жағдайды жабу әртүрлі себептер бойынша орындалуы мүмкін. Кейбір жағдайларда маман оқиға жабылғаннан кейін жағдайға мониторинг жүргізу мақсатында және қол жеткізілген нәтижелерді сақтауға бағытталған әрекеттерді жасау үшін отбасымен байланыста болады.



Сигнал қайдан түсуі мүмкін

Кішігірім топта нақты бір жүйеде проблемасы бар отбасы туралы сигнал қайдан (кімнен, қай мекемеден) түсетінін талқылаңыз да жазыңыз.

Кішігірім топта жұмыс істеген соң талқылау қорытындысын басқа қатысушыларға ұсынуыңыз керек.

Сигнал беруі мүмкін жүйелер:

1. Денсаулық сақтау жүйесі.
2. Білім беру жүйесі.
3. ІІМ жүйесі.
4. ЖӨӨБ жүйесі
5. Әлеуметтік қорғау жүйесі.



Жұмыс уақыты



Таныстыру уақыты



4-ТАҚЫРЫП.

ОТБАСЫ МЕН БАЛАНЫҢ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІН БАҒАЛАУ НЕГІЗДЕРІ



Сабақтың мақсаты: отбасы мен баланың қажеттіліктерін бағалау негіздерімен танысып, бағалау дағдыларын қалыптастыру.

Тапсырмалар:

1. Бағалау негізінде жатқан қағидалармен және теориялармен танысу.
2. Отбасын бағалау үшін осы қағидалар мен теорияларды қолдануды үйрену.
3. Бағалау жүргізетін кейбір құралдарды игеру.

Мазмұны:

- Бағалау ұғымы, мақсаттары, сатылары және қағидалары.
- Отбасын бағалау параметрлері («қажеттіліктер үшбұрышы» және әлеуметтік карта).
- Бауыр басу теориясы негізіндегі бала мен ата-ана қатынастарын бағалау.
- Депривация теориясы негізінде отбасылардың қажеттіліктерін және қазадан кейін қайғыру кезеңін бағалау.
- Отбасын бағалау құралы ретіндегі генограмма.



Бағалау мазмұны мен қағидалары

Бағалау – бұл отбасының қажеттіліктерін анықтау және отбасымен жұмыс жоспарын әзірлеу (түзету) үшін отбасындағы жағдай туралы ақпарат жинау процесі. Бұл қызмет көрсетуді жоспарлау үшін қажеттіліктің сипаты мен деңгейін өлшеу тәсілі және отбасыға қажетті қызметтер тізімі мен көлеміне қол жеткізуді қамтамасыз ету тәсілі.

Бағалау мақсаттары:


1. Отбасы мен баланың кейінгі өмірі үшін маңызды негізделген және объективті шешімдер қабылдау.
2. Отбасы мен баланың қажеттіліктеріне барынша жауап беретін жұмыс жоспарын құру.

Бағалау сатылары:

- I. Жан-жақты ақпаратты жинау және жүйелеу.
- II. Жұмысқа тартылған мамандар арасында ақпарат алмасу.
- III. Баланың және отбасының нақты жағдайдағы қажеттілігі спектрін анықтау мақсатында ақпаратты талдау.
- IV. Әлеуметтік қызметтер жұмыс істейтін проблемаларды, сондай-ақ тартылған қызметтерге арналған ұсыныстарды анықтайтын қорытындылар.

Отбасы мен баланың қажеттіліктерін бағалау қағидалары:

1. Бағалау – үздіксіз процесс.
2. Бағалау әрдайым тек нақты мәліметтерге негізделеді.
3. Бағалау басқа іс-шаралармен бірге жасалады.
4. Бағалау әртүрлі ұйымдардың пәнаралық тәсілі мен бірлескен қызметін көздейді.
5. Бағалау отбасының күшті жақтарын да, бар қиындықтарын да анықтауға негізделеді.
6. Бағалау отбасымен және балалармен жұмыс жүргізу дегенді білдіреді.
7. Бағалау мүмкіндіктер теңдігін қамтамасыз етуі тиіс.
8. Бағалау отбасы мен баланың қалыпты дамуы туралы білімдерге негізделуі керек.



Бағалау қағидалары

Кішігірім топта белгілі бір қағиданың іс жүзінде нені білдіретінін талқылаңыз.

Кішігірім топта жұмыс істеген соң талқылау қорытындысын басқа қатысушыларға ұсынуыңыз керек.



Жұмыс уақыты



Жауап беру уақыты



Отбасын бағалаудың негізгі аспектілері

Отбасымен әлеуметтік жұмыста бағалау шеңбері ретінде «қажеттілік үшбұрышы» қолданылады. Ол негізгі үш өлшемді (баланың даму қажеттілігі, ата-аналардың мүмкіндіктері, отбасылық факторлар мен қоршаған ортаны) және осы өлшемдерге енгізілген негізгі параметрлерді бейнелейді, оларды бала мен отбасы туралы ақпарат жинау кезінде ескеру қажет.



БАЛА ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІН БАҒАЛАУ ПАРАМЕТРЛЕРІ

Денсаулық. Өсу және даму, дене және ақыл-ес күйін, тиісті медициналық қызмет алу, дұрыс әрі толыққанды тамақтануды, физикалық жүктемелерді, қажет кезде екпені қамтиды.

Білім беру. Баланың туғанынан басталатын ақыл-есін дамытудың барлық саласын қамтиды. Басқа балалармен ойнау және қарым-қатынас жасау, кітаптарға қол жеткізу, бірқатар дағдылар мен қызығушылықтар игеру мүмкіндіктерінің болуын, табысқа қол жеткізу сезімін сезіну мүмкіндігін білдіреді.

Эмоциялық даму және мінез-құлық дамуы. Ата-анасы, ең жақын ересек адамдары, бейтаныс адамдар қасында болғанда баланың көрсететін реакцияларының дұрыстығын, сенімді бауыр басушылықтың қалыптасуын, күйзеліске жауапты реакциясын және тиісті өзін-өзі бақылау дәрежесін қамтиды.

Сәйкестік. Баланың өзіне және өз қабілетіне деген қарым-қатынасын, өзінің кейпін және өзін-өзі бағалауын, өзіне деген оң көзқарасының болуын қамтиды.

Мұнда нәсілін, дінін, жасын, жынысы мен сексуалдығын, шектеулі мүмкіндіктерін жатқызуға болады. Отбасына қатыстылық, қабылдану сезімі.

Отбасылық және әлеуметтік қатынастар. Ата-аналармен немесе оларды алмастыратын адамдармен тұрақты және эмоционалдық қарым-қатынас, ағайындармен/әпке-қарындастарымен жақсы қарым-қатынас, құрбыларымен және бала өміріндегі маңызды басқа да адамдармен жасына сай келетін достық қарым-қатынас жасаудың маңыздылығы, отбасының осы қарым-қатынастарға көзқарасы кіреді.

Әлеуметтік таныстыру. Киімнің жасына, жынысына, мәдениеті мен дініне, тазалығына және жеке гигиенасына сәйкестігін, ата-аналарынан немесе олардың орнындағы адамдардан кеңес алу мүмкіндігін, әр түрлі жағдайларда таныстыруды қамтиды.

Өз-өзіне қызмет көрсету / өзіне күтім жасау дағдылары. Тамақ ішудің және киінудің ерте бастау дағдыларын, отбасынан бөлек тұру үшін сенімділік пен практикалық дағдыларды сезіну мүмкіндігін, жасы үлкен балалардың өз бетінше өмір сүру дағдыларын қамтиды.

АТА-АНАЛЫҚ ДАҒДЫЛАРДЫ БАҒАЛАУ ПАРАМЕТРЛЕРІ

Негізгі күтім. Тамақ, су, жылу, баспана, таза әрі ыңғайлы киім беру және сауатты жеке гигиенаны сақтау кіреді.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Үлкен зияннан немесе қауіптен, қауіпті ересек адамдармен / басқа балалармен қарым-қатынас жасаудан және өзіне зиян келтіруден қорғау кіреді. Үйде және үйден тыс жерде қауіп-қатер бар екенін мойындау.

Эмоциялық жылу. Бұл бала үшін маңызды ересектер тарапынан жасалатын сенімді, тұрақты және жақсы көру қарым-қатынасына қатысты, баланың қажеттілігіне сәйкес әдеппен және ықыласпен баланың талаптарын орындауды қамтиды. Жүрек жылуын көрсету, көтермелеу және мақтау үшін тиісті физикалық байланыс, жайлылық және жұмсақтық таныту.

Ынталандыру. Баланың ақыл-ой дамуын және оның әлеуетін өзара іс-қимыл, қарым-қатынас жасау, әңгімелесу және баланың сөзі мен оның сұрақтарына жауап беру арқылы баланың ой-өрісін көтермелеу және оның мүмкіндіктерін арттыру, сондай-ақ білім беру мүмкіндіктерін насихаттауды қамтиды.

Ережелер мен шектеулерді белгілеу. Балаға өзінің эмоциялары мен мінез-құлқын реттеу мүмкіндігін беру, атап айтқанда ата-аналардың тиісті мінез-құлықты көрсетуі және үлгілеуі, өз эмоцияларын бақылау, басқа адамдармен өзара әрекет жасау ептілігін қамтиды. Сонымен бірге бала моральдық құндылықтар мен сананың ішкі моделін дамытып, өзі өсіп келе жатқан қоғамға сәйкес келетін әлеуметтік мінез-құлықты қалыптастыра алуы үшін мінез-құлық шекараларын орнатуды қамтиды.

Тұрақтылық. Балаға оңтайлы дамуды қамтамасыз ету үшін негізгі тәрбиешілерге сенімді бауыр басуын дамыту және сақтау мүмкіндігін беру үшін жеткілікті түрде тұрақты отбасы ортасын ұсынуды қамтиды.

ОТБАСЫЛЫҚ ФАКТОРЛАР МЕН ҚОРШАҒАН ОРТА

Отбасының тарихы мен өмірі. Отбасы тарихына генетикалық және психологиялық, әлеуметтік факторлар кіреді. Атап айтқанда: бұл үйде кім тұрады, бұл адамдар баламен қалай байланысты, отбасындағы / үйдегі елеулі өзгерістер, ата-аналардың балалық шағының тарихы, өмірдің маңызды оқиғаларының хронологиясы және олардың отбасы мүшелері үшін маңызы, ата-аналардың күшті жақтары мен олар өткеріп жатқан қиындықтары.

Туыстар. Бұл санатқа жақын-алыс туыстары, сондай-ақ қасында жоқ туыстары кіреді, олардың рөлі, бала мен оның ата-анасы үшін маңызы.

Баспана. Баспананың ішкі және сыртқы белгілері және қоршаған айналасы кіреді. Дәлірек айтқанда: бала тұрып жатқан жерде баланың жасына және дамуына және онымен бірге тұрып жатқан отбасының басқа да мүшелеріне арналған қажетті қолайлы жағдай жасалғандығы.

Жұмыс / Жұмыспен қамтылу. Осы отбасында тұратын адамдардың қайсысы жұмыс істейді, олар қалай жұмыс істейді және олардың жұмысында қандай да бір өзгерістер бар ма, бұл өзгеріс балаға қалай әсер етіп жүр, отбасы мүшелері бұл отбасы мүшелерінің жұмыс істейтінін немесе жұмыс істемейтіндігіне қалай қарайды, бұл олардың баламен қарым-қатынасында қалай білінеді. Бұл баланың жұмыс тәжірибесі мен осы жағдайдың отбасына әсер етуін қамтиды.

Табыс. Ұзақ уақыт бойы кірістің болуын қамтиды. Атап айтқанда: отбасы оған есептелетін барлық жәрдемақыны ала ма, отбасының қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін табыс саны жеткілікті ме, отбасында бар ресурстар қалай пайдаланылады, балаға әсер ететін қандай да бір қаржылық қиындықтар бар ма.

Отбасының әлеуметтік бірігуі. Осы отбасын, көршілерін қоршайтын барлық нәрсе және отбасының тұрғылықты жері бойынша орналасқан барлық қызметтерді, сондай-ақ олардың балаға және оның ата-аналарына көрсететін ықпалын қамтиды. Сонымен бірге отбасының бірігу дәрежесі, немесе оны, құрдастары, достары топтарын, әлеуметтік желіні оқшаулау дәрежесі, сондай-ақ олардың отбасы үшін қаншалықты маңызды рөл атқаратынын қамтиды.

Қоғамдастық ресурстары. Тұрғылықты жері бойынша көрсетілетін барлық қызметтерді, оның ішінде базалық медициналық қызметтер, бөбекжай, балабақшалар мен мектептер, шіркеулер, көлік, дүкендер мен бос уақытты өткізуге арналған орындар сияқты бәріне арналған әмбебап қызметтерді қамтиды. Бұл санатқа ресурстардың болуы, қолжетімділігі және стандарты, сондай-ақ олар, мүмкіндіктері шектеулі отбасы мүшелерін қоса алғанда, отбасына көрсететін ықпалы кіреді.



Отбасының әлеуметтік картасы («Е-халық» АЖ)

Отбасының әлеуметтік картасы – бұл осы отбасыға қатысты әр түрлі көрсеткіштерді талдау нәтижесінде алынған және оның өмірлік ахуалының деңгейін бағалауға, сондай-ақ нақты отбасымен жұмыс істеу үшін қажетті қадамдарды анықтауға мүмкіндік беретін отбасының электрондық түрдегі бейіні.

Параметр	Критері
Экономикалық жағдай	1. Жұмыспен қамтылуы 2. Отбасының жиынтық кірісі ӨСД 50% дейін 3. Жиынтық кіріс ӨСД 70% дейін 4. Жиынтық кіріс ӨСД 100% дейін 5. Кірістердің болуы (еңбекақы, зейнетақы, жәрдемақы)
Денсаулық	6. Бала емханаға тіркелмеген 7. Әлеуметтік-қауіпті аурулардың болуы (АИТВ/ЖИТС және т.б.) 8. Тәуелділіктің болуы 9. Мүгедектің болуы (физикалық/менталдық сипат) 10. Отбасында еңбекке жарамсыз немесе жартылай жарамды адамның болуы 11. Отбасында «Д» тіркеуінде тұрған ересектер немесе балалар бар
Білім беру	12. Бала мектепке дейінгі мекемеге тіркелген 13. Бала мектепке алынған
Тұрғын үй жағдайы	14. Меншік үйінің/мүлік үлесінің болуы 15. Тұратын жерін жиі ауыстырады 16. Тұрғылықты жері бойынша тіркеуінің болуы
Әлеуметтік жағдайлар	17. Жақын туыстарының болуы 18. Сотталған болуы 19. Отбасында тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайларының болуы

Өмір жағдайының деңгейлері:

Шұғыл – отбасы қауіпті жағдайда тұр, отбасының өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп бар, қаржы тапшылығы қатты сезіледі және мемлекеттік органдар дереу араласуы қажет.

Дағдарыс – отбасы өз бетінше шеше алмайтын және мемлекеттік органдардың ұзақ мерзімді кешенді жұмысы талап етілетін елеулі қиындықтар.

Қанағаттанарлықсыз – отбасы 1-2 ведомство маманы араласқанда және сүйемелдеген кезінде мәселелерді өз бетінше шеше алады.

Қанағаттанарлық – адам (отбасы) қажет болған жағдайда мамандардың консультациялық және әдістемелік қолдауымен жағдайды өз бетінше шеше алады.

Берекелі – тексеру жүргізу кезінде ҚӨЖ белгілері жоқ.



Баланың ата-анасына қарым-қатынасын бағалау

Бауыр басу теориясы – бұл ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді тұлға аралық қарым-қатынастардың динамикасын сипаттайтын психологиялық үлгі. Дж. Боулби және М. Эйнсворт ХХ ғасырдың 50-ші жылдарында әзірлеген.

Ерте қарым-қатынасты қалыптастырудың негізі – баланың анасынан алатын қауіпсіздік, жылу және жайлылық сезімі.

Бауыр басу – бұл:

- алғашқы, генетикалық тұрғыдан бекітілген қарым-қатынастар жүйесі, ол бірінші маңызды адам мен нәресте арасында туған бойда қосылады және оның тіршілік етуді қамтамасыз ету қызметі бар;
- ересек адамдар қауіпсіздік пен сүйіспеншілікке деген қажеттіліктерді қанағаттандыратын эмоциялық коммуникация түрі;
- балалардың қалыпты психикалық дамуындағы қажетті кезең;
- екі жақты процесс.

Бауыр басу 4 кезеңде қалыптасады:

1-кезең. Адамдарды көрген кездегі түсініксіз реакция (0-3 ай)

Алғашқы 2-3 айда нәресте барлық адамға бір негізгі тәсілмен қарайды, жауап қайтаруды күткендей ересектерге ұзақ қарайды.

Сигнал ретінде мыналарды пайдаланады:

- әлеуметтік езу және көз байланысы (адам дауысын естігенде, адамның бет-жүзін көргенде);
- дыбыстар (мысалы, адам дауысын естігенде былдырлайды);
- Моро рефлексі (баланы қатты дыбыс қорқытқан кезде, немесе ол кенеттен тіреуден айырылып қалғанда, қолын созады, содан кейін оларды артқа тартып, кеудесін құшақтап алады);
- ұстау рефлексі (баланың ашық алақанына кез келген зат тигенде, оның қолы өздігінен жұмылады);
- іздеу және и ему рефлексі (оның бетіне бір нәрсе тигенде ол автоматты түрде басын сол жаққа қарай бұрып, аузы еметін жерге тигенше сипалап іздей бастайды);
- жылау (жайсыздық сезгенде, ол қарап тұрған адамы алыстап кеткенде).

2-кезең. Назарын таныс адамдарға шоғырландыру (3-6 ай)

Әлеуметтік реакциялары іріктемелі бола бастайды.

Нәрестелер таныс адамдарына ғана күлімсірейді, олар бейтаныс адамды көргенде оған тесіле қарап қалады.

Сәбилердің былдырлауы анық бола бастайды (4-5 айлығына қарай олар таныс адамдары қасында болғанда шүйіркелеседі, уілдейді және былдырлайды).

Осылайша, 5 айлығына қарай сәбилер адамы таныс болса, оларға қарай созылып, денеден, шаштан және әшекей бұйымнан ұстай бастайды.

Лезделік рефлексстер (Моро, ұстау, іздеу және ему) жоғалып кетеді.

3-кезең. Қарқынды түрде бауыр басу және жақындасуды белсенді түрде іздеу (6 ай-3 жас)

Айырылу реакциясы пайда болады. Яғни анасы бөлмеден шығып кеткенде бала жылап, айырылысу дабылын білдіреді. Анасы қайта оралғанда сәби оған қарай тартылады, ал анасы да оған қарай созылғанда ол оны құшақтап, қуаныш дыбыстарын шығарады.

Бала еңбектей бастағанда, одан кейін жүре бастағанда ол үнемі алыстап бара жатқан ата-анасының артынан ере бастайды. Және, керісінше, оны сенімді жөнелу нүктесі ретінде пайдаланады (алдымен оның қасында болады, одан кейін зерттей бастайды, арасында артына бұрылып, анасына оралып қояды).


Бейтаныс адамдардан қорқуы пайда болады, ол жатырқау немесе жылау түрінде білінеді.

Бір жастың соңына қарай балада бауыр басудың жалпы тұрақты үлгісі, яғни қамқоршысымен орнатқан бұрынғы байланысы негізінде оның қолжетімділігі мен бауырмалдығы туралы түсінік пайда болады.

4-кезең. Серіктестік мінез-құлық (3 жас – балалық шақтың соңы)

Бала «бірер минутқа кетіп қалу ...» дегеннің не екенін түсіне бастайды. Ата-анасы қасында болмаған кезде, оның әрекетін ойша елестетуі мүмкін. Сәйкесінше, бала ата-анасының кетуіне ынталана келіседі. Бала көбіне қарым-қатынастағы серіктес ретінде әрекет ете бастайды.

Сенімді бауыр басуды қалыптастыру қиындығына алып келетін факторлар:



ДЕПРИВАЦИЯ ЖӘНЕ ОНЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫ БҰЗЫЛУЛАР

Депривация – қажеттіні кем алу тәжірибесі. Балалардың депривациялық симптоматикасына іс жүзінде барлық психикалық ауытқулар – психикалық жауап қайырудың жеңіл ерекшеліктерінен ақыл-ой мен мінез-құлық дамуының өрескел бұзылуларына дейін кіруі мүмкін.

Бұзылу тереңдігі мен ауырлығы мынаған байланысты ерекшеленеді:

- депривация әрекетінің мерзіміне;
- оның созылуы мен қарқындылығына;
- депривациялық әсердің қасиетіне.

Депривацияға байланысты ауытқулар:

1. **Бауыр басудың реакциялық бұзылуы.** Бұл баланың ата-анасына немесе олардың орнындағы адамдарға эмоционалдық бауыр басуы қалыптаспайтын жағдай. Бұзылудың белгілері 5 жасқа дейінгі жаста, көбінесе нәресте кезінде байқалады. Оларға мыналар жатады:
 - солбырлық;
 - сөйлеспеу (соның ішінде бала қолға алуға сұранбайды, денесі ауырғанда жұбаныш іздемейді);
 - өзін оқшаулау;
 - ойыншықтар мен ойындарға бейжай қарау;
 - көзге қараудан қашады;
 - апатия (бала сирек күледі).

2. **Бауыр басудың тежелген бұзылысы.** Бұл ата-анамен тығыз эмоционалдық байланыс болмағандықтан пайда болатын психикалық бұзылулар.
Белгілері:
 - 2 жасында жалпы жабысқақтық;
 - 4 жасына қарай аса танымайтын адамдарға назар аудартуға бағытталған түсініксіз достық әрекет жасауы.
3. Жетімдік синдромы. Бұл құбылыс баланы ата-анасынан психологиялық шеттетілуінен, олармен өзара байланыста болмауынан туындайды және осындай шеттетілудің психопатологиялық салдарын қамтиды, атап айтқанда:
 - ақыл-есі дамуының кешігуі;
 - депрессия күйі, қатты абыржу, қорқыныштар;
 - енжарлық, жігерсіздік;
 - өзіне сенімділіктің жоқтығы, олқылық жасқаншақтығы;
 - қимыл-қозғалыс стереотипі және сергектік күйіндегі әдеттегі әрекеттер (шайқалу, саусақты ему, тілді ему, мастурбация және т. б.);
 - ұйқының, тәбеттің бұзылуы, жеке аурулары.
4. Анаклиттік торығу. Бұл баланың өмірінің алғашқы алты айында бала мен ананың жақсы байланысы болған жағдайда, кем дегенде үш ай ішінде анасының болмауы салдарынан 6-12 ай шамасында балаларда пайда болатын патологиялық жағдай. Белгілері:
 - үрейлі қорқыныш;
 - жабырқау және уайымдау;
 - жылауықтық;
 - айналасын ұмыту;
 - тамақтан бас тарту.

Егер осы кезеңде анасы қайтып келсе, барлық белгілері азаяды, егер қайтып келмесе – белгілері бұрынғысынан да айқын бола түседі және ұйқысыздыққа, салмақтың төмендеуіне, дамудың кешігуіне, апатияға, мелшиіп қалуға және тіпті өлімге әкеп соғуы мүмкін.



Қазадан кейінгі өмір

1-тапсырма. 4 сүйікті затыңызды, 4 сүйікті пәніңізді 4 қымбат/жақын адамыңыздың атын жазыңыз. Барлығы сізде 12 парақша шығуы керек – әрқайсында 1 тармақтан.

2-тапсырма. Жаңа таза парақшаға өміріңіздің жаңа кезеңінде ненің болғанын қалайтыныңызды жазыңыз.



Қаза үшін қайғыру кезеңі

1. **Есеңгіреу/мойындамау.** Есеңгіреген немесе мойындамаған адамдар, жағдайдан шеттетілген сияқты күйде болады, тіпті олар үшін қаза аса маңызды емес сияқты. Олар көбінесе жағдайдың өзін мойындамайды («Өтірік. Сенбеймін. Бұлай болуы мүмкін емес») немесе жағдайдың өзін мойындағанымен, өз сезімдерін терістейді. Эмоциялар тұншықтырылған немесе мүлдем жоқ. Осындай күйде жүрген адамдарды көбінесе «абдыраған», «аңырап қалған» деген сөздермен сипаттайды, олар «роботтар сияқты» жүреді деп айтады. Бұл бірнеше сағаттан бірнеше күнге дейін созылады.
2. **Ашу/қарсылық.** Қазаны жоққа шығаруға болмайтын кезде адамның алғашқы эмоциялық реакциялары пайда болады, олар әдетте ыза түрінде байқалады. Ыза шашыраңқы, мақсатсыз немесе қаза субъектісіне, өзіне, Құдайға, тағдырға, қазаның орын алуына жауапты деп санаған кез келген басқа адамға бағытталған болуы мүмкін. Ыза көбінесе кінә тағумен, өзін кінәлаумен, жазғырумен, қарсылық білдірумен бірге жүреді.

3. **Жанға бататын қайғы.** Бұл өте қатты құсалық болу, жанға қатты бату кезеңі. Көптеген ауыр, кейде оғаш және қорқынышты ойлар мен сезімдер. Негізгі көріністер: ұйқының қатты өзгеруі, үрейлі қорқыныш ұстамалары, тәбет өзгеріп, салдарынан салмақ жоғалту немесе жинап алу, жылау ұстамалары. Қаза болған адам туралы айтуды қатты қалауы. Айналасындағылардан бөлек қалғысы келеді.
4. **Сауда.** Адам жағдайды бақылауға алып, жоғалғанын мүмкіндігінше қайтаруға әрекет жасайды. Егер адам өзін белгілі бір мөлшерде қазаға жауапты деп санаса, ол өзінің мінез-құлқын өзгертіп, бұрынғы болған кейпінен «қазіргі сәттен бастап әлдеқайда жақсы болуды» көздейтін болады. Ол өз ойы бойынша жағдайды өзгертуге қабілетті адамдармен саудаласуы мүмкін. Сонымен бірге ондай адам өзін белгілі бір деңгейде ұстайтын немесе ойланатын болса, бұл әрекеті барлығын өз қалпына қайтаруға көмектеседі деп өзін сендіруі мүмкін.
5. **Күйзеліс.** Бұл кезең торығудың және бос әурешіліктің әртүрлі көріністерімен сипатталады, олар кейде қорқыныш сезімімен, үреймен, солғындықпен, басқаны ұмытумен, адамдарға, айналасында болып жатқанын және қасында тұрған нәрселерге, жалпы өмірге деген қызығушылықты жоғалтумен қатар жүреді. Осы кезеңдегі адамдардың қатты ашынуы соншалықты, тіпті оларды жұбату да мүмкін болмайды. Соңында олар шынайы өмірді және қазаны қайтарып алу мүмкін болмайтынын және бұл өздері үшін нені білдіретінін түсінеді.
6. **Шешілу.** Адам жаңа қарым-қатынастарды реттеп, нығайтуға әрекет жасай бастайды. Өмір өз арнасына түсіп, ұйқысы, тәбеті, күнделікті өмір салты қалпына келеді. Адам өзінің болашағын жоспарлай бастайды, өткен шағы туралы аз ойлайтын болады. Бұл кезең шынайы өмір мен жаңа қатынастар алғашқы орынға шыққанда аяқталады.



Қаза үшін қайғыру кезеңін анықтау

Жағдаяттың сипатын оқып, жоғарыда берілген материалды пайдалана отырып, кейіпкер қаза үшін қайғырудың қай кезеңінде тұрғанын анықтаңыз. Мәтінде сізге анықтауға көмектескен негізгі белгілерді көрсетіңіз. Тапсырманы орындауға сізге 5 минут беріледі.



1-жағдаят

Қаза үшін қайғыру кезеңі: _____

15 жасар жасөспірім. Колледжде оқып жүр. 10 жасынан бастап әкесімен және өгей шешесімен бірге тұрады. Оны өмірде ештеңе қызықтырмайды: колледжде баруға әкесі мәжбүрледі, бірақ ол жерде мүлдем қызық емес, достары жоқ, өйткені олармен зерігеді, жасөспірім күні бойы вконтакте әлеуметтік желісіндегі өлім туралы посттары бар беттерді парақтап, телефонға үңіліп отыруға дайын. Әкесімен кездескенде бала 10 жасында жетім қалғаны анықталды. Анасы ішімдікке салынып, бала жеті жасынан бері әкесімен тұрып келген. Анасын сирек көрген. Анасы қатты ауырып қалғанда ұлын көргісі келген, алайда әкесі балаға анасын көруге рұқсат бермеген. Анасының өліміне бала ешқандай белгі көрсетпеген. Тіпті, ол мүлдем қайғырмайтын сияқты болып көрінген. Алайда, біраз уақыттан кейін, оның мүлдем сөйлемейтінін барлығы байқай бастады, ол футболға баруды қойған, аулада балалармен ойнауын тоқтатқан, сыртынан қарағанда әрдайым тыныш немесе бейжай болып көрінетін, уақытының көп бөлігін үйде отырып теледидар қарауға жұмсайды.

2-жағдаят

Қаза үшін қайғыру кезеңі: _____

18 жасар қыз. Отбасының кенже қызы ЖОО-ның 1 курсына оқиды. Қазір академиялық демалыс алу қажеттілігі туралы мәселе тұр. Қыз оқудан бас тартып отыр. Анасымен және жігітімен қарым-қатынасы қатты бұзылып кетті. Қыз күн сайын жылайды, әкесімен ұрсысқаннан кейін бірнеше сағаттан соң әкесі өз

өзіне қол салып, қайтыс болған кезді есіне ала береді. Қыз әкесінің өліміне өзін кінәлайды, одан бері бір айдай уақыт өтті. Ол әрі қарай қалай өмір сүретінін білмейді, тіпті өмір сүрудің мәні бар ма деп ойлайды.

3-жағдаят

Қаза үшін қайғыру кезеңі: _____

15 жасар қыз, тоғызыншы сынып оқушысы. Анасымен, сіңлісі және өгей әкесімен бірге тұрған. Анасы жиі ішімдікке салынатын, бірақ қызына әрдайым жылы шыраймен қарайтын. Екі ай бұрын анасы қаза тапты. Оқыс оқиға. Қазір жасөспірім қыз тамақ ішуден бас таратып, түнімен жылап шығады, мектепте және үйде ешкіммен сөйлескісі келмейді. Мектептен кейін зират басына жалғыз кетіп, сол жақта ұзақ жылап отырады. Анасының өлімінен кейін қыз балалық шағының көп уақытын өткізген әжесінің үйіне көшіп барды.

4-жағдаят

Қаза үшін қайғыру кезеңі: _____

17 жасар бозбала, мектеп түлегі. Анасымен және өгей әкесімен бірге тұрған. Соңғы уақытта (2 жыл) анасы қатты ауырып қалды. Бір апта бұрын анасы қайтыс болды. Қазір бозбала құрдастарымен, туыстарымен сөйлесуден бас тартады, бөлек қалуды қалайды. Ешкімге және ешнәрсеге сенбейді, оған сырттан қолдау көрсетуге тырысқанда ол ашумен жауап қайырады. Мектепке барып жүр, бірақ сабақ үстінде «айдалада отырғандай» күйде болады.



Отбасын бағалау құралы ретіндегі генограмма

Генограмма – бұл тармақталған отбасының схемалық көрінісі (үш ұрпақтан тұрады: күйеуі мен әйелі, балалары, ата-аналары). Генограмма әдісі отбасының мінез-құлқы мен өмірін анықтайтын белгілі бір маңызды құрылымдық отбасылық элементтерді, отбасылық мінез-құлық үлгілері мен стереотиптерді бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.


Генограмма жасау үшін адамдар, олардың отбасылық байланыстары және олардың арасындағы қарым-қатынастар көрсетілетін арнайы символдар қолданылады.

Генограмманың жеті өлшемі


1. Отбасы ағашы (кім кімнен туған)
2. Медициналық мәліметтер.
3. Эмоциялық жинақ.
4. Қарым-қатынастар динамикасы (сіздің отбасы мүшелеріңіздің бір-біріне қарым-қатынасы қандай)
5. Отбасы жүйесі.
6. Отбасы сенімі, құндылықтары.
7. Қоғам мен сіздің отбасыңыз.

Отбасының қай мүшесі генограммаға кіргізілуі тиіс:

- туған және өгей аға-бауырлары мен әпке-сіңлілері;
- ана, әке, ата-анасының бірінші серіктері;
- әкесінің (анасының) ағалары және әпкелері;
- бұрынғы және қазіргі серіктері, күйеулері (әйелдері);
- балалар (туған, өгей, асыранды, түсік тасталған);
- әжелері, аталары (кейде олардың тағдыры ауыр болған жағдайда олардың аға-бауырлары мен әпке-сіңлілері);
- арғы әжесі арғы атасы (кейде 5-7 атаға дейін), егер отбасында қатты ауыр жағдайлар орын алған болса);
- адамның жүйесіне кіріктірілгендер (бала күтушілер, асыраушылар, отбасының өміріне үлкен ықпал еткен адам, мысалы, мұрасын қалдырған).



Генограмма үлгісі:



Генограманы қолдана отырып отбасын бағалау

Жоғарыда берілген материалды қолдана отырып, жаттығу жасайтын серіктесіңіздің отбасы генограммасын құрыңыз.





5-ТАҚЫРЫП.

БАЛАНЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН БАҒАЛАУ




Мақсаты: баланың әл-ауқатын бағалау дағдыларын қалыптастыру.

Тапсырмалар:

1. Жарақаттың ми дамуына әсер етуі туралы түсінікті қалыптастыру.
2. Отбасындағы баланың әл-ауқаты параметрлерін зерттеу.
3. Баланың күшті тұстарын ескере отырып баланың әл-ауқатын бағалауды үйрену.

Мазмұны:

- Баланың миының дамуына оның жарақатының әсер етуі;
- Отбасындағы баланың әл-ауқаты параметрлері.
- Баланың әл-ауқаты параметрлері арқылы оның қажеттіліктерін бағалау



Баланың негізгі қажеттіліктері

1. Баланың дамуына және тұлға болып қалыптасуына қажетті негізгі қажеттіліктерін атаңыз.
2. Отбасы баланың қажеттіліктерін қамтамасыз етуі тиіс шарттарды тізіп шығыңыз.
Қалған қатысушыларға талқылау нәтижесін ұсыныңыз.



Жұмыс уақыты





Баланың әл-ауқатын бағалау

Отбасы баланың әл-ауқатын қамтамасыз ететін ең қолайлы орта, күнделікті қолдау көрсетіп және қамқорлық көрсете отырып, сондай-ақ бала кейін өмірде пайдаланатын және оның қоршаған ортасындағы жүріс-тұрыс стилін айқындайтын өзара іс-қимыл тәсілдерінің негізін жасайды.

Баланың әл-ауқаты 8 өмірлік маңызы бар саламен анықталады, олардың мақсаты баланың негізгі қажеттіліктерін қамтамасыз ету:

1. **Қауіпсіздік** – бала зорлық-зомбылықтың кез келген түрінен, үйде, мектепте және қоғамдастықта кемсітуден немесе мертігуден қорғалған және кез келген ортада өзін қауіпсіз сезінеді;
2. **Денсаулық** – бала тиісті медициналық қызметтерге қол жеткізе алады және өзінің денсаулық және тамақтану қажеттіліктеріне сәйкес қажетті қолдау алады;
3. **Іске асыру (жетістіктер)** – білім алу, жан-жақты даму мүмкіндіктері (әлеуметтік, психологиялық, эмоционалдық тұрғыда): бала өзінің жасына сай дамып, ересектер оған қамқорлық жасап, оның өзін-өзі құрметтеу көзқарасының дамуына ықпал етіп, оның дамуына ең қолайлы жағдайлар жасайды. Бала қоғамдастықтың бір бөлігі болып танылған, білім алу немесе мамандығы бойынша оқу мүмкіндігі бар, жасына және әлеуетіне сәйкес оқу және өз қабілеттерін дамыту процесінде оған қолдау көрсетіліп, жетекшілік жасалады.
4. **Күтім және сүйіспеншілікпен қамқорлық жасау** – баланың тұрғылықты жері бар, оған отбасы ортасында тиісті қамқорлық жасалады, үлкендер оған тиісті киім мен қажетті жеке қолдану заттарын береді;
5. **Белсенділік** – баланың ойын-сауыққа бос уақыты бар, ол үйде, мектепте, қауымдастықта түрлі іс-шараларға қатысады, спорттық және демалыс шараларға қатысады, хоббимен айналысуына қолдау көрсетіледі;

6. **Құрмет** – баланың сөздерін тыңдайды, ол өзінің әл-ауқатына қатысты шешімдер қабылдауға қатысады, оның пікіріне құлақ асады және ол баланың жасына және даму деңгейіне сәйкес назарға алынады;
7. **Жауапкершілік** – баланы жасына және әлеуетіне байланысты, өз-өзін бақылау, моральдық және әлеуметтік нормаларды түсіну және сақтау қабілетін үйде, мектепте және қоғамдастықта тапсырмалар мен белсенді рөлдерді орындауында көтермелейді және қолдайды;
8. **Бірлесу/инклюзия** – әрбір баланың отбасы мен қоғамдастықтың өміріне, сондай-ақ әлеуметтік, білім беру, дене және экономикалық теңсіздікті жоюға бағалы үлес қоса алатын адам ретінде тартылуы және қабылдануы, баланы жасы мен әлеуетіне сәйкес өзі тұратын және оқитын қоғамдастықтың белсенді мүшесі ретінде қабылдау.



Баланың әл-ауқатын бағалау

Бағалау барысында баланың әл-ауқаты саласын көрсететін критерийлерді / индикаторларды анықтаңыз және маман баланың осы саладағы әл-ауқатының деңгейін анықтау үшін отбасы мүшелеріне және балаға қоятын сұрақтарды құрастырыңыз.



Жұмыс уақыты

Әл-ауқат параметрлері	Параметр мазмұны	Көрсеткіштер
Қауіпсіздік	Баланы үйде, мектепте немесе қоғамдастықта зорлық-зомбылықтан, кемсітуден, қанаудан және зиян келтіруден қорғауды көздейді. Қауіпсіздік күйі жанның жайлылығы мен жақсы көңіл-күйді, түрлі өмірлік жағдайларға қажетті білім мен мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруды білдіреді.	
Денсаулық	Физикалық және психикалық денсаулықтың барынша мүмкін болатын стандарттарына қол жеткізу мақсатында дамудың әрбір кезеңінде салауатты өмір салтын қалыптастыруды және медициналық қызмет көрсетуге қол жеткізу үшін қолдау көрсетуді көздейді.	
Іске асыру	Баланың жасы мен әлеуетіне сәйкес үйде, мектепте және қоғамдастықта дағдыларды, сенімділік пен өзін-өзі құрметтеуді дамыту және қалыптастыру процесінде қолдау көрсету мен жетекшілік етуді көздейді.	
Сүйіспеншілікпен күтім және қамқорлық жасау	Баланың сүйіспеншілікпен өсуі мен дамуы үшін жағдай жасауды, оның қажеттіліктеріне сай келетін қолдау көрсету мен көтермелеуді көздейді.	
Белсенділік	Баланың үйлесімді өсуі мен дамуына ықпал ететін қызығушылықтарына сәйкес әр түрлі іс-шараларға қатысуға мүмкіндік жасауды және көтермелеуді көздейді, бала жасына және өзінің әлеуетіне сәйкес оқуда табысты болады.	
Құрмет	Баланың жасына, жынысына немесе шығу тегіне, не жасағанына немесе жасамағанына қарамастан, кез келген уақытта оны құрметтеу мен қадірлеу маңыздылығы мен құқығын мойындауда көрінеді. Құрмет білдіру дегеніміз – баланың ой-пікірін тыңдай білу және оның жасына және әлеуетіне сәйкес шешім қабылдауға қатысуын білдіреді.	
Жауапкершілік	Жауапкершілік – баланы жасына және әлеуетіне байланысты өз-өзін бақылау, моральдық және әлеуметтік нормаларды түсіну және сақтау қабілетін үйде, мектепте және қоғамдастықта тапсырмалар мен белсенді рөлдерді орындауында көтермелеуді және қолдауды көздейді.	
Бірлесу / инклюзия	Әрбір баланы отбасы мен қоғамдастықтың өміріне, сондай-ақ әлеуметтік, білім беру, дене және экономикалық теңсіздікті жоюға бағалы үлес қоса алатын адам ретінде тартуды және қабылдауды, баланы жасы мен әлеуетіне сәйкес өзі тұратын және оқитын қоғамдастықтың белсенді мүшесі ретінде қабылдауды көздейді.	



6-ТАҚЫРЫП.

ОТБАСЫ РЕСУРСТАРЫН ІЗДЕУ ЖӘНЕ ОЛАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ




Мақсаты: отбасының ресурстарын іздеу және бағалау дағдыларын қалыптастыру.

Тапсырмалар:

1. Ресурстарды белгілеуді және анықтауды үйрету.
2. Отбасының күшті тұстарын анықтауды үйрету.
3. Экокартаны отбасы ресурстарын бағалайтын құрал ретінде меңгеріп алу.

Мазмұны:

- Отбасы ресурстарын бағалау параметрлері
- Отбасын бағалау құралы ретіндегі экокарта



Күйзеліс жағдаяты

Бірінші кезең. Әрқайсыңыз басыңыздан өткерген бір күйзеліс жағдаятын еске түсіріңіз. Сол жағдаяттан шығуға не көмектескенін талқылаңыз. Қандай ресурстар мен стратегияларды пайдаландыңыз.

Екінші кезең. Флипчарттың ортақ парағына барып, күйзеліс жағдаятынан шығуға көмектескен 2 ресурс пен стратегияны жазып шығыңыз (шарты: ақпарат қайталанбауы керек).



Күйзеліске төзімділік

Күйзеліске төзімділік «қиындықтарды жеңу қабілеті» ретінде. Төзімділік – бұл адам дағдарыс жағдайлары мен өзгерістерді еңсеріп, өсетін бүкіл өмір бойына созылатын процесс. Төзімділік адамның туа біткен қасиеті емес, бұл өмір бойы мінез-құлықты, ойларды, реакциялар мен әрекеттерді үйрену және дамыту қабілеті.

Отбасын нығайтуға негізделген тәсіл төзімділікті екі аспектімен қарастырады: біріншісі күйзеліс жағдайында қалыпты жұмыс істеу қабілетін құраса, екіншісі күйзелістің әсеріне ұшыраса да жақсы ата-ана болу күйінде қалу қабілеті.

Ата-аналардың күнделікті күйзелісі – зорлық-зомбылық немесе баламен нашар қарым-қатынас жасау жағдайларында танылған тәуекел факторы. Ол тұрғылықты жерді ауыстырумен, жұмыс орнынан айырылумен, ата-аналардың жылаған баланы жұбата алмауымен, бала ауырған кезде ата-аналардың қорқынышымен, ата-аналардың өздері балалық шағындағы психологиялық жарақатқа төзуі, ата-аналардың отбасындағы алкогольді немесе түрлі есірткі заттарын асыра пайдаланумен, өзара қарым-қатынас проблемаларымен немесе жалғыздық немесе оқшаулану сезімімен, кедейлікпен, белгілі бір әлеуметтік немесе этникалық ортаға, осал қоғамдастыққа немесе аймаққа тиісті болуымен, табиғи апаттармен байланысты болуы мүмкін.

Отбасында күйзеліс немесе дағдарыс жағдайы туындайды – бұл табиғи құбылыс және күнделікті өмірдің бір бөлігі. Алайда, ата-аналар бұл құбылыстарға дағдарыс қиындықтардан туындаған шаршауды немесе уайымды күшейтпейтіндей және өздерінің балаларды күту қабілетіне теріс әсер етпейтіндей дұрыс жауап қайыруды үйренуі мүмкін.

Төзімді ата-аналар қиындықтарды тануға және қабылдауға қабілетті; олар балаларға әлдеқайда шыдамды және олардың сәтсіздіктері балаларға әсер ету, ал балалардың теріс ата-аналық модельді үйреніп алу тәуекелі аз. Бұл ата-аналар

өз-өзіне, өз балаларына және айналасындағыларға жанашырлық танытады. Олар жағымды қарым-қатынасты ұстанады, проблемаларды шығармашылық жолмен шешеді, өмір қиындықтарына байыппен жауап қайырады, алға жылжып, өткерген қиындықтарынан сабақ алады.

Зерттеулер көрсеткендей, күйзелістің ата-аналарға әсері және олардың өз балаларына қамқорлық жасау қабілеті көбінесе күйзеліс пен оның қарқындылығына қарағанда, оның болатын салдарын алдын ала түсініп, ата-аналардың онымен күресу тәсіліне байланысты болады. Осылайша, ата-аналардың күйзеліске төзімділігі дамыған болса, күйзеліс жағдайын жеңу мүмкіндігі көп болады. Басқаша айтқанда, ата-аналар тепе-теңдікті сақтай отырып, қиындықтарға, сәтсіздіктерге немесе психологиялық жарақатқа қарамастан күйзелісті басқара алады.

Қиын жағдайда қалған және бірнеше дағдарысты бастан өткеріп жатқан отбасыларға бұл жөнінде айту керек. Маманның рөлі – отбасыға дағдарысты еңсеру құралдарын ұсына отырып және оған қиын сәттерде тепе-теңдік пен күшті сақтау үшін жасалатын іс-қимылдар мен стратегияларды анықтауға жәрдемдесе отырып, дағдарыс жағдайындағы әрекеттерді жоспарлауға көмектесу. Бұл ата-ананың да, балалардың да әл-ауқаты үшін маңызды.

Ата-аналар тап болатын күйзелістің кейбір факторларын оңай басқаруға болады, ал бұл ата-аналарға негізгі күшті шешімдер табуға жұмсауына мүмкіндік береді. Мысалы, ата-аналары бір жерде кешігуге мәжбүр болған кезде досынан немесе туысынан баланы мектептен (бала-бақшадан) алып кетуін өтінуі. Алайда, кейбір факторларды жою оңайға түспес. Мысалы, ата-аналар баланың дамуындағы дене бітімінің кемшілігін «түзете алмайды», бала кезіндегі зорлық-зомбылықты немесе психологиялық жарақатты «өшіре алмайды» немесе егер олар қандай да бір қолайсыз ауданда немесе елді мекенде тұрса, тұрғылықты жерін ауыстыруға мүмкіндіктері болмауы мүмкін.

Екінші жағынан, ата-аналар жеке қиындықтарды және өз балалары кешіп жатқан қиындықтарды тиімді жеңу үшін өздерінің ішкі күштерін жинай білу қабілетін көрсеткенде күйзеліске төзімділігін байқатады. Мұндай жағдайларда олар ауыртпалықтарды жеңуге, психологиялық жарақаттың салдарын түзетуге және өзінің бірегей қасиеттері мен отбасының жағдайы арқасында өркендеуге қабілетті болады. Өмірдің белгілі бір сәтінде олар қиындықтарға қарсы шығып, оларды еңсеріп, қиын-қыстау кезеңде даналықпен таңдау жасай алатынын байқап, соған көздерін жеткізеді. Осылайша, олар өздерінің күшіне деген сенімділігін дамытып, жеке тиімділігін арттырады.

Ата-ананың күйзеліске төзімділігі ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынасқа оң әсерін тигізеді. Күйзеліс факторларын бақылауда ұстай отырып, ата-аналар өздерін әлдеқайда сенімді сезінеді және балаға көп көңіл бөліп, қамқорлық жасауы мүмкін, ал бұл әрекет оның салауатты эмоционалдық бауыр басушылығын дамытуға көмектеседі. Баланың бойында дұрыс қамқорлық тәжірибесі болғанда, тиісті назар аударылғанда әрі ата-аналарға дұрыс қарым-қатынас жасай отырып, бала өз кезегінде, күйзеліс жағдайында өз төзімділігін арттыруды үйренеді.

Ата-аналар күйзеліске ұшыраған ортада, берекесіз және проблемалы отбасыларда өссе, балалық шағында күшті, жиі және ұзақ жағымсыз оқиғаларды бастан кешірсе, қамқор ата-ана қолдауы мен басшылығынан айырылған болса, олардың күйзелісті еңсеру қабілеті тым әлсіз әрі осал болады.

Осының салдарынан, мұндай ата-аналардың торығу, үрейлену және өз балаларының қажеттіліктеріне жылы әрі қамқорлықпен жауап беру қабілетін әлсірететін басқа да клиникалық бұзылу белгілері байқалуы мүмкін. Торыққан ата-аналардың балаларында бауыр басудың әлсіз болуы, қараусыз қалу, зорлық-зомбылыққа ұшырау немесе физикалық, әлеуметтік-эмоциялық, мінез-құлықтық және ақыл-ой дамуында елеулі ауытқудың пайда болу қаупі жоғары болады.

Көптеген зерттеулер ата-аналарға торығуды, үрейленуді және өз басынан өткерген психологиялық жарақатына жағымсыз жауаптарды және әлсіз байқалатын бауыр басуды еңсеруге көмектесуге болатынын көрсетеді. Осындай қол-

дау алғаннан кейін олар өздерінің балаларын проблемалар мен жарақаттардан қорғай алады, оларды қажетті жылуын және қамқорлығын төгіп, тиісінше үйлесімді даму үшін тұрақты бауыр басуды қалыптастыруға көмектесе алады.

Зерттеулерге сәйкес, күйзеліс төзімділігіне адамның қоршаған ортасы едәуір ықпал етеді. Адамға сен табысқа жете алмайсың деп айтқан кезде немесе оған табысты болуға мүмкіндік бермеген жағдайда ол қабілетсіз, бақытсыз болып шығады. Салдарынан, олар белгілі бір жетістікке жетуге тырысуын тоқтатады. Күйзеліске төзімділікті нығайту нәтижесінде отбасының дәріменсіздігі төмендеп, адамдарға қиындықтарды тиімді жеңуге көмектесетін ішкі ресурстар мен қабілеттерді жұмылдыруға отбасын итермелеп, оның табысты жақсы ортасы қалыптасады.

Күйзеліске төзімділікті бағалау барысында маман отбасының қиын жағдайларды жеңудегі өз рөлін түсінетініне, жалпы отбасылық өмірде конструктивті шешімдер қабылдауына, бұрынғы жарақат алған тәжірибесін талдай білуіне және сол күйзелістер оның қазіргі жағдайына қалай әсер ететініне (күйзелісті түсіну және бақылау қабілеті, ата-ана рөлінде және т.б.) назар аударуы керек.



Отбасына әлеуметтік қолдау көрсету желісі

Әлеуметтік қолдау көрсету желісі – бұл отбасының келесі ресурсы.

Әрбір адам әлеуметтік өзара көмек көрсету ортасын қажет етеді (достар, көршілер, әріптестер, отбасылар, және т.б.), орта оған эмоционалдық қолдау, қажетті ақпарат, материалдық немесе қаржылық көмек бере алады, рухани қолдау, жігерлендіру, үміт ұялату және маңызды сәттерде қолдау көрсете алады, осылайша қауіпсіздік сезімін береді.

Үлкен отбасы мүшелерімен, достармен, көршілермен, жұмыстағы әріптестермен, қоғамдастық мүшелерімен, мамандармен сындарлы әлеуметтік қарым-қатынас жасау балалары бар отбасын қолдау және көмек көрсету көзі болады. Олар отбасына өз тәжірибесімен бөлісуге, мінез-құлықтың жаңа үлгілерін және жаңа реакцияларды меңгеруге, балаға қатер төндіруге, кемсітуге және зорлық-зомбылық жасауға алып келуі ықтимал әрекеттер мен жағдайлардың тәжірибесімен алмасуға көмектеседі.

Зерттеулер ата-аналардың әлеуметтік ортада алатын қолдауы ата-аналардың көтеріңкі көңіл-күйімен, балаларға қуанышты, қамқор және жауапты қарым-қатынасымен, ата-ана рөліне қанағаттану, амандық және біліктілік сезіміне ұқсас келетінін көрсетті. Оған қоса, осындай қолдау алған адамдар ренжуді, қобалжуды және торығуды сирек көрсетеді.

Ата-аналар өздерінің ата-ана рөліне байланысты қуанышын, ауыруын, үрейін бөлісе алатын адамы бар кезде өздерін сенімді және қорғалған күйде сезінеді. Осылайша, ата-аналардың қасында қамқорлық көрсете алатын, қиын сәттерде көмектесуге дайын, олар қолдау көрсетуді сұрай алатын адамдары болса, олар көпшілікпен байланыста екенін сезінеді.

Керісінше, теріс, қақтығысты немесе көңіл көншітпейтін әлеуметтік байланыстар ата-аналардың күйзеліс көзі болуы мүмкін, ал сенімсіз дамыған әлеуметтік байланыстар әлеуметтік оқшауланумен және жалғыздықпен аяқталады. Оқшаулану және сенімсіз дамыған қарым-қатынастар белгілі бір қауіпті жағдайды меңзеуі мүмкін. Әлеуметтік оқшаулану ата-ана жауапсыздығымен және менсінбеумен, ананың торығуымен қатты ұқсас және баламен нашар қарым-қатынаста болу ықтималдығы жоғары. Жалғыздық ата-аналардың балаларды қамқорлыққа бөлеуі, оларға тәрбие беру және тиісті күтім жасау қабілетіне кедергі келтіретін күйзелістің факторы болуы әбден мүмкін.

Әлеуметтік оқшаулану мен жалғыздық деңгейін төмендету үшін ата-аналар жақсы әрі ұзақ әлеуметтік байланыстарды құра алатын және нығайта алатын адамдар шеңберін кеңейтуі қажет. Бұл оларға қажетті әлеуметтік қолдау көрсетуіне көмектеседі.

Тіпті, басқа адамдардың ортасында болса да ата-аналар өздерін оқшау сезінуі мүмкін, ал олардың қарым-қатынасы эмоциялық тереңдіктен және шүбәсіз қабылданудан айрылуы мүмкін. Мұндай жағдайда ата-аналарға қарым-қатынас жасау, қоғамдық іс-шараларға қатысу, тым болмағанда, өзара сенім білдіру, құрмет көрсету және көмек беру жағдайында оларға эмоционалдық, ақпараттық немесе рухани қолдау көрсете алатын басқа біреумен өзара қатынас жасау мүмкіндіктері қажет.

Жақсы ата-ана дағдыларын көрсету үшін отбасына әлеуметтік қолдау білдіру шеңбері қажет. Ата-аналарға белгілі бір қиындықтарды шешуге көмек қажет болған кезде олардың проблемаларын тыңдай алатын, олар кеңес сұрай алатын және сене алатын біреу қажет. Міне, сондықтан әлеуметтік қолдау білдіру шеңберінің болуы және оның сапасы ата-аналар өмірінде соншалықты маңызды.

Отбасының байланыс және әлеуметтік қарым-қатынас орнату қабілетін бағалау барысында жағдай менеджері отбасының әлеуметтік қатынастары бар-жоғын және қажет болған жағдайда отбасы көмек сұрайтынын не сұрамайтынын анықтауы тиіс. Отбасы салауатты әлеуметтік қатынастарды дамытуға кедергі келтіретін алаңдаушылық немесе торығушылық білдіретінін анықтауы тиіс. Ата-аналар басқа адамдардан, ұйымдардан көмек сұрайтынын және алатынын анықтау қажет.

Отбасының осы ресурсы туралы жинақталған ақпарат отбасының қиындықтарды еңсеру үшін әлеуметтік қатынастарды орнатуға және пайдалануға мүмкіндігі бар-жоғын түсінуге көмектеседі.

Не нәрсеге назар аудару керек

Ата-аналардың қоғамдастық мүшелерімен әлеуметтік байланыстар орнатуға, қоғамдастықтағы түрлі іс-шараларға қатысуға, қоғамдастық мүшелерінен эмоционалдық қолдау, ақпараттық, құралдық немесе рухани көмек сұрауға және алуға ниеті мен қабілеті

- Отбасына эмоционалдық, ақпараттық, құралдық және рухани қолдау көрсететін жақсы қарым-қатынас;
- Салауатты әрі ұзақ қатынастар;
- Басқаларды құрметтеу және бағалау;
- Басқалардың көмегін алу және басқаларға көмек көрсету;
- Берік қарым-қатынастар орнату және сақтау қабілеті

Қолдау көрсетуші қарым-қатынастар

Сындарлы және қолдайтын қарым-қатынастар, яғни отбасы мүшелерімен, достармен, көршілермен, жұмыстағы әріптестерімен, қоғамдастық мүшелерімен, қызмет жеткізушілерімен қарым-қатынас жасау құнды ресурс болып табылады, олардың ұсынатыны:

- Эмоциялық қолдау (мысалы, ата-ана қабілетін, эмпатиялық мінез-құлықты мақұлдау, басқа адамдардың айыптамауы)
- Ақпараттық қолдау (мысалы, ата-ана рөлі туралы кеңес беру немесе бала үшін тіс дәрігерінің кеңестері)
- Құралдық қолдау (мысалы, көлік ұсыну, қаржылай көмек, жұмыс іздеуге көмектесу)
- Рухани қолдау (мысалы, жігерлендіретін сенім, көтермелеу)



Бала күтіміне және дамуына байланысты ата-ана қабілеттері

Бала тәрбиесі туралы барлығын білетін ата-ана болмайды. «Мінсіз ата-ана» жоқ. **Ата-ананың дағдылары мен баланы дамыту қабілеті** ата-аналарға өз баласының өміріндегі әр кезеңде олардың дене, ақыл-ой, әлеуметтік және эмоциялық дамуы тұрғысынан не күте алатынын және баланың қажеттіліктеріне қалай жауап беруге болатынын түсінуге көмектеседі.

Балалармен және олардың ата-аналарымен жұмыс істейтін мамандар ата-аналарға балаға қамқорлық және жылы қарым-қатынастың неде екенін, баланың

даму деңгейі мен әлеуетіне барабар үміттердің анықталу жолдарын, даму үшін қолайлы және ынталандырушы жағдайларды қалай жасауға болатынын түсінуге көмектесуі тиіс; олар тәрбиелеудің оң әдістерін және баланың мінез-құлқын тиімді бақылауды үйренуі тиіс, сонымен бірге оқуы мен білім құмарлығына қолдау көрсетуі тиіс, баланың өзіндік мұқтаждарын танып, соны қанағаттандыруы тиіс.

Ата-аналарға қажетті білім әртүрлі жағдайларға байланысты және оларды, әдетте, дамудың әрбір кезеңіне арналған жалпы жас ерекшеліктері, ерекше дағдарыстар және дамудың жалпы сипаттамалары айтылатын ата-аналарға арналған семинарлардан немесе тренингтен кейде алу мүмкін болмайды. Мұндай оқыту әдісі әрдайым тиімді емес және мінез-құлықты міндетті түрде өзгерте алмайды. Ақпаратты ата-аналар белгілі бір қиындықтарға тап болып, дереу қолдауды қажет еткен кезде беру қажет, ал берілуі мүмкін кеңестер мен іс-әрекеттер шынайы өмірге жарамды және қолданымды болуы тиіс.

Ата-аналарға нақты іс-әрекеттер жасауда, қарым-қатынас пен мінез-құлықты өзгерту қажеттілігін түсінуде қолдау көрсету білімді нығайтудың маңызды аспектісі болып табылады. Оған қоса, ата-аналарды осындай өзгерістерді жасауға ынталандыру қажет. Қолдау көрсететін адам ата-аналарға табысқа жететіндігіне және балаларды тәрбиелеу мен дамытуға байланысты күнделікті қиындықтар мен сындарды барынша жақсы жеңуге көмектесетініне сендіруі өте маңызды.

Отбасыларға мүмкіндік бере отырып, бірден оң нәтижелерге қол жеткізуге болады. Бірақ нәтижелер ұзақ мерзімді болуы да мүмкін, өйткені осылайша ата-аналарға аса қамқор бола түсуге көмектеседі. Бұл, әсіресе, ата-аналардың өздерінің балалық шағы бақытсыз болған кезде немесе олар өз ата-аналарының жүйесіз өмір сүру моделін санасына құйып алған кезде және өз балаларына қатысты менсінбей қарап және зорлық-зомбылық жасап, олармен тұрақты және берік қарым-қатынас жасауға қабілетсіз болған кезде маңызды.

Шын мәнінде, отбасына анағұрлым қажет болған сәтте көрсетілген ақпараттық қолдау (кез келген басқа қолдау сияқты) мамандар мен отбасы арасындағы өзара іс-қимылдың елеулі тәсілі болуы мүмкін, ол кезде әр түрлі мекемелердің қызметкерлері қажетті білімді бере алады, ал ата-аналар сол білімді меңгеріп алып, өмірде қолдануға ұмтылады.

Маман отбасының осы ресурсын бағалай отырып, ата-аналардың баланы күтіп бағу, дамыту және тәрбиелеуге қажетті білімі мен дағдыларының бар-жоғын тексеруі тиіс. Ақпарат көздерінің белгілі, ата-аналардың болжамдары дұрыс және олардың жасына және баланың даму сатысына сай екенін тексеруі керек. Ата-аналардың балаларға қамқорлық жасауы қаншалықты маңызды екенін және т.б. түсінетіндігін тексеруі тиіс. Жиналған ақпарат баланың отбасы балаларға күтім жасауға, оларды дамытуға және тәрбиелеуге арналған қажетті жағдайды жасауға қабілетті не қабілетті емес екенін түсінуге көмектеседі.

Не нәрсеге назар аудару керек

Қалыптасқан ата-ана дағдылары, ата-аналардың балаға қамқорлық жасауды және баланы тәрбиелеуді үйрену ниеті мен қабілеті, өз баласын білуі

Баланың дамуына және тәрбиесіне әсер ететіндер:

- Бала тәрбиесі мен балаларды қабылдауға ықпал ететін мәдени факторлар.
- Баланың дұрыс дамуына көмектесетін немесе кедергі келтіретін факторлар.
- Балалардың мінез-құлқына жақсы әсер ететін тәртіп пен әдістер.
- Физикалық, танымдық, әлеуметтік, эмоциялық дамыту және сөйлеу қабілетін дамыту.
- Дамудың тежелу ықтималдығын көрсететін белгілер және арнайы көмек алу қажеттілігі.

Ата-ананың балаға күтім жасау және оны дамыту қағидаларын білу:

1. Баланы физикалық, танымдық, әлеуметтік, эмоциялық дамыту және балаға күтім жасау қағидаларын түсіну.
2. Балаға қамқорлықпен және мейіріммен қарау;

3. Баланың мүмкіндігіне сәйкес үміттер (баладан істей алмайтын нәрсесін талап етпеу);
4. Баланың дамуына қолайлы және ынталандыратын орта жасау;
5. Баланы тәрбиелеу және мінез-құлқын бақылауда ұстау бойынша жақсы әдістер
6. Баланың ерекше мұқтаждықтарын тану және қанағаттандыру.



Заманға сай қажетті қолдау іздеу

Отбасының төртінші ресурсы: Заманға сай қажетті қолдау іздеу

Ең қажетті сәтте нақты қолдауды анықтау және алу кезінде ата-аналарды бағыттау отбасының дұрыс тамақтану, қауіпсіз орта сияқты басты қажеттіліктерін білім беру, мемлекеттік әкімшілік құрылымдар, әлеуметтік қамсыздандыру, заңгерлік қолдау көрсету саласындағы қызметтерге қол жеткізу жолымен қанағаттандыруға ықпал етеді.

Күнделікті өмірде, қандай да бір жағдайда, барлық ата-аналар қолдауды қажет етуі мүмкін. Мысалы, баланы күнделікті тәрбиелеу ісінде ата-аналар баланың ішіне жел қарысқанда ауыруын қалай жеңілдетуге болатынын үйренуі қажет болуы мүмкін, немесе түрлі қызметтерге қол жеткізу саласында олар педиатр немесе басқа маманға жолығу қажет болуы мүмкін, оқыс оқиға орын алғанда жедел медициналық жәрдем қажет болуы мүмкін және т. б. Ата-аналардың күші құлдырап кетсе немесе олар жабырқаған күйге түскенде абыржуды басқара алу пайдалы болуы мүмкін.

Ата-аналар қиындықтарға тап болған немесе қатты күйзеліске ұшыраған қиын жағдайларда, мысалы, жұмыстан айырылған, отбасын асырай алмаған, жарақат алған, ішімдікке немесе басқа да заттарды тұтынуға салынып кеткенде, олар өз проблемаларын шешуге және туындаған қиындықтардан келген күйзелісті азайтуға көмектесетін нақты қолдау мен қызметтерді алуды қажет етеді.

Кейбір ата-аналар көмек сұрауға қиналады. Кейбіреуі мұны өзінің ата-аналық міндетін дұрыс атқармауға сәйкестендіріп, көмек сұрауды ұят нәрсе деп есептейді. Басқа жағдайларда ата-аналар көмек іздемейді, себебі көмек алу үшін қайда жүгіну керек екенін білмейді немесе кейбір қызметтерге жүгінсе, өздеріне қорлық деп ойлайды. Бұл психиатриялық сараптамадан өту талабымен, үйдегі зорлық-зомбылықтың ықтималдығын зерттеумен немесе ішімдікке салынудың болуын тексеру қажеттілігімен байланысты болуы мүмкін. Басқа ата-аналар өздері қалған жағдайды қолайлы деп тауып, қолдаудың қажеттілігі мен маңыздылығын түсінбеуі мүмкін. Олар бұл қолдауды (олар сұрамайтын) өз балаларының қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін өте маңызды екенін түсінбейді.

Ата-аналарға өзінің белгілі бір қызметтер алу құқығы туралы білу үшін, сондай-ақ қызметтердің өзін меңгеру және қызмет көрсету жүйесіне бейімделе білу үшін көмек қажет. Ата-аналарға көмекке жүгіну олардың әлсіздігін немесе ата-аналық қауқарсыздығын көрсетпейтінін түсінуге көмектесу маңызды. Керісінше, қолдау іздеу арқылы олар жағдайды және ахуалды жақсартуға, күйзелісті жеңудің және ата-аналық дағдыларды дамытудың неғұрлым тиімді жолдарын зерттеуге, тіпті олар қиындықтарға, бақытсыздыққа тап болып, психологиялық жарақатты бастан кешіріп жатқан кезде де қадам жасайды. Ата-аналар көмекке жүгінгенде олар төзімді болуды үйренеді.

Мамандардың қарым-қатынасы және олардың көмекке жүгінген ата-аналармен сөйлесуі күйзелісті күшейтіп жібермеуі керек. Қолдау көрсетілгенде қолдау алушыға оның эмоциясы мен сезімдерін ескере отырып, құрмет пен қамқорлық көрсетілуі тиіс.

Отбасылармен жұмыс барысында мамандар ата-аналардың/қамқоршылардың артықшылықтары мен күшті жақтары бар өзара қарым-қатынастар мен іс-қимылдарды іске қосуға және дамытуға тиіс, яғни ата-аналардың ең жақсы жасай алатын қабілетін атап көрсету қажет. Қолдау мен әлеуметтік іс-әрекеттерді артықшылықтарға аударту ата-аналарға/қамқоршыларға өз құндылығын

сезінуіне, өз күші мен жеке тиімділігіне сенімін артуын дамытуға көмектеседі. Осылайша, олар өз отбасына қатысты процеске қатысатын әрекеттер туралы хабардар еткенін көріп, өздерін сол әрекеттің білікті қатысушылары деп есептелінетінін сезінеді. Олар өз қабілеттерін дамытып, жетістіктерге жетеді және өз кезегінде басқа да мұқтаж отбасыларға қолдау көрсете алады.

Осылайша, қажетті сәтте көрсетілген нақты қолдау көмекке жүгінген адамның қадір-қасиетін құрметтей отырып және барлық отбасының салауатты дамуын, оның тұрақтылығын және қажетті қызметтер мен ресурстар арқылы қолдау іздеу және алу қабілетін жылжыта отырып, сапалы қызметтермен сүйемелденуі тиіс.

Отбасының осы ресурсын бағалаудағы маманның рөлі отбасының қоғамдастықта көрсетілетін қызметтер туралы білетіндігін анықтау, отбасының қызметтерге қол жеткізе алуын анықтау, отбасы қажетті қызметтер арқылы көмек алу үшін жүгінген кезінде тап болуы мүмкін барлық кедергілерді анықтау, отбасының қызметтер жүйесін қолдану тәжірибесін талдау және т. б.

Жиналған ақпарат маманға баланың отбасының тәуекел жағдайында тұрғанын, көмек пен қолдаудағы өз қажеттіліктерін және отбасының қажетті қызметтерге / ресурстарға қол жеткізу қабілетін түсінуге қабілеттілігін анықтауға көмектесе алады. Қорытынды, отбасының қоғамдастық және аудандық әлеуметтік, білім беру, медициналық қызметтер деңгейінде әлеуметтік қызметтерге көмек алу үшін жүгіну керектігін анықтау қабілетіне байланысты.

Не нәрсеге назар аудару керек

Ата-аналардың түрлі қиын өмір жағдайында көмек алуды білуі және алуға жүгіну қабілеті, қызметке қол жеткізу және сол процестегі кедергілерді жеңу тәжірибесі.

- Қызметтерді білуі және оларды сұрату тәртібі;
- Отбасы проблемаларын шешу үшін және проблемалардан туындаған күйзелісті азайту үшін қолдауға және нақты қызметтерге қол жеткізу;
- Проблема туындағанда басқа адамдардың қолдауын қабыл алу;
- Қажетті қолдау мен көмекті алу үшін өз құқықтары мен бала құқықтарын қорғай білу қабілеті.

Ескеру маңызды:

- Ата-аналар көмекке жүгінгенде күйзелісті арттырмай қызмет көрсету керек.
- Қызметтер үйлестірілген, көмек алушылардың жағдайына қарай отырып, құрметпен көрсетілуі тиіс, ал қолданылатын шаралар қызмет алушының күшті жақтарына негізделуі тиіс.



Баланың бойындағы эмоциялық және әлеуметтік дағдыларын ата-ананың дамыту қабілеті

Баланың бойындағы әлеуметтік және эмоциялық дағдыларын ата-ананың/қамқоршылардың дамыту қабілеті – балалар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынас пен өзара іс-қимылға, ата-аналар өз баласының әлеуметтік және эмоциялық тұрғыдан дамыту үшін, тұрақты бауыр басушылықты арттыру үшін жасай алатын ісіне негізделген отбасының басқа ресурсы..

Ерте балалық шақ – бұл баланың дамуына арналған мүмкіндіктер кезеңі, сондай-ақ осалдық кезеңі. Өмірінің алғашқы жылдарының тәжірибесі баланың әл-ауқаты негізінде жатыр. Соңғы зерттеулер кішкентай балалардың әлеуметтік және эмоциялық дағдылары мен олардың танымдық тұрғыдан дамуы, сөзі, ақыл-ойы арасындағы тығыз байланысты, ал одан әрі олардың мектептегі үлгерімін көрсетеді.

Баланың әлеуметтік және эмоциялық дағдылары деп: өзін-өзі сыйлауды және өз күштеріне сенуді дамыту, жаңалықты тануға, өзінің жетістікке жету қабілетіне сенуге ұмтылысы, ережелерді сақтау қабілеті, өз қарқынын бақылау қабілеті, жағдайға байланысты тиісінше әрекет ету, жоспарды құру және орындау, ісінен алаңдамай белгілі бір тапсырмаларға назар аудару қабілеті, шыдамдылық таныту, алғашқы әрекеті сәтсіз болса, басқа әрекет жасауға дайын болуы, жанжалдар мен түсінбеушіліктерді бейбіт жолмен шешу қабілеті, сөйлесу, жағымды және жағымсыз эмоцияларды түсіну және білдіру, мейірімдік таныту, басқа адамдардың сезімдерін түсіну және оларға жауап беру қабілеті, айналасындағылармен достасу және тіл табысу қабілетінде көрінетін әлеуметтік дағдылар, адамгершілік нормаларды меңгеру қабілеті, жақсы және жаман нәрсені сезіну қабілеті.

Бұл қасиеттер өз бетінше дамымайды. Олар бала мен ата-ана арасындағы байланыс сапасына, сондай-ақ ата-ана баламен күнделікті әрекеттесу кезінде пайдаланатын ынталарға байланысты, Бала мен жүйелі, қамқор әрі даярлығы бар, оның қажеттіліктері мен жас ерекшелігіне байланысты қажеттіліктерін білетін және осы көрсеткіштерді дамытатын ата-ана арасындағы қарым-қатынастар ерте жастағы әлеуметтік және эмоционалдық нәтижелерге жеткізетін шешуші қасиет болып табылады.

Балалардың әлеуметтік және эмоциялық дағдыларын дамыту үшін ата-аналар өз балаларының эмоцияларды еркін, жасқанбай және жазаланудан қорықпай білдіре алатындай жағдай жасауы тиіс.

Ата-ана баланың эмоциясына жауап бере отырып, сөйлесу және жауап беру үлгісін жасай отырып, эмоциясын білдіруі тиіс, ал бұл әрекеті баланың түсінігінде өзінің және басқа адамның эмоциясын түсінуге негіз болып қалыптасады. Нәтижесінде эмоцияны осылай қабылдау басқа адамдарға кішіпейілділік танытып, оларды түсінудің негізін қалайды, және әртүрлі күйін көрсетіп, шекара орнатып, мінез-құлық нормалары мен құндылықтарын игеруді үйренуге мүмкіндік береді. Мысалы, «біздің отбасымызда басқа адамға зиян келтіру құпталмайды».

Бала біртіндеп белгілі бір, әсіресе теріс эмоцияларды білдіруді үйрене бастайды, бірақ, сонымен қатар эмоциясын бақылауда ұстау қажет екенін де түсіне бастайды. Мұндай түсінік балаға эмоциялар мен іс-қимылдарды бір-бірінен ажыратуға мүмкіндік береді. Мысалы, «Реніш қалыпты жағдай, бірақ біреуге ренжіп тұрғанда, ол адамды ұруға болмайды».

Баланың әлеуметтік дағдыларын нығайтқанда ата-ананың рөлі бала күнделікті өмірде байқай алатын және қайталау арқылы үйренетін дұрыс мінез-құлықтық әлеуметтік үлгілерді көрсетуінде. Бала көргенін қайталай бастайды, әлеуметтік нормаларды таниды, сыпайылық көрсету формаларын (сәлемдесу, көрсетілген көмек үшін алғыс айту) және айналасындағы адамдармен сөйлесу және өзара қатынаста қолданылатын қарапайым ережелерді үйренеді.

Баланың әр түрлі жағдайларда қалай әрекет ету керектігін, құрдастарымен қалай қарым-қатынас жасау керектігін және қақтығысқан жағдайларда олармен қалай қарым-қатынас жасау керектігін, өзара қатынас проблемаларын қалай шешу керектігін түсінуіне көмектесу қажет. Мұның барлығы әртүрлі жағдайлар мен тәртіп үлгілерін көрсету кезінде жасалады.

Тәртіп үлгілерін игеріп алған балаларға өз эмоцияларын, басқа адамдардың эмоцияларын тану оңай болады. Олар өзін басқа адамның орнына қойып көруге және дұрыс пен бұрыс әрекеттердің арасындағы айырмашылықты түсінуге қабілетті.

Сонымен бірге, керісінше, өмірінде өздерінің әлеуметтік және эмоционалдық дағдыларының дамуына белсенді қолдау көрсететін ересек адамдары жоқ балалар ар-ұят пен адал ниеттілікті көрсете алмауы мүмкін, тұрақты бауыр басудан айырылуы мүмкін, сондай-ақ олардың дұрыс сөйлей алмай, танымдық қабілеттері шектеулі болуы мүмкін. Ондай балаларға құрбыларымен қарым-қатынас жасау өте қиын болады.

Зерттеулер көрсеткендей, ерте жастан әлеуметтік және эмоциялық дағдыларды дамытуға бағытталып жасалған әрекеттер теріс салдардың алдын алуда және танымдық әрі әлеуметтік-эмоциялық көрсеткіштерді жақсартуда өте тиімді.

Бұл аспектіде жағдай менеджері ата-аналардың баламен ерте бауыр басу және қарым-қатынас жасаудың маңыздылығын және өздерінің баланы әлеуметтік-эмоциялық дамытудағы рөлін түсінетіндігін, баланың теріс әрекеттерінің себебін түсінетіндігін, баланы жасына қарай әлеуметтік және эмоциялық дамуына ынталандыратын іс-шараларға тарту қабілеттілігін анықтайды.

Жиналған ақпарат ата-аналардың/қамқоршылардың өз баласына оның әлеуметтік және эмоциялық дағдыларын негізгі көрсеткіштерге сәйкес дамытуға көмектесуге қабілеттілігін анықтауға көмектеседі.

Маман қорытындылай келе, ата-ананың/қамқоршының баланы әлеуметтік және эмоциялық тұрғыдан дамыту маңыздылығын түсінуге және әрі қарай дамытуға жәрдемдесуі қауқарлы екенін белгілеуі керек.

Отбасын қорғау факторларына қатысты барлық тұжырымдар отбасының бала әл-ауқатын қамтамасыз ете алатынына байланысты болуы тиіс. Мысалы: баланың қауіпсіздігіне кепілдік жоқ, себебі ол көбінесе үйде жалғыз, қараусыз қалады немесе үйге бейтаныс адамдар жиі келеді. Баланың инклюзиялығына/бірігуіне кепілдік жоқ, себебі бала мектепке алынбаған немесе мектепке бармайды немесе бала мен отбасы қоғамдық істерге қатыспайды және т.б., қауіпсіздік бағасы мен қауіп бағасы сәйкес келеді.

Алғашқы бағалау кезінде жағдай менеджері бала мен оның отбасы тап болатын тікелей тәуекелдермен қатар олардың күшті жақтарын, қолда бар ресурстарын және қажетті қорғау шараларын да анықтайды. Алғашқы бағалау деректері әрі қарай шешім қабылдауға негіз болады.

Бала мен оның отбасының алғашқы бағалауы мен қатысу тәсілі қалай жүргізілетініне ерекше назар аудару керек, өйткені бұл әлеуметтік көмекші үшін отбасымен жақсы қарым-қатынас орнатудың алғашқы мүмкіндігі. Алғашқы бағалау процесінде әлеуметтік көмекші баланың мүдделерін ескеруі, тілектес болуы тиіс, ал сұрақтар оның жасына және даму дәрежесіне сәйкес келуі тиіс. Бұл әлеуметтік көмекші үшін баламен және отбасымен қарым-қатынас орнатудың алғашқы мүмкіндігі, ол қатынас жағдайды басқару процесінде көрсетілетін тікелей қызметтердің ажырамас бөлігі болады.

Не нәрсеге назар аудару керек

Баланың әлеуметтік-эмоциялық дағдылары:

- Өз-өзін құрметтеу – өзі туралы адал сезім
- Өз күшіне сенімді болу – жаңа қиындықтарға қарсы тұрып, жаңа орталарды зерттегісі келеді
- Жеке тиімділік – сенің қолыңнан келеді деген сенім
- Өзін-өзі бақылау – ережелерді сақтау, қарқынын басқару, дұрыс әрекет жасау.
- Жеке әрекет – әдейі істелетін әрекеттерді жоспарлау және жасау
- Орындаушылық міндет – басқаға алаңдамай назарды тапсырма орындауға аудару
- Шыдамдылық – күтуді үйрену кезінде
- Табандылық – бірінші қадамдар сәтсіз болғанда, тағы қайталап көргісі келу
- Қақтығыстарды шешу – кикілжіңді бейбіт жолмен шешу
- Коммуникациялық дағдылар – жақсы және жаман эмоцияларды түсіну және білдіру.
- Уайымдау – басқа адамдардың эмоциялары мен құқықтарын түсіну және оларға жауап беру
- Әлеуметтік дағдылар – достық қатынас құру
- Моральдық – жақсылық пен жамандықты түсіну


Әлеуметтік-эмоциялық дағдылар:

- Балалар өздерінің эмоцияларын еркін білдіретін орта жасау
- Баланың эмоциялық жауабы және эмпатияны үлгілеу
- Нақты үміттер мен шектеулерді орнату (мысалы, «Біздің отбасымызда адамдар бір біріне зиян келтірмейді»)

- Эмоцияны әрекеттен ажырату (мысалы, «Сен ренжулісің, бірақ ренжіп тұрған кезде ешкімді ұруға болмайды»).
- Басқалармен амандасу және жасаған жақсылығы үшін алғыс білдіру сияқты көтермелеу және әлеуметтік дағдыларды нығайту.
- Балаларға проблемаларын шешуге көмектесетін мүмкіндік жасау (мысалы, «Егер бір бала сені келеке етсе, не істеуің керек, қалай ойлайсың?»)

Баланың әлеуметтік және эмоциялық дағдыларын дамыту

- Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас балаға сөйлесу, эмоцияларды тану, білдіру және бақылау, басқа адамдармен берік қатынас орнату және сақтау қабілетін дамытуға көмектеседі.
- Егер ата-ана: жылы әрі тұрақты жауап берсе, баламен күшті әрі қауіпсіз байланыста болса, әлеуметтік дағдыларды, шектеу қою қабілетін білдірсе.
Онда бала: өзін-өзі бақылауды, басқа адамдармен жақсы қарым-қатынас орнатып, оны сақтауды үйренеді.



Отбасы ресурстарын анықтау

Бағалау барысында отбасының осы ресурсын көрсететін критерийлерді / индикаторларды анықтаңыз және маман осы ресурсты анықтау үшін отбасы мүшелеріне қоятын сұрақтарды құрастырыңыз. Отбасы ресурсы бойынша қысқа ақпаратпен жұмыс істеңіз.



Экокарта

Экокарта немесе әлеуметтік желі картасы – бұл отбасы ішіндегі ресурстарды және отбасының қолы жететін қоғамдастық ресурстарын көрсететін схема. Экокарта отбасы ішіндегі қарым-қатынастар мен отбасының белгілі бір уақытта қоршаған әлеуметтік ортасымен қарым-қатынасы туралы ақпараты бар визуалды құрал. Экокарта клиентпен бірлесе отырып жасалады.

Отбасы айналасында көптеген күшті тұстар мен қосымша ресурстар болуы мүмкін. Осы күшті тұстарды мойындай отырып және тиімді байланыстарды ынталандыра отырып, мамандар отбасының қоғамдастық ішіндегі әлеуетін күшейтуге көмектеседі. Одан басқа, бұл әлеуметтік ортаны – кедергілер жиынтығы ретінде емес, отбасына арналған мүмкіндік көздері ретінде қарауға көмектеседі және қолдау көрсету мен ресурстардың одан да көп ықтимал көздерін анықтауға болады.

Экокарталар отбасы мен айналасындағылар арасындағы әртүрлі байланыстар табиғатын көрсетуге көмектеседі. Байланыстар шиеленіскен, олқы не айқын емес немесе оң болуы мүмкін. Бұл байланыстар отбасы ресурстарын және/немесе оның энергиясын құртуы, ресурс пен энергия қосуы немесе бейтарап әсерде болуы мүмкін.

Экокартаны отбасы мен маман бірлесіп жасайтындықтан, ол отбасы мен маман арасында қарым-қатынас орнатуға және сауалнамаға назар аудара отырып, қосымша құрылымды ұсынуға көмектеседі. Экокартаны әзірлеу процесі отбасы мүшелеріне өздері тап болған жағдайды нақты суреттеп береді.

Экокартаны пайдаланғанда бала қауіпсіздігін және ұзақ мерзімді қарым-қатынасты сақтайтын жүйелер мен ресурстар анықталады.

Экокарта мыналарды көруге көмектеседі:

- Отбасының салауатты әлеуметке қаншалықты қосылғаны немесе одан оқшауланғаны;
- Отбасы мүшелерінің арасында әлеуметтік белсенділік танытатын адамды,

- қоғамнан оқшауланған отбасы мүшесінің болуын
- Қоғамның қандай ресурстарын отбасы пайдаланатыны, оның проблемаларын шешу үшін қандай ресурстарды қосуға болатыны;
- Отбасымен жұмыс істеп жатқан басқа құрылымдардың қандай мамандары бар.

Экокарта клиенттің өзінің проблемалық жағдайы туралы әңгімесі негізінде құрылады және ол клиенттің өмірдегі қиын жағдайдың себептері мен өзгерістерін түсіну үшін маңызды мәнге ие байланыстардың көрінісі болып табылады.

Бірінші қадам. Карта ортасында үлкен шеңбер сызылады – бұл отбасы.

Екінші қадам. Шеңбер сыртында отбасының жекелеген мүшелерінің отбасылық қарым-қатынасына елеулі әсер ететін жүйелер орналастырылады. Жүйе отбасының әрбір мүшесінің қатысы бар әртүрлі байланыстарды көрсетеді. Осы жүйелі қатынастарға туыстық, достық, жыныстық қатынастармен және институттық қатынастармен, мысалы денсаулық сақтау, білім беру, діни және т.б. мекемелермен байланыстырылған жекелеген адамдар кіреді. Бұл байланыстар отбасы жүйесінің сыртында бөлек шеңберлермен белгіленіп, белгілі түстермен боялады.

Үшінші қадам. Отбасы жүйесінің әртүрлі мүшелерін қажетті сызықтармен сыртқы әрекет ету субъектілері мен институттарын қосады. Құрылатын байланыстар тұтастай бүкіл отбасының жүйесіне және оның жекелеген мүшелеріне бағытталуы мүмкін. Байланыстың кескін деректері келесі жолмен көрсетілуі мүмкін.

Түзу сызық күшті байланысты білдіреді _____

Үзік сызық әлсіз байланысты көрсетеді - - - - -

Ирек сызық күйзелісті немесе шиеленісті қарым-қатынасты көрсетеді ~~~~~

Ресурстар легінің бағыты қосатын сызықтардың қасында көрсеткіштермен белгіленеді _____→

Маман қиын жағдай орын алғанда отбасының қандай қаржылық, білім беру немесе әлеуметтік қолдауға сенім арта алатынын анықтай алады.

Экокарта әлеуметтік көмекші бенефициардың басқа адамдармен немесе мекемелермен өзара қарым-қатынасының түрі мен сапасын бағалау үшін жеткілікті ақпаратты алған кезде бағалау кезеңінің соңында жасалады.



Экокартаны жасау

Жаттығу жасасушы серіктесіңіздің отбасы экокартасын жасаңыз.



Жұмыс уақыты



7-ТАҚЫРЫП.

ОТБАСЫҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ СҮЙЕМЕЛДЕУ



Сабақ мақсаты: отбасыға қолдау көрсету және сүйемелдеу бойынша жұмыс дағдыларын қалыптастыру.

Тапсырмалар:

1. Отбасымен жүргізілетін жұмысты жоспарлаған кезде мақсаттар мен міндеттерді тиянақтау дағдыларын қалыптастыру.
2. Отбасына ҚӨЖ-дан шығуға көмектесетін әрекеттерді/іс-шараларды анықтау дағдыларын қалыптастыру.
3. Әлеуметтік көмекшінің отбасын сүйемелдеу процесіндегі рөлін түсінуі.
4. Жағдайды жабу критерилерін анықтауды үйрету.

Мазмұны:

1. Отбасымен жұмыс жүргізуді жоспарлау
2. Отбасын сүйемелдеу/мониторингілеу
3. Жағдайды жабу



Отбасымен жұмыс жүргізуді жоспарлау

Кешенді бағалау нәтижесінде алынған бенефициар туралы деректерге байланысты маман оның жағдайы туралы ақпаратты түйіндеп, Жеке көмек жоспарында (ЖКЖ) жазылған араласу жөніндегі іс-шараларды ұсынады.

Маман көмекті жоспарлау жөніндегі отырыс шеңберінде бенефициардың қатысуымен жоспарды жасайды. Бұл отырысты супервизор өткізеді, оған бала (10 жастан асқан), отбасы, егде жастағы адам немесе мүмкіндігі шектеулі адам, кешенді бағалау жүргізген әлеуметтік көмекші және осы іске қатысы бар басқа да мамандар қатысады.

Араласуды жоспарлаған кезде келесі сұрақтарға жауап алу керек:

1. Орындауды қажет ететін қандай міндеттер бар?
2. Бенефициар мен отбасының әлсіздігін анықтайтын қандай факторларды жою керек?
3. Отбасы динамикасында нені өзгертуге болады?
4. Қандай басымдықтар бар?
5. Қандай шараларды қолдану керек?
6. Уақыт мерзімі қандай?
7. Бұл міндеттерді орындау мақсатында қандай мекемелер ынтымақтасуға дайын, ерікті түрде араласу қандай мөлшерде қамтамасыз етіледі және мамандарды қаншалықты жақын тарту керек?

Бенефициардың жағдайын өзгерту міндеттері келесі критерилерге сәйкес келуі керек:

- Нақты,
- Өлшенетін,
- Қол жететін,
- Орынды,
- Уақыт шеңберіне сай.

Қолдау бағдарламасын орындау және қысқа уақыт араласуға мүмкіндік жасау барлық тараптармен серіктестік құра отырып іске асырылуы тиіс. ЖКЖ бағалау деректеріне және анықталған қажеттіліктерді қанағаттандыру мен проблемаларды шешу үшін ұсынылған әрекеттерге негізделуі тиіс. Жоспар кешенді бағалау нәтижесінде анықталған тәуекел деңгейі мен баланың қажеттілігіне қа-

рай баланың ахуалын белгілі бір жиілікпен мониторингілеу әрекетін қамтуы тиіс. ЖКЖ-ге енгізілген іс-әрекеттер қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді келешекте жоспарлануы тиіс.


Жеке көмек жоспарын жасаған кезде маман арнайы формулярды пайдалануы керек. Онда келесі ақпараттар болады:

- **Отбасы** – бенефициар отбасының тегі көрсетіледі. Отбасы ресми түрде тіркелмеген жағдайда бірге тұратын екі адамның да тегі көрсетіледі.
- **Мекенжай** – отбасының тіркелген жерінің мекенжайы емес, нақты тұрғылықты мекенжайын көрсету керек.
- **Отбасының типі** – отбасының типін нақтылап алу маңызды (толық, толық емес, ресми тіркелген (екі жақты келісіммен құрылған одақ)), өйткені бұл ақпарат араласу тәсілін таңдау тұрғысынан маңызды.
- **Бала саны** – жалпы бала саны көрсетіледі (отбасында тұрып жатқандары да, ата-анасынан бөлек тұратындар да, сондай-ақ қандай да бір әлеуметтік қорғау қызметінің ғимаратына орналастырылғаны да).
- **Міндеттер** – жеке көмек жоспарда іс-шаралардың жалпы сипаттамасы берілуі керек (мысалы, ата-аналарына жұмыс тауып беру, тұлға аралық қатынастарды нығайту және т.б.).
- **Іс-шаралар/Ұзақтығы/Жауапты тұлға** – кестеде көрсетілген құрылымға сәйкес алға қойылған міндеттерге үшін орындалуы тиіс іс-шаралар, сондай-ақ оларды өткізу ұзақтығы және оларды орындау үшін қажетті/бар ресурстар көрсетіледі.

Бұл ақпаратты құрылымдау керек, өйткені бұл маманға отбасы мүшелерінің өзіне алған міндеттемелерін орындайтынын анықтауға, қиындықтарды айқындап және отбасын оларды жеңуге дайындауға, отбасы ресурстарын анықтау және пайдалануға мүмкіндік береді.

Үлгі (жағдайға байланысты):

Іс-шаралар	Ұзақтығы	Жауапты тұлға
Хабарлау	Тұрақты түрде	Әлеуметтік кеңесші, көмекші
Кеңестер	Тұрақты түрде	Әлеуметтік кеңесші, көмекші, психолог, дәрігер
АЭК қаржылай қолдауы	3 ай	Әлеуметтік кеңесші, көмекші
Балаларды бала-бақшаға орналастыру20__ж.	Әлеуметтік кеңесші, көмекші, жергілікті бала-бақша директоры, әкімдік
Отбасына қолдау көрсету	Қажетіне қарай	Тармақталған отбасы, ұйымдастық, еріктілер, әлеуметтік кеңесші, көмекші.



Жағдаймен жұмыс істеу

Жұмыс барысында баланың әл-ауқаты мен отбасы ресурстары туралы ақпаратты қолданыңыз.

Проблемаларды шешу үшін мақсаттар мен міндеттерді қалыптастырыңыз: жағдайды бағалауға негізделуі тиіс сүйемелдеу/қолдау көрсетудің қалаулы нәтижелерін нақты белгілеп, сипаттаңыз.

Қойылған мақсаттарға жету және міндеттерді шешу үшін қажетті іс-қимылдарды/іс-шараларды анықтаңыз: қолдау әрекеттерін анықтаңыз, жауапкершілікті агенттік, отбасы мүшелері және басқа да қызмет көрсетушілер арасында бөліңіз.

Жағдаят

Отбасы Қызылорданың қала аймағында тұрады. Анасы баланың әкесімен ажырасқан. Алайда әкесі олармен бірге тұрып жатыр, бірақ бала күтіміне араласпайды және отбасылық бюджетке ақша қоспайды.

«Ол ішімдікке салынып кеткен, – дейді анасы, – жылына 300 күн ішеді».

Үйде он бала: екі ересек қызы 22 және 20 жаста; бір қызы 9-шы сыныпта оқиды; үш ұлы 7-ші, 5-ші және 4-ші сыныптарда оқиды; тағы бір қызы 2-ші сыныпта және үш баласы мектепке дейінгі жаста – 6 жас, 3 жас және 1 жас 2 ай.

Үлкен екі қызы Астана және Қарағанды университеттерінде ветеринария және радиоэлектроника мамандықтары бойынша оқуға Әкім грантын иеленді. Қыздарының біреуінде тұратын жерін төлеп беретін грант бар. Мектеп жасындағы балалардың барлығының сабақ үлгерімі жақсы, ал анасы уақытын балаларының үй тапсырмасын орындауға көмектесумен өткізеді. Балалар сыныптан тыс сабақтарға да қатысады: бір баласы бокс клубына барады және қазақ күрестерімен шұғылданады, екіншісі футболға қатысады, үшіншісі ағылшын тілін меңгеріп жүр.

Анасы кейде еден жуушы немесе ыдыс жуушы болып нәпақасын табады. Осы қосымша табыс болмаған кезде отбасы бюджетін атаулы әлеуметтік көмек бағдарламасы бойынша алған қаражат, балаға арналған мемлекеттік жәрдемақы, және көп балалы аналарға төленетін жәрдемақы құрайды, ал анасы көп уақытын балалардың қамымен өткізеді. Күйеуінің туыстарымен қарым-қатынас шиеленіскен. Күйеуі арасында жанжал шығарып тұрады. Отбасы анасының туыстарымен жақсы қарым-қатынаста, олар кейде ақшалай көмектесіп тұрады. Қыс мезгілінде отбасы баспананы жылытудан қиналады.



Қауіпсіздік

Әл-ауқат аспектілерін анықтау, бағалау және мониторингілеу көрсеткіштері

- Бала үйде, мектепте, қоғамдастықта қауіпсіз ортада өмір сүреді;
- Ата-ана/қамқоршы баланы барлық жерде ертіп жүреді;
- Бала қараусыз қалмаған, бейтаныс немесе кәмелетке толмаған балалардың қарауында қалмаған;
- Бала барлық жүретін жерлерінде кез келген зорлық-зомбылық, кемсіту, жарақаттау түрлерінен қорғалған.
- Баланы қажет кезде көмек сұрауға және жақын адамдарымен сенімді қатынас орнатуға ынталандырады;
- Баланы үйдегі, мектептегі, қоғамдастықтағы қауіпсіздік ережесіне үйретеді.

Ата-аналарға қойылатын сұрақтар

- Баланың өзінің төсегі бар ма? Жоқ болса, кімнің қасында ұйықтайды?
- Баланы қалай жазалайсыз және қандай жағдайда жазалайсыз?
- Бала бала-бақшаға/мектепке бара ма?
- Балаға бала-бақшада/мектепте болған ұнай ма? Сіз оны қалай анықтайсыз?
- Бала үйде/бала-бақшада/мектепте жарақат алды ма? Ол қалай орын алды?
- Баланы қалай жұбатасыз? (кішкентай балалар үшін)

- Балаға серуендеп жүру ұнай ма? Серуендеуге балаңызды қаншалықты алысқа жібересіз? Ол далада болғанда оның қайда жүргенін қаншалықты жиі тексеріп тұрасыз? Серуендеуге кіммен бірге жібересіз?
- Баспанаңыз немен жылытылады? Егер отпен жылытылса, баланың отқа жоламауын қалай тоқтатасыз?

Балаларға қойылатын сұрақтар

- Сіздер үшін қауіпсіздік деген нені білдіреді?
- Егер қалай әрекет жасау керектігін білмейтін жағдай орын алса, сіз кімнен көмек сұрайсыз ...
- Мұғалім мен сіздің араңызда келіспеушілік туындағанда бұл жөнінде кімге айтасыз?
- Қай жерде сіз өзіңізді қауіпсіз сезінесіз?
- Сенім телефонын білесіз бе?
- Сіз бір нәрседен қорқып, ешкім сізге көмектесе алмайтын кезде не істейсіз?
- Сіз үшін ең қауіпсіз жер қайда (үйде, мектепте немесе қоғамда)? Неге?
- Саған бір нәрсе болып қалса, басқалары не істейді?
- Сіз үйден шығып бара жатып, үлкендердің біреуіне кетіп бара жатқаныңыз туралы айтып кетесіз бе? (Кімге? Не үшін?)
- Өзіңді қалай қорғау керектігін білесіз бе? Қалай?



Денсаулық

Әл-ауқат аспектілерін анықтау, бағалау және мониторингілеу көрсеткіштері

- Бала үшін гигиеналық талаптарға сай келетін өмір сүру және даму жағдайлары жасалған;
- Балаға өмір сүру режимі жасалған, ол жалықтырмас үшін күшті және жұмысқа қабілеттілікті қалпына келтіруге көмектеседі;
- Бала физикалық даму үшін ойындар мен спорттық шараларға қатысады.

Ата-аналарға қойылатын сұрақтар

- Баланың күнделікті тамақтану рационы қандай?
- Бала күніне неше рет тамақтанады?
- Бала қаншалықты жиі жуынады? Қаншалықты жиі тісін тазалайды? Оның өзінің тіс щеткасы, өзінің сүлгісі бар ма?
- Баланың дені сау ма? Отбасылық дәрігерге қандай мәселемен және қаншалықты жиі қараласыз?
- Баланың барлық қажетті екпелері бар ма?

Балаға қойылатын сұрақтар

- Дені сау бала дегенді қалай түсінесің?
- Сіздің ауырып қалғаныңыздың белгілері қандай?
- Денсаулығыңызға не нәрсе зиян келтіруі мүмкін?
- Сіз мектепте сабақ үстінде ауырып қалғанда өзіңізді қалай сезіндіңіз?
- Спортпен қаншалықты жиі шұғылданасыз?
- Медициналық тексеруден қаншалықты жиі өтесіз?
- Әдетте таңғы асқа не жейсіз?
- Қандай гигиена ережелерін ұстанасыз?
- Сіз ауырып қалғанда сізге күтім жасаған адам болды ма? Кім?
- Күнделікті қанша рет тамақтанасыз?
- Өзіңді жайсыз сезінгенде кімге қоңырау шаласыз?
- Сіздің денсаулығыңыз үшін қандай азық-түлік өнімдері қауіпті?
- Денсаулығыңызды сақтау үшін өмір сүру салтында нені өзгертуіңіз керек? (тамақ, күнделікті жаттығулар және т.б.)
- Сіз саябақта серуендеу мен видео ойын ойнаудың қайсын ұнатасыз? Неге?



Іске асыру

Әл-ауқат аспектілерін анықтау, бағалау және мониторингілеу көрсеткіштері

- Баланың интеллектуалдық, психологиялық, эмоциялық дамуы жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді;
- Бала мектепте жетістіктерге қол жеткізген, өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастырған;
- Бала өз шаруасын өзі тындыра бастайды, болашақта немен айналысқысы келетіні туралы ойлайды, басқа адамдармен қарым-қатынасына бағалау жүргізеді;
- Ата-аналар/қамқоршылар баланың әртүрлі іс-шараларға қатысуын қолдайды, баланың мүдделеріне сәйкес оның дамуы мен қалыптасуына жағдай жасайды.

Ата-аналарға қойылатын сұрақтар

- Бала үйде қандай ойындарды ойнайды?
- Бала сабағын қай жерде орындайды? Оның үстелі бар ма? Баланың өзін қызықтыратын кітаптары бар ма? Ойындары ше?
- Бала бала-бақшаға/мектепке бара ма?
- Баланың сабақ үлгерімі қалай?
- Балаға қай пәндер ұнайды? Қай пәндер ол үшін қиын?
- Балаға үй тапсырмасын жасауға қалай көмектесесіз?

Балаға қойылатын сұрақтар

- Сіз үшін табыс деген не?
- Сәтсіздік деген не?
- Табысты бала болу үшін не істеу керек?
- Сіздің осы уақыттағы ең үлкен жетістігіңіз қандай?
- Өз арманыңызға жету үшін кім көмектеседі?
- Бір нәрсе жасап жатқанда отбасыңыз қолдау көрсете ме?
- 10 жылдан кейін өзіңізді қай жерден көресіз?
- Өз мақсатыңызға жету үшін не істеп жатырсыз?
- Өз мақсатыңызға жету үшін сізге не керек?
- Айналаңыздағы адамдар сіздің табысыңызды немесе сәтсіздігіңізді қалай бағалайды?



Сүйіспеншілікпен күтім және қамқорлық жасау

Әл-ауқат аспектілерін анықтау, бағалау және мониторингілеу көрсеткіштері

- Балаға жасына және жыл мезгіліне сай күтім жасалған және киіндірілген;
- Бала көбінесе оптимист және үнемі көтеріңкі көңіл-күйде жүреді;
- Ересектер баламен қарым-қатынас жасауда өте эмоциялы, көбінесе оның сәтсіздіктеріне қарағанда, жетістіктерін талқылайды;
- Ересектердің баламен өткізетін уақыты жеткілікті, олармен күндіз болған оқиғаны талқылайды, отбасының және отбасылық дәстүрлердің маңыздылығына басымдық білдіреді.

Ата-аналарға қойылатын сұрақтар

- Бала күні бойы басынан өткен оқиғаларды сізбен бөлісе ме? Қуанышымен, уайымдарымен, проблемалармен бөлісе ме?
- Бала сізден кеңес сұрай ма?
- Баланы қалай мақтайсыз?
- Баланы қалай жұбатасыз?
- Оның мектепте/үйде достары бар ма?
- Бала қателік жасағанда/төмен баға алғанда және т.б. кездерде сіз не істейсіз?

Балаларға қойылатын сұрақтар

- Сіз үшін махаббат нені білдіреді?
- Сізде өзіңізге күтіп қарауға барлық жағдай бар ма?
- Сіз үшін махаббат деген не? Бұл қалай білінеді?
- Қамқор бала дегенді қалай түсінесіз?
- Сіз қателік жасағанда ата-анаңыз не істейді? Жағдайды сипаттап беріңіз.
- Жалғыз қалғыңыз келгенде қайда кетіп қаласыз? Неге?
- Өзіңіздің соңғы болған туған күніңізді қалай атап өттіңіз?

- Жаныңыз қиналғанда оны ересектер байқайды ма? Осындай сәттерді жеңуге олар қалай көмектеседі?
- Сізден «Хал-жағдайың қалай?» деп қаншалықты жиі сұрайды.
- Өз проблемаң жайлы кіммен сөйлесесің? Неге?



Белсенділік

Әл-ауқат аспектілерін анықтау, бағалау және мониторингілеу көрсеткіштері

- Ересектер баланың құмарлығын, қоршаған әлемді тануын, қызығушылықтарын дамытуды ынталандырады;
- Бала әртүрлі іс-шараларға, қызыққан үйірмелеріне және т.б. қатысады;
- Ата-аналар/қамқоршылар баланың мектептегі/бала-бақшадағы шараларына қызығады, басқа ата-аналармен және мұғалімдермен қарым-қатынас жасайды, әртүрлі іс-шараларды ұйымдастыруға көмектеседі.

Ата-аналарға қойылатын сұрақтар

- Балаңыз неге қызығады?
- Балаңыздың хоббиі бар ма?
- Мектепте қандай да бір үйірмеге қатыса ма?
- Баланың бос уақыты бар ма?
- Оны қалай өткізеді?
- Баланың үйде атқаратын ісі қандай? Ол күніне оның қанша уақытын алады?
- Сіз баламен ойнайсыз ба?
- Сіз баламен бірлесіп қандай істі жасайсыз?

Балаға қойылатын сұрақтар

- Белсенді адам болашақта табысты бола ма? Неге?
- Волонтерлік туралы естігенсіз бе? Бұрын-соңды волонтерлік науқанға қатыстыңыз ба? Сипаттап беріңіз.
- Бос уақытыңызда немен айналысасыз?
- Достарыңызбен қаншалықты жиі кездесіп тұрасыз?
- Қандай сүйікті ойындарыңызды достарыңызбен бөлісесіз?
- Демалыс лагерлерінен немесе мектептен тыс басқа іс-шаралардан қандай пайдалы нәрселер туралы білдіңіз?
- Қай салада сіз өзіңізді аса белсенді сезінесіз?
- Мен келесідей әрекеттерді жасағанда өзімді керек болғанымды сезінемін: ...
- Сіз жасауға қатысқан әрекеттердің қайсысын зор қуанышпен істедіңіз?



Құрмет

Әл-ауқат аспектілерін анықтау, бағалау және мониторингілеу көрсеткіштері

- Баланы басқаларға сыпайылық танытуға және құрметпен қарауға үйретеді;
- Ересектер баланың киім, тамақ, ойын-сауық және т.б., қатысты пікірі мен таңдауын құрметтейді;
- Ересектер баламен одан не күтетіні турал ашық сөйлеседі, олардың сыны сындарлы және оған нақты мысалдар келтіріп отырады;
- Ересектер баламен құрметтеу туралы сөйлесіп, оны басқа адамдарға көмектесу керектігін үйретеді.

Ата-аналарға қойылатын сұрақтар

- Бос уақытыңызды қалай өткізу керектігін шешу барысында шешім қабылдауға кімдер қатысады? Баладан оның ойы туралы сұрайсыз ба?
- Баладан таңғы асқа және т.с.с. не жегісі келетіні туралы сұрайсыз ба?
- Баладан қандай киім кигісі келетіні туралы сұрайсыз ба?
- Балаңыз сізден кеңес сұрай ма?
- Балаңыз кім болғысы келеді?

Балаға қойылатын сұрақтар

- Сыйлы бала қандай болады?
- Сіз бәрінен артық құрметтейтін 3 адамды атаңыз. Неге?
- Айналаңыздағы адамдар сіздің пікіріңізді естігенде өздерін қалай ұстайды?
- Сізде өзіңізді бағаланбай қалғандай сезінген жағдайлар болды ма? Сол сәтте не сезіндіңіз?
- Үйде сіздің пікіріңізді таңдауыңызды құрметтейді деп ойлайсыз ба?
- Сіздің пікіріңізді кім тыңдайды?
- Өміріңізде шешім қабылдауға қатысқан жағдайды сипаттап беріңіз?
- Сізді құрметтемеген кезде жағдайдан қалай шығасыз?
- Сізге бір нәрсе керек болғанда кімдер қолдау көрсетеді?
- Өміріңізде сіздің пікіріңіз бола тұра, ешкім оның қарастырмаған жағдайды айтып беріңіз?



Жауапкершілік

Әл-ауқат аспектілерін анықтау, бағалау және мониторингілеу көрсеткіштері

- Бала пунктуалды болуды, белгіленген режимді орындауды, бөлме тазалығын сақтауды үйренеді;
- Ересектер балаға үй тапсырмасын орындауды, ойын-сауыққа, үйдегі шаруаны орындауды жоспарлауға көмектеседі;
- Ата-аналар/қамқоршылар баланы жасы мен мүмкіндіктеріне қарай үйдегі міндеттерін орындауға тартады (үй жинау, тамақ әзірлеу).

Ата-аналарға қойылатын сұрақтар

- Баланың үй шаруасындағы міндеті қандай?
- Бала белгілі бір әрекетті жасауға жауапкершілікті қалай алады?
- Балаға ақша бересіз бе?

Балаға қойылатын сұрақтар

- Жауапты бала дегенді қалай түсінесіз?
- Күнделікті өміріңіздің бір күнін сипаттап беріңіз?
- Сіздің міндеттеріңіз қандай?
- Мектепте, үйде қандай міндет алғыңыз келеді?
- Үй шаруасына қанша уақытыңызды жұмсайсыз?
- Оқушының қандай міндеттерін құрметтейсіз?
- Уақытыңызды қалай ұйымдастырасыз (күн режимі)?
- Ережелерді сақтай аласыз ба? Қалай?
- Жасаған істеріңізге жауапкершілік аласыз ба? Қалай?
- Сізді жауапты болуға не итермелейді?



Бірлесу / инклюзия

Әл-ауқат аспектілерін анықтау, бағалау және мониторингілеу көрсеткіштері

- Бала мектепте, қоғамдастықта жынысы, этникалық белгілері, денсаулығы бойынша еш кемсітусіз әртүрлі іс-шараларға қатысады;
- Балаға өз достарына баруға, достарын үйге шақыруға рұқсат етілген.
- Ересектер баланың мектептегі, қоғамдастықтағы қызығатын әртүрлі іс-шараларына қолдау білдіреді.

Ата-аналарға қойылатын сұрақтар

- Бала құрбыларымен қандай қатынаста?
- Оның достары бар ма?
- Олар бос уақыттарын қалай өткізеді?
- Балаңыз қандай үйірмелерге қатысады?

Балаларға қойылатын сұрақтар

- Сіз үшін қоғамға қосылу деген не?
- Отбасындағы күніңізді қалай өткізесіз?
- Отбасында сіздің қандай көзқарасыңызды сұрайды әрі құрметпен қарайды?
- Бос уақытыңызды қалай өткізесіз? Әдетте немен айналысасыз?

- Демалысыңызды қалай өткізесіз?
- Хоббиіңіз бар ма? Ол не?
- Сізге мектепте топпен бірлесіп жұмыс істеу керек болғанда, сіздің топта бірге болғыңыз келген адамды таңдауға мүмкіндігіңіз бола ма?
- Қандай жағдайда өзіңізді пайдалы сезінесіз?
- Сіз бір шараға қатысқыңыз келгенде айналаңыздағылар «Жоқ, қатыспайсыз» деп айтқан кездер болды ма? Неге?
- Сіз әлдебіреуге топқа қосылуына немесе топтың өзіне көмектестіңіз бе? Қалай?

Бағалау мына сұрақтарға жауап беруі тиіс:

1. Балалардың әл-ауқатына не кедергі жасайды?
2. Бұл балаға және оның отбасына көмектесу үшін менде барлық қажетті ақпарат бар ма?
3. Қазір мына балаға және оның отбасына көмектесу үшін не істей аламын?
4. Мен өкілі болып тұрған ұйым/қызмет бұл балаға және оның отбасына көмектесу үшін не істей алады?
5. Басқа мамандардан, қызметтерден немесе ұйымдардан қандай қосымша қолдау қажет болуы мүмкін?



Отбасының күйзеліске төзімділігі

Неге назар аударуыңыз керек:

- Проблеманы шешу дағдылары.
- Күйзеліске бой алдырмау қабілеті.
- Өз бетінше күтім жасау стратегиясы.
- Көмек іздеу.
- Психикалық денсаулық қызметі немесе психикалық белсенді заттарды қолданып қиянат жасаудан емдеу қызметі.
- Күйзеліс ата-ана рөліне ықпал етеді.

Сіз қоятын сұрақтар:

- Ата-ананың / қамқоршының күнделікті проблемаларды шешу дағдылары бар ма?
- Ата-ананың / қамқоршының күйзелісті жеңу және күйзеліс жағдайында эмоцияларын басқару қабілеті бар ма?
- Ата-ана / қамқоршы ата-аналық рөліне күйзелістің ықпалын тоқтата ала ма?
- Ата-ананың / қамқоршының өз өзіне қызмет көрсету стратегиялары бар ма және тұрғын үйдің / үй шаруасының тәртібін сақтай ма?
- Ата-ананың / қамқоршының көмек сұрау мүмкіндігі бар ма?
- Ата-ана / қамқоршы отбасы бюджетін жоспарлауға және басқаруға қабілетті ме?
- Ата-ана / қамқоршы есірткіге немесе алкогольге тәуелді болған кезде оны мойындауға және емделу үшін көмекке жүгінуге қабілетті ме?
- Ата-ана / қамқоршы жұмыс, тіршілік көздерін іздеуге ынталы ма?
- Ата-анаға / қамқоршыға қойылатын қосымша сұрақтар:
- Сізге күнделікті міндеттерді атқаруға не көмектеседі?
- Күшті қайдан аласыз?
- Бұл сізге балаларды тәрбиелеуге және асырауға қалай көмектеседі?
- Өзіңізге және отбасыңызға арналған мақсат бар ма?
- Сізді күнделікті қандай проблемалар немесе сәтсіздіктер толғандырады? Оларды қалай шешіп жүрсіз?
- Сіз күйзелісте болған кезіңізде балалардың қажеттілігін қалай қанағаттандырасыз?
- Сізге кім көмектеседі: күйеуіңіз / әйеліңіз?
- Күйзеліс кезінде бойыңызды еркін ұстауға не көмектеседі?
- Күйзелісте бола тұра, өзіңізге күтімді қалай жасайсыз?



Отбасына қолдау көрсететін әлеуметтік желі

Неге назар аударуыңыз керек:

- Баланың дұрыс дамуын ата-аналар түсіне ме әрі қолдай ма?
- Ата-анасы өз баласының мінез-құлқын байқап, бақылауда ұстай ала ма?
- Ата-аналардың бойында өз балаларын жасына қарай болжау, тәрбиелеу, қарым-қатынас жасау, қорғау және бақылау қабілеттері бар ма және соны түсіне ме?
- Бала ата-анасының стратегиясын құптай ма?
- Ата-аналар өз рөлін өздері түсіне ме және пайдалана ма?
- Ата-аналардың белгілі бір проблемалар мен мәселелер туындаған кезде баланың дамуы мен тәрбиесіне қатысты ақпаратты алатын сенімді дереккөздері бар ма?
- Ата-аналар баланың мектепке дейінгі және мектептегі іс-шарасына қатыса ма?
- Ата-аналар баланың нақты қажеттіліктерін түсіне ме (әсіресе, оның дамуы мен мінез-құлқына байланысты ерекше қажеттіліктері болғанда)?

Сіз қоятын сұрақтар:

- Ата-ананың/қамқоршының адамдармен өзара көмектесу қарым-қатынасы қалыптасқан ба (достар, туыстар, көршілер, діни қоғам, ұйымдар және т. б.)?
- Ата-ана/қамқоршы қиындықтарға тап болған кезде, мысалы, оған көлік, балаға күтім жасау немесе басқа да қажеттіліктер қажет болған кезде әлеуметтік желіге жүгіне ала ма?
- Ата-ана/қамқоршы басқа адамдардан қолдау сұрай ма және қабыл ала ма?
- Ата-ана/қамқоршы баланың проблемалары немесе қиындықтары бірдей құрбы-құрдастарының ата-аналарымен жақсы қарым-қатынас жасай ма?
- Ата-ана/қамқоршы басқа ата-аналарға/адамдарға көмегін/қолдауын бере ме?
- Ата-ана/қамқоршы қоғамдық іске араласа ма?
- Ата-анаға / қамқоршыға қойылатын қосымша сұрақтар:
- Сіз мұқтаж болған кезде достарыңыздан, туыстарыңыздан, қоғамдастық мүшелерінен көмек аласыз ба?
- Қандай да бір қоғамдық топтарға немесе ұйымдарға қатысасыз ба/мүшесіз бе?
- Кімнен көмек сұрайсыз немесе кіммен ақтарылып сөйлесе аласыз? Қаншалықты жиі кездесіп тұрасыздар?
- Қажет болған кезде қолдауды/көмекті қысылмай сұрай аласыз ба?
- Басқа адаммен достасу/дос болу қиын немесе қиындау болып көріне ме? Егер бұл қиын болса, қиындығы неде?
- Басқа адамдармен байланыста/достық қарым-қатынаста болуға не көмектеседі?



Бала күтіміне және дамуына байланысты ата-ана қабілеттері

Неге назар аударуыңыз керек:

- Ата-ана баланың салауатты дамуын түсінеді ме және қолдау жасайды ма?
- Ата-анасы өз баласының мінез-құлқын байқап, бақылауда ұстай ала ма?
- Ата-аналардың бойында өз балаларын жасына қарай болжау, тәрбиелеу, қарым-қатынас жасау, қорғау және бақылау қабілеттері бар ма және соны түсіне ме?
- Бала ата-анасының стратегиясын құптай ма?
- Ата-аналар өз рөлін өздері түсіне ме және пайдалана ма?
- Ата-аналардың белгілі бір проблемалар мен мәселелер туындаған кезде баланың дамуы мен тәрбиесіне қатысты ақпаратты алатын сенімді дереккөздері бар ма?

- Ата-аналар баланың мектепке дейінгі және мектептегі іс-шарасына қатыса ма?
- Ата-аналар баланың нақты қажеттіліктерін түсіне ме (әсіресе, оның дамуы мен мінез-құлқына байланысты ерекше қажеттіліктері болғанда)?

Сіз қоятын сұрақтар:

- Ата-ана/қамқоршы баланың салауатты дамуына жағдай жасай ма?
- Ата-ана / қамқоршы баланың мінез-құлқын бақылауда ұстай ала ма, баланың қайда жүргенін әрдайым біле ме?
- Ата-ана / қамқоршы жасайтын ата-аналық дағдылар дұрыс па, оның үміттері баланың жасына сай келе ме? Қолданылатын тәрбиелеу әдістері қандай? Баламен қалай сөйлесу және оны қалай бақылауда ұстау керектігін біледі?
- Бала ата-анасының/қамқоршысының әрекеттерін құптай ма?
- Ата-ананың / қамқоршының белгілі бір проблемалар немесе мәселелер туындаған кезде баланы тәрбиелеуге, дамытуға, оның күтіміне қатысты ақпарат алатын сенімді дереккөзі бар ма?
- Ата-ана / қамқоршы мектептегі іс-шараларға, ата-аналық топтарға қатыса ма?
- Ата-ана / қамқоршы баланың ерекше (дамуындағы немесе мінез-құлқындағы) қажеттіліктерін түсіне ме?

Сіз қоятын сұрақтар:

- Балаңыздың қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндіктеріңіз мен қабілеттеріңіз жеткілікті ме?
- Бала тәрбиелеуде және күтімін жасауда не нәрсе сізге ұнайды? Бұл процесте сізге не нәрсе ең қиын болып көрінеді?
- Балаларды тәрбиелеуді қалай үйрендіңіз?
- Сіз балаңызбен ашық әрі құрмет танытып сөйлесе аласыз ба? Балаңызды тыңдай білесіз бе?
- Сіз баланы жетілдіру мен оның күтіміне қатысты жаңа нәрселерді үнемі біліп үйреніп отырасыз ба?
- Балаңызды дамытуға немесе мінез-құлқына қатысты сізді алаңдататын нәрселер бар ма?
- Балаңызға жеткілікті уақыт бөлемін деп ойлайсыз ба?



Заманға сай қажетті қолдау іздеу

Неге назар аударуыңыз керек:

- Ата-ана қызметтерді қымсынбай пайдалана ала ма?
- Ата-ана бұрын осы қызметтермен дұрыс жұмыс істей алды ма?
- Ата-анаға қызметтерді алуға кедергі келтірген ерекше бөгет жағдайлар бар ма (сауатсыздық, ақпаратты қабылдай алмау, көліктің болмауы және т.б.)?
- Қызметтерді өте тиімді пайдалану үшін жеке мінезінің қандай да бір ерекшеліктер бар ма (пунктуалдылық, жеке ақпаратты беру ниеті және т.б.)?
- Ата-ана отбасының нақты қажеттіліктерінен туындаған күйзелістен баласын қорғауды талап ете ме?

Сіз қоятын сұрақтар:

- Ата-ана/қамқоршы қоғамдастық деңгейінде қызметтерді алуға көмекті ашық сұрай ала ма?
- Ата-аналар/қамқоршылар бұрын осы қызметтерді дұрыс пайдалана алған ба?
- Ата-ананың/қамқоршының қоғамдық қызметтерді алуға кедергі келтіретін ерекше бөгет болатын жағдайлары бар ма (сауатсыздық, біліксіздік, ақпаратты қабылдай алмау, шектеулі мүмкіндік, көлігінің болмауы және т.с.с.)?

- Отбасы қажеттілік туындағанда медициналық қызметті алуға қабілетті ме?
- Ата-ана жұмысқа орналасу үшін барлық мүмкіндікті қарастыра ма (жұмыс істемейтіндер үшін)?
- Ата-ананың/қамқоршының қызметтерді тиімді пайдалану үшін жақсартатын және жақсартуды қалайтын тұлғалық немесе мінез-құлық қасиеттері бар ма (пунктуалдылық, жеке ақпаратты ұсынуға дайындық және т. б.)?
- Ата-аналарға/қамқоршыларға қойылатын сұрақтар:
- Отбасыңыздың лайықты өмір сүруін қамтамасыз ету үшін табысыңыз жеткілікті ме?
- Өз үйіңізді, жұмысыңызды сақтап қалу, жылу, электр жарығы, газ және т.б. үшін шоттарды төлеу үшін сізге не керек?
- Сіздің қоғамыңызда берілетін қызметтер/ресурстар туралы білесіз бе және оларды қалай алуға болады?
- Проблеманы шешу үшін не істейсіз? Ол тиімді әрі пайдалы ма?
- Осы проблемалардың шешімі сізге қалай әсер етеді?



Баланың бойындағы эмоциялық және әлеуметтік дағдыларын ата-ананың/қамқоршының дамыту қабілеті

Неге назар аударуыңыз керек:

- Ата-аналар баланың әлеуметтік-эмоциялық дамуын қалай көтермелеуге және жасына байланысты тәртіптік стратегияларды қалай қолдануға болатынын біле ме?
- Ата-аналар баланың өз эмоцияларын білдіруі үшін қауіпсіз сезінетін дұрыс орта жасай ала ма?
- Ата-аналар баланың эмоцияларына жауап бере ме?
- Ата-аналар эмпатия білдіре ме?
- Ата-аналар нақты үміттер мен шектеулер белгілей ме (мысалы, «Біздің отбасымызда ешкім ешкімді ұрмайды»)?
- Ата-аналар әрекеттерді эмоциялардан ажырата ма (мысалы, «Кейде ренжуге жол беріледі, бірақ ренжіп тұрғанда ешкімге зиян келтірмеуің керек»)?
- Ата-аналар сәлемдесу және жақсылық үшін алғыс білдіру сияқты әлеуметтік дағдыларды сіңдіруді дамытып көмектесе ме?
- Ата-аналар балаларға проблеманы шешуді үйренуге мүмкіндік жасай ма? («Сізді біреу келеке етсе не істеуіңіз керек деп ойлайсыз?»)

Сіз қоятын сұрақтар:

- Ата-ана/қамқоршы баланың әлеуметтік, эмоциялық дамуын қалай ынталандыру және жасқа қарай тәртіптік жазаларды қалай қолдану керектігін біле ме?
- Ата-ана/қамқоршы баланың өз эмоцияларын білдіруі үшін қауіпсіз сезінетін дұрыс орта жасай ма? Ата-ана/қамқоршы баланың эмоцияларына жауап бере ме?
- Ата-ана/қамқоршы аяушылық білдіре ме?
- Ата-ана/қамқоршы балаға жасына қарай түсінікті сенімдерінің нақты шектерін белгілей ме? (мысалы, «Біздің отбасымызда екім жаман сөз айтпайды және ешкім төбелеспейді»)
- Ата-ана/қамқоршы әрекеттерді эмоциялардан ажырата ма (мысалы, «Кейде ренжу қалыпты жағдай деп есептелетін кездер болады, бірақ ренжіп тұрғандықтан, ешкімге зиян келтірмеуің керек»)?

- Ата-ана/қамқоршы сәлемдесу және алғыс білдіру сияқты әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға көмектесе ме?
- Ата-ана/қамқоршы балаға проблеманы шешуді үйрете ме («Басқа бала сені боғауыз сөзбен балағаттаса сен не істеуің керек?»)?
- Ата-анаға / қамқоршыға қойылатын қосымша сұрақтар:
- Сіз бен балаңыздың арасындағы эмоционалдық қатынастар қандай?
- Сіз балаңызға деген махаббатты және бауырмалдығыңызды қалай білдіресіз?
- Балаңызға өз эмоциясын білдіруіне қалай көмектесесіз?
- Қандай жағдайларда балаңыздың эмоциясын бақылауда ұстау қиын болады?



Отбасының проблемаларын шешу әрекеттері

Баланың қауіпсіздігі:

Үрей себептері баланың отбасындағы қауіпсіздігімен байланысты болса, балаға үйде қауіпсіз жағдай жасау қажет болады.

Маман көп салалы топпен бірлесе отырып үйде қауіпсіз ортаны жасау үшін келесі әрекеттерді жоспарлауы керек:

- Отбасына қосымша қолдау көрсету – үй жөндеуге, алғашқы қажетті заттарды сатып алуға ақшалай қаражат беру, азық-түлікпен көмектесу, жұмыс табуға көмектесу.
- Ата-ана құзыретіне сай болмағанда, ата-аналарға қолдау топтарына немесе ата-аналық дағдыларды дамыту бағдарламасына қатысуға кеңес беру;
- Отбасылық дәрігермен бірлесе отырып келесі қадамдарды жасау керек: баланы есепке қойып, қажетті ем-шараларды алу; бала күтіміне байланысты алғашқы ақпараттық және алдын алу шараларын жүргізу және т.б.;
- Педагогтармен бірлесіп, баланың бала-бақшаға / мектепке баруына жағдай жасау, үй жұмысын тұрақты орындауын қамтамасыз ету; оқу ісіне қатысуды қамтамасыз ету; алғашқы ақпараттық және алдын алу шараларын жүргізу. Ата-анаға баланың мектепке тұрақты баруына, балаға қажетті көмек беруіне және үй тапсырмасын орындауға көмектесуіне жауапкершілік арту;
- Полиция инспекторымен бірлесіп ата-аналардың әлеуметтік тәртібін бақылау, алғашқы ақпараттық-алдын алу жұмыстары және т.б. жүргізу.

Баланы құрметтеу

Егер үрей/мазасыздық себебі мектепте баланы құрметтеуге қатысты болса, онда бала әртүрлі әлеуметтік жағдайларда, әсіресе мектепте құрметке ие болатын жағдай жасау керек болуы мүмкін.

Маман көп салалы топпен бірлесе отырып келесі әрекеттерді жоспарлауы керек:

- Бала өзін-өзі жоғары бағалауы үшін ата-анаға/қамқоршыға қолдау көрсету: баланы жиі мақтау және көтермелеу; жаңа қиындықтарға қарсы тұру үшін және бала өзін ата-анасы/қамқоршысы мен аға-інілері/әпке-қарындастары тыңдайтынын және елеусіз қалдырмайтынын сезінуі үшін өмірлік дағдыларды дамыту; оның жеке өмірі мен жеке кеңістігін құрметтеу; оған құқықтары, қажеттіліктері, үміттері мен мақсаттары және т. б. бар жеке тұлға ретінде қарау.
- Ата-ана құзыретті болмаған жағдайда, ата-ананы/қамқоршыны қолдау тобына немесе балаларға қатыгездік таныту және үйде зорлық-зомбылық көрсетудің алдын алу және баланы тәртіпке келтіру үшін зорлық-зомбылықсыз әдістерін қолдану және т.б бойынша ата-аналық дағдыларды дамыту бағдарламасына қатысуға кеңестер мен ұсыныстар беру;
- Отбасылық дәрігермен бірлесіп балаға жасалатын күтім мен ем шара жөнінде кеңестер беріп, оған қатыстыру және т.б.;
- Педагогтармен бірлесіп балаға қатысты кемсідудің, мектептегі немесе қоғамдағы әріптестерінің немесе ересектердің тарапынан жасына, жынысына, этникалық тиістілігіне, діни сеніміне, мәдениетіне, денсаулығының шектеулі мүмкіндіктеріне, қиындықтарына, тұратын жеріне немесе баланың шығу тегіне қарай қорлаудың алдын алу; мектептегі әріптестерінің тарапынан қорқытуды немесе қудалауды болдырмау; педагогтарға, сыныптастарына және т.б. қолдау көрсету.

Отбасын қорғау факторларын нығайту үшін маман түрлі **стратегияларды** пайдалана алады:

АТА-АНАЛЫҚ ТӨЗІМДІЛІКТІ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ. Отбасының күшті жақтарына негізделген жұмыстың дұрыс тактикасын қолдану; Отбасына шешімді қабылдайтын негізгі тұлға ретінде қолдау көрсету; Жақсы сындарлы идеяларға қолдау көрсету; Отбасының дербес іс-әрекеттеріне қатысты жеке жоспарды жасауға назар аудару; Ата-аналарды/қамқоршыларды өздері жасаған жарақаттайтын әрекеттерін талдауға және қалпына келтіруге ынталандыру, Балаларды тәрбиелеу проблемаларын белсенді түрде шешуіне қолдау көрсету; Отбасы жағдайына жағымсыз әсер еткен әлеуметтік құбылыстарды түсінуге қолдау көрсету.

ОТБАСЫНА ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ЖЕЛІСІН ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ. Ата-аналарға/қамқоршыларға олардың әлеуметтік қолдау желісі мүшелері арасынан жақтаушыларды табуға көмектесу және олармен қарым-қатынас орнату, өзара қарым-қатынас дағдыларын дамыту, әлеуметтік желіні ЖЖ міндеті ретінде кеңейтуге немесе топтастыруға ынталандыру, ата-аналарды/қамқоршыларды салауатты әлеуметтік қатынастарды қалыптастырудағы кедергілерді жеңуге, үрей мен депрессияны жеңуге үйрету.

БАЛАЛАРҒА КҮТІМ ЖАСАУ ЖӘНЕ ОНЫ ДАМУ БОЙЫНША АТА-АНА МҮМКІНДІГІН ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ. Ата-аналарға тиісті ақпараттық қолдау (бағдарламалар, семинарлар, әдебиеттер) бере алатын қолайлы ресурстарды пайдалануға уақтылы жіберу, ата-аналардың тиісті әрекеттерін талдау және түсіндіру. Балаларға күтім жасау маңыздылығын түсіндіру. Балаға күтім жасау туралы ақпарат қажет болған кезде ата-аналар / қамқоршылар жүгіне алатын мамандарды анықтауға көмектесу.

УАҚЫТЫЛЫ ҚАЖЕТТІ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ СТРАТЕГИЯСЫ. Ата-аналардың / қамқоршылардың дер кезінде көмек сұрауына ынталандыру. Әлеуметтік қызметтермен сөйлесуге көмектесу. Әлеуметтік қызметтер жүйесінде бейімделуге көмектесу (ақпарат, анықтамалық қызметтер).

БАЛАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ЭМОЦИЯЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ БОЙЫНША АТА-АНАЛАРДЫҢ ДАҒДЫЛАРЫН НЫҒАЙТУ СТРАТЕГИЯСЫ. Өздерінің өміріндегі жарақаттайтын оқиғаларды және олардың бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынасқа тигізетін теріс әсерін түсінуге көмектесу. Ата-аналардың/қамқоршылардың бала бойында әлеуметтік және эмоциялық дағдыларды қалыптастыру қабілеттерін дамыту. Баланың әлеуметтік және эмоциялық дағдыларын дамытуға ықпал ететін отбасы мен ресурстар арасында байланыс орнатуға қолдау көрсету (әдебиет, ата-аналардың өзара көмек көрсету топтары, балалар топтары және т. б.), баланың бауыр басуы және мінез-құлқы мәселелері бойынша ата-аналарға қолдау көрсету.

Отбасының қорғаныс факторы	Ата-аналық төзімділік
Жарияланған дәлелдер	<p>жоспарлауды және басқаруды біледі» көрсеткіші «ЖОҚ» деп белгіленсе, онда ата-ана отбасы табысын басқара алмайды деген сөз.</p> <p>Қажет: Отбасы бюджетін жоспарлауға және басқаруға арналған ақпарат беру және дағдыларды қалыптастыруға көмектесу.</p>
ЖҚЖ-да қамтылған әрекеттер	<p>Маман ата-анамен/қамқоршымен бірлесіп:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қажетті шығындар мен келесі айға сатып алатын заттардың тізімін жасайды. 2. Тізімде басымдықтарды белгілейді, яғни қайсысы бірінші қажеттілік, қайсысы екінші қажеттілік, сатып алынатын қандай заттар «кейінге қалдыруға болады» және т.б. шешеді. 3. Табысты тізімдегі қай шығындарды өтеуге болатынын және оған ақшаның жететіндігін анықтау үшін бөледі. 4. Ақша жетпей жатқан кезде тізімнен нені алып тастауға болатынын немесе қалған ақшаны не нәрсеге жұмсауға болатынын шешеді. 5. Ата-ана тізімді бір ай ішінде жасалған барлық шығындармен толықтыруға міндеттенеді. 6. Ата-ана тізімді қалай ұстанатынын және келесі айдың бюджеттік жоспарын талқылайды. 7. Айдың соңында ата-ананың жоспарланған сатып алынатын заттардың бастапқы тізімін және бір ай ішінде жасалған шығындардың тізімін талдайтыны белгіленеді. <p>Жоғарыда аталған іс-әрекеттер ата-ананың отбасылық бюджетті жоспарлау және басқару дағдыларын игергенінше қайталануы мүмкін.</p>
Отбасының қорғаныс факторы	Отбасына әлеуметтік қолдау көрсету желісі
Жарияланған дәлелдер	<p>Егер ата-ана «Қоғамдастықта ұйымдастырылған іс-шараларға қатысу» көрсеткішіне «ЖОҚ» деп жауап берсе, бұл ата-ананың қоғамдастыққа қатысуға және онымен өзара іс-қимыл жасауға мүмкіндігі жоқ немесе қоғамдастықта болып жатқан іс-әрекеттер туралы білмейді дегенді білдіреді.</p> <p>Қажет: қоғамдық іс-шараларға қатысу үшін ақпарат беру және қолдау көрсету</p>
ЖҚЖ-да қамтылған әрекеттер	<p>Маман ата-анамен / қамқоршымен бірлесіп:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ата-ана/қамқоршы қоғамдастықтың басқа мүшелерімен өзара қатынас жасау үшін іс-әрекетті жоспарлайды. 2. Ата-ананы/қамқоршыны қоғамдық іс-шараларға тартады (Отбасы күні, Балалар күні және т.б.). Ата-анаға/қамқоршыға ата-аналар, балалар үшін ұйымдастырылған конкурсқа қатысуға ынталандырады немесе оны мерекелік іс-шараларға дайындалу процесіне тартады.

Отбасының қорғаныс факторы	Баланы дамыту және оған күтім жасау бойынша ата-ана дағдылары
Жарияланған дәлелдер	Егер ата-ана «Баланың дамуы мен мінез-құлқындағы қажеттіліктерді біледі және түсінеді» деген көрсеткішті «ЖОҚ» деп белгілесе, онда ата-ана баланың даму қажеттіліктерін білмейді және түсінбейді деген сөз. Қажет: Баланың дамуындағы қажеттіліктері туралы ақпарат беру.
ЖҚЖ-да қамтылған әрекеттер	Маман ата-анамен/қамқоршымен бірлесіп: 1. Ата-ананың баланы дамыту және баланың мінез-құлқы туралы біліміндегі кемшіліктерді анықтайды. 2. Ата-аналарға ұсынылған ақпарат көздерін анықтайды (баспа ақпараттық материалдар). 3. Қажетті ақпарат пен кеңестер бере алатын педагогтармен сөйлесуді қамтамасыз етеді. 4. Ата-аналармен/қамқоршылармен балаларды тәрбиелеу және т.б. мәселелерін (құзыреті шегінде) талқылайды.
Отбасының қорғаныс факторы	Уақытылы көрсетілетін қажетті қолдау
Жарияланған дәлелдер	Егер «... қызметтерді алуға көмектесу керек» көрсеткішіне ата-ана «ЖОҚ» деп жауап берсе, бұл оның бала мен отбасы қажеттіліктерін білмейтінін және кімнен қолдау сұрауға болатынын білмейтінін білдіреді. Қажет: Бала қажеттіліктерін түсінуге көмектесу және қажетті көмек беру.
ЖҚЖ-да қамтылған әрекеттер	Әлеуметтік көмекші ата-анамен/қамқоршымен бірлесіп: 1. Бала мен отбасының қажеттіліктерін білмеуін және түсінбеуінің себептерін айқындайды (сауатсыздық, ақпаратты қабылдау және түсіну қабілетінің төмендеуі және т.б.). 2. Бала мен отбасының қажеттіліктерін анықтайды. Ата-анаға / қамқоршыға осы қажеттіліктерді түсінуіне көмектесу керек. 3. Қажетті қызметтерге қол жеткізудегі ықтимал кедергілерді талқылайды, егер қауымдастықтағы қандай да бір маман ата-анаға белгілі бір іс-шараларға қатысуына мүмкіндік бермесе, жеке факторды алып тастау керек. 4. Отбасы мен баланың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажетті қолдаудың, қызметтің түрін анықтайды. 5. Қажет болса, осы процеске қоғамдастықтағы басқа да мамандар тартылады: мұғалімдер, медицина қызметкерлері және т.б. 6. Ата-аналарға қажетті қызметтерді алуға көмектесіңіз.

Отбасының қорғаныс факторы	Баланың бойындағы эмоциялық және әлеуметтік дағдыларын ата-ананың/қамқоршының дамыту қабілеті
Жарияланған дәлелдер	Егер «балаға өз пікірін білдіруді үйретеді және оны күнделікті шешімдерді қабылдау процесіне қатыстырады» көрсеткіші «ЖОҚ» деп белгіленсе, онда оның баламен қарым-қатынас жасау дағдылары жоқ. Қажет: баладан оны толғандыратын жағдайлар туралы пікірін сұрауға көмектесу.
ЖҚЖ-да қамтылған әрекеттер	Әлеуметтік көмекші ата-анамен/қамқоршымен бірге: 1. Ата-ана мен бала арасындағы қатынастың әртүрлі жағдайларын және олардың салдарын талдайды. 2. Баланың пікірін тыңдаудың және оны отбасылық іс-шараларға және оқиғаларға қатыстырудың маңыздылығын түсіндіреді. 3. Әртүрлі күнделікті жағдайларда баламен сөйлесудің жаңа тәсілдері жасайды



Отбасымен жұмыс істеу кедергісі

Маман отбасымен жұмыс жүргізгенде кедергілерге тап болуы ықтималдығын естен шығармауы керек:

- Психологиялық кедергілер: мазасыздық, қорқыныш, бәрін өзгертпей сол күйі қалдыру ниеті.
- Тұлға аралық кедергілер: басқа адамдардың теріс ықпалы және қорқыныш.
- Клиенттің өзгерістерді қабылдауының өзі кедергі болуы мүмкін.

Үлгі:


1. Егер өзгерістер ерікті болса – қарсыласу аз болады және өзгерістерге оң көзқарас болады.
2. Егер оны өзгерістер жасауға мәжбүрлеген болса, ол қарсыласуы және өзгерістерге ашулы болуы мүмкін.
3. Егер адам өзгерістерді қандай да бір қатерлермен байланыстыратын болса (оның өзін құрметтеуі, беделі және т.б.), ол қарсыласуы мүмкін.
4. Өзгерістер тым артық (өте көп) болса адам қандай да бір әрекеттер жасауға қабілетсіз болып қалуы мүмкін.
5. Бұл жағдайда үлкен өзгерістерді ұсақ басқарылатын бөліктерге бөлу көмектесуі мүмкін.
6. Өзгерістердің көпшілігі шығындармен байланысты (жайсыздық пен проблемалар болса да, әдеттегі өмір салтынан айырылады; практикалық және қаржылық шығындар (ажырасу кезінде); алкоголизмнен емделу достарды, баратын орындарды, сабақтарды таңдауда өзгертуді қажет етеді. Мұның барлығы шығынға алып келеді.



Отбасын жағдаймен жұмыс істеу жоспарын әзірлеу процесіне тарту стратегиясы

1. Отбасын ынтымақтастыққа тарту үшін клиенттің күшті жақтарын анықтап, ұзақ мерзімді өзгерістерге жол салу керек. Клиентті мүмкін болған кезде: балаларға бауыр басқаны үшін, оның жақсаруға ұмтылысы үшін, оның кіріс ең төмен деңгейде бола тұра «қаржыны әрең болса да жеткізіп отырғаны» үшін мақтаңыз.
2. Сұхбат барысында клиенттің қарсылық деңгейін ашу, қолдау, зерттеу, тексере отырып қарсыласуды басқарыңыз.
3. Клиенттің тәжірибесін ескеріңіз: отбасын өздерінің проблемалары және күштері/мүмкіндіктері туралы түсінігімен бөлісуге шақырыңыз.

4. Ведомствоның/қызметтің рөлін, олар көрсететін және отбасы мен бала қарым-қатынасына қатысты отбасының алаңдаушылығын төмендететін көмекті анықтау үшін сенімді, рөлдерді және жауапкершілікті нақты анықтаңыз.
5. Клиентке эмпатия, құрмет және түсіністік білдіріңіз.
6. Қабылдау стереотиптерін өзгертіңіз: «кедей – жалқау». Жақсарту үшін көптеген оқиғаларды, жағдайларды және мүмкіндіктерді түсінеді.



Әлеуметтік сүйемелдеу деген не?

Отбасын «әлеуметтік сүйемелдеу» деген не екенін түсіндіріп беріңіз. Қиын өмір жағдайындағы отбасын және балаларды әлеуметтік сүйемелдеудің міндеттері қандай?



Отасын сүйемелдеу

Сүйемелдеу балаларға, қиын жағдайда қалған отбасыларға, ересек адамдарға арналған қызметтер желісіне жататын әр түрлі саладағы мамандар тобын құрайтын пәнаралық команданың қатысуымен әзірленген жеке көмек жоспары негізінде жүзеге асырылады. Олар қиын жағдайларды шешу мақсатында ынтымақтасады. Пәнаралық команда мүшелері: дәрігер (медбике/медбауыр), психолог, полиция қызметкері, педагог, ҰЕҰ өкілдері болуы мүмкін. Команданың әрбір мүшесі бір мезгілде қандай да бір қызметтің өкілі болады; осылайша, пәнаралық команданың жұмыс істеуі сала аралық деңгейде араласуды білдіреді. Әлеуметтік қызметтер желісі шеңберінде сала аралық үйлестіру бенефициар мен оның айналасындағылардың ресурстары мен қажеттіліктері туралы маңызды ақпарат алуға бағытталған.

Араласудың нақты мерзімдері белгіленбейтініне қарамастан, бенефициардың бойында әлеуметтік қызметтерге тәуелділікті қалдырмауға тырысу қажет.

Араласу процесінде әлеуметтік көмекші осы іс бойынша жүргізілетін іс-шараларды қадағалауы тиіс. Бақылау – бұл істің дамуын қадағалау үшін қажетті жеке көмек жоспарын енгізу тұрғысындағы табыстарды тұрақты тексеру процесі. Ол бенефициардың жағдайы жақсармаған кезде оның ісіне араласу тәсілі мен жұмыс істеу түрін өзгерткен кезде, сондай-ақ қызметтер сапасының деңгейін және олар көрсететін әсерді арттыру үшін өте маңызды. Бенефициардың жетістіктерін ресми бақылау істі қайта қарау жөніндегі отырыстар шеңберінде жүзеге асырылады.

МОНИТОРИНГ

ЖЖ орындау мониторингіне отбасы мен баланың тиісті қызметтерді алатынын және көрсетілетін қолдау анықталған қажеттіліктерді қанағаттандыратынын тексеруді қамтиды. Сонымен бірге олардың жағдайы ЖЖ-ға сәйкес жақсарып келе жатқаны немесе керісінше, отбасының жағдайы нашарлап бара жатқаны тексеріледі. Мониторинг жеке жұмыс барысында жоспарланған әрекеттердің орындалғанын, қызметтер көрсетілгенін және олар балалардың қажеттіліктерін қанағаттандырағанын және олардың отбасының нығайғанын тексеру үшін тұрақты түрде жүргізіледі.

Жоспардың орындалуын бақылау әрекеттерінің үлгілеріне мыналар кіреді: егер бала мектепке қабылданса және оған барса, балаға қажетті медициналық қызмет көрсетілгенін, ата-аналармен әңгімелесу / жұмыс істеу олардың мінез-құлқына және баламен қарым-қатынасына қалай әсер еткенін, баланың ата-аналарымен қарым-қатынасы жақсарғанын және т.б. тексеру.

Сонымен қатар іске асыруды бақылау жағдай менеджеріне ЖЖ-ны қайта қарауды және өзгертуді талап етуі ықтимал баланың жағдайы мен отбасылық жағдайларындағы кез келген өзгерістерді анықтауға көмектесу үшін қажет. Мониторинг шеңберінде жаңа тәуекел факторларының пайда болуын немесе бұрын анықталған тәуекел деңгейінің жоғарылауын ескеру керек. Бұл жаңа шұғыл әрекеттерді талап етуі мүмкін, олар да ЖЖ-ға қосылады.

Мониторинг баланың жағдайы мен алғашқы араласу тіркелген сәттен (баланың маңызды қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған) бастап баланың ісі жабылғанға дейін жалғасады. Мониторингке сәйкес бару және жұмыс кездесулерінің

жиілігі, сондай-ақ мониторингке қатысты іс-әрекеттер түрі баланың жағдайына, оның нақты қажеттіліктері мен анықталған тәуекелдің деңгейіне, сондай-ақ оның жағдайының ілгерілеуі мен жақсаруына байланысты болады. Мысалы, егер баланы белгілі бір уақытқа отбасы үлгісіндегі баламалы қызметке орналастырса, тұрақты телефон қоңыраулары қабылданған баланың қауіпсіздігі мен әл-ауқатын тексеру үшін өте маңызды болуы мүмкін.

ЖЖ іске асыру мониторингі бойынша әрекеттер түрі:

1. Баламен және ата-анасымен/қамқоршысымен әңгімелесу.
2. Уақыт кестесіне сәйкес үйге бару: әдетте бұл қызмет көрсету /тікелей қолдау көрсету және мониторинг жүргізу үшін ЖЖ-ның бір бөлігі болып саналады. Бару мақсатының басымдықтарын анықтап, бұл жолғы бару бала мен отбасына қажетті қолдау көрсету үшін қалай пайдаланылатынын түсіну маңызды. Үйге бару салдары назарда болу керек, бала / отбасы зорлық-зомбылыққа / жарақатқа ұшырамайтынына сенімді болу керек (мысалы, тармақталған отбасының мүшелерін, көршілерді ескерту арқылы).
3. Үйге алдын ала келіспей және ескертпей бару: отбасы жағдайын бақылау үшін, сондай-ақ отбасындағы жағдай тұрақсыз / шиеленіскен / айтып білгісіз немесе күтім деңгейі нашар болған жағдайларда ерекше маңызды болуы мүмкін. Бұдан басқа, егер ата-аналар / қамқоршылар бұрын әңгімелесуден бас тартқан болса, бұл үйге бару әрекеттері баланы бақылауға немесе баламен жеке әңгімелесуге жақсы мүмкіндік береді.
4. Телефон қоңыраулары, көбінесе, балаларды бастапқы орналастыру кезеңдерінде қажет болуы мүмкін, бұл оқшауланған немесе шалғайдағы аудандарда тұратын балалар үшін пайдалы болуы мүмкін.
5. Қызмет көрсетушілерден баланың жоспарланған қызметтерге қол жеткізгенін және қажетті көмек алып тұрғанын растау.
6. Қауымдастық тарапынан бейресми мониторинг жүргізу, мысалы, егер мұғалім ЖЖ шеңберінде баланы қолдауға қатысса, баланың мұғалімімен байланысы.

ЖАҒДАЙДЫ ЖАБУ КРИТЕРИИ

Жағдайды жабу процедурасы отбасымен/баламен жұмыс жүргізуді жоспарлау кезінде өте маңызды болып табылады. Жұмыс тиімді болуы үшін бізде жағдайды жабуға нақты критерилер болуы керек, олар жеке жоспарды іске асыруда біздің мақсатқа қол жеткізгенімізді не жеткізбегенімізді түсінуге көмектеседі. Осы процесс кезінде егжей-тегжейлі талқылау жағдайды жабу процесін құрылымдауға көмектеседі және ол бойынша шешім қабылдау жеңіл болады. Осы мақсатта келесі сұрақтарды пайдалануға болады:

1. Жағдайды жабу критерилері анықталды ма?
2. Жоспарда белгіленген мақсаттарға жеттік пе?
3. Қандай мақсаттарға қол жеткізілді?
4. Өзгерістер тұрақты ма?
5. Отбасы әрі қарай жағдайды өз қолына ала алады ма?
6. Отбасының/баланың қолдау көрсетуші әлеуметтік ортасы бар ма?
7. Отбасы көмек қажет ете ме?


Балалары бар отбасының ісін жабу туралы шешім келесі салалардағы жетістіктерге негізделуі керек:

- Бенефициардың және оның отбасының салыстырмалы түрде тұрақтылыққа енуі;
- Бенефициардың іргелі қажеттіліктерінің қанағаттандырылуы;
- Отбасы/қоғам аясында баланың бойында өзіне деген сенімділік пен өзін-өзі құрметтеуі қалыптасты;
- Ата-аналардың баланың/балалардың қажеттіліктерін терең түсінуі;
- Ата-ана қабілеттерінің нығайтылуы;
- Отбасы ішіндегі қатынастардың жақсаруы;
- Ата-аналардың балаға қатысты өз міндеттерін түсінуі.

Ересек адамның ісін жабу туралы шешім келесі критерилерге байланысты болуы керек:

- тұлғаның өзіне өзі күтім жасау қабілеті және оның дербестік дәрежесі;
- жеке көмекшіні анықтау мүмкіндігі;

- әлеуметке қосылу;
 - бенефициардың өз отбасы мүшелерімен тұрақты қарым-қатынаста болуы.
- Жағдайды жабу процедурасы:**
- I. Отбасымен бірге қорытынды шығару;
 - II. Жақсы кері байланыс — отбасы үлкен іс атқарды, тұтастай отбасының және әр мүшесінің жетістіктерін жеке-жеке атап өту;
 - III. Тұтастай отбасының және әр мүшесінің жеке-жеке келесі қадамы;
 - IV. Кейін көмек сұрай алуы;
 - V. Жұмыс істейтін отбасына қолдау көрсету жүйесі туралы келісу (көмекті, қолдауды қайдан және қандай жағдайда алуға болады).



Жағдайды жабу критеріі

Мақсаты: жағдайды жабу критерилерін анықтауды үйрету.

Жұмыс істеуге арналған жағдаят:



Жұмыс уақыты

1. Татьяна есірткі қолданады және есірткі сатушыға қарыз. Ол Татьянаға есірткі құнын өзімен және достарымен жыныстық қатынас арқылы өтеуді ұсынды. Татьяна келісті, бірақ балалары ұйықтап қалған соң келуін өтінді (балалары 2 және 5 жаста).
2. Оляның (11 жаста) сабағында қиындықтар туындады. Ол үйге қайтқысы келмейді, себебі әкесі оған ақымақсың дейді, ал үйдегілер оның үстінен күледі.
3. Наташа (15 жаста) аяғы ауыр және баланың әкесі кім екенін айтқысы келмейді, одан қол үзгенін айтады.
4. Қолы сынған Николай (6 жаста) соңғы 6 ай ішінде екінші рет дәрігерге келіп тұр (бұрын қолының саусақтары сынған). Ол шалынып құлады дейді. Полиция үйден айқай-шу естіген көршілерінен бірнеше хабарлама алған. Полиция келгенде балалар үйінде болмаған.

Оқушыларға берілетін нұсқаулық: әр топқа бір жағдаяттан беріледі, олармен жұмыс істеу керек. Жағдайды жабу критерилерін анықтаңыз. Жағдайды жабу кезінде жауап берілуі тиіс сұрақтарды дайындаңыз.

Талқылау:

1. Жұмыс барысында не қиындық тудырды?
2. Жағдайды жабу бойынша шешім қабылдауға қандай дәрежеде қатысасыз?



8-ТАҚЫРЫП. КӘСІБИ КҮЮ СИНДРОМЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ОНЫ ЖЕҢУ



Сабақтың мақсаты: өзін ретке келтіру дағдыларын жетілдіру

Тапсырмалар:

1. Кәсіби күй синдромының табиғаты туралы білімін арттыру.
2. Күйзеліс деңгейін бағалауды үйрену.
3. Өз ахуалын басқару дағдыларын игеріп алу.

Мазмұны:

- «Кәсіби күй» ұғымы.
- Кәсіби күй себептері.
- Кәсіби күй компоненттері.
- Кәсіби күй синдромының алдын алу және оны жеңу.




Кәсіби күй ұғымы және оның себептері

Кәсіби күй – бұл созылмалы күйзеліс аясында дамидын және жұмыс істейтін адамның эмоционалдық-энергиялық және жеке ресурстарының сарқылуына әкелетін жағдай.

Күйзеліс жағдайын тудыратын күйзелткіш факторлар – төрт негізгі топ бойынша жүйелеуге болатын түрлі жағдайлар, оқиғалар, шарттар:

- I. **Өндірістік факторлар** – еңбек жағдайы мен жұмыс орнының ұйымдастырылуына қатысты (мысалы, уақытының біраз бөлігін бөлмеден тыс жерде өткізу қажеттілігі).
- II. **Құрылымдық факторлар** – кәсіптік қызметті ұйымдастыруға қатысты (мысалы, әртүрлі талаптары бар бірнеше басшының болуы).
- III. **Мамандықты сақтауға байланысты факторлар** – жұмыстың өзінің ерекшеліктеріне қатысты (мысалы, әрекеттерінің салдары үшін әлеуметтік жауапкершілікте болу).
- IV. **Тұлғалық факторлар** – жұмыс істеуші адамның тұлғалық ерекшеліктеріне қатысты (мысалы, өзіне тым жоғары талап қою).



Күйзелісті не тудырады

Жұмысыңызға қатысты теріс эмоцияларды, күйзелісті, уайым тудыратын, жұмысыңызды біршама қиындататын барынша көп себепті (факторды) топпен талқылап, жазып шығыңыз.




Кәсіби күй компоненттері

Эмоциялық тозу – эмоциялық күйіну, құлазу, ішкі ресурстардың таусылуы сияқты сезіледі. Адам жұмысты бұрынғысынша беріліп істей алмайды, өз эмоцияларының көмескіленуін, мұқалуын сезінеді, эмоциялық жарылыс орын алуы мүмкін.

Деперсонализация – жұмысына жағдайына жағымсыз, қайырымсыз, арсыз қатынасының даму үрдісі. Байланыстардың иесіздігі және ресмилігі артып кетеді. Адамдарға, әріптестерге, жұмыс жағдайларына қатысты теріс пиғылдар байқала бастайды. Олар ашулану ошағы немесе қақтығысу жағдайы түрінде орын алуы мүмкін.

Жетістіктердің құнсыздануы – өз жұмысындағы біліктілік сезімінің төмендеуі, өзіне көңілі толмау, өз ісінің құнының төмендеуі, кәсіби ортада өзін жеккөру. Өзінің теріс әрекеттері мен сезімдері үшін кінәлілік сезімінің пайда болуы, кәсіби және жеке өзін-өзі бағалаудың төмендеуі, өз дәрменсіздік сезімінің пайда болуы, жұмысқа немқұрайлы қарау.



Ресурстар

Топта мүмкіндігінше көп тәсілдерді, техникаларды, жаттығуларды, ұсыныстарды талқылаңыз және екі бағанға жазып шығыңыз:

- олар кәсіби күүдің дамуын тоқтатуға көмектеседі (сол жақ баған);
- олар басқа түскен кәсіби күүді еңсеруге көмектеседі (оң жақ баған).



Мені алда не күтіп тұр?

Кәсіби күүдің алдын алу үшін жұмыс пен үйдің арасындағы тепе-теңдікті сақтау және бірден ауыса білу өте маңызды. Ол үшін мына техниканы пайдалануға болады.

Жұмысқа бара жатып, жұмысыңызда күтіп тұрған алты жақсы нәрсені ойлаңыз. Ал жұмыстан қайтқанда, үйде күтіп тұрған алты жақсы нәрсені ойлаңыз. Сіз жұмысқа деген ынтаңыз бен ниетіңізді жоғалтып бара жатқаныңызды сезінсеңіз, сондай-ақ жұмыстағы қиындықтардан назарды басқаға аудару қиын болғанда, осы жаттығуды қайталап жүріңіз.



Менің ресурстарым

Әр адамның өз ресурсы бар, ол жұмыстағы қиындықтарды жеңуге көмектеседі. Есіңізге соларды түсіріп отыру, сондай-ақ жаңа ресурстарды іздей білу өте маңызды. Төмендегі нысан осыны жасауға көмектеседі.

Мені энергиямен қуаттайтын немесе маған демалуға мүмкіндік беретін бес (5) іс/зат:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____

Өзімді қуантатын бес тәсіл:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____

Мені қолдайтын адамдар:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____

Нені мақтан етемін (менің жеке басыма және кәсібіме қатысты жетістіктерім):

Өзіңізді мақтаңыз ☺!



Күйзеліске қарсы релаксация

Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған (БДҰ)

Мақсаты: психоэмоциялық зорлықты басу.

Нұсқаулық:

1. Тыныш әрі жарығы көмескі бөлмеде ыңғайланып жатыңыз (мүмкін болмаса – отырыңыз). Киім сіздің қимылдарыңызға кедергі келтірмеу керек.
2. Көзіңізді жұмып, баяу әрі терең тыныстаңыз. Дем алып, 10 секундтай шығармай ұстап тұрыңыз. Демді асықпай шығарыңыз, босаңсығаныңызды бақылай отырыңыз да ішіңізден айтыңыз: «Дем алу мен дем шығару – толқынның келуі мен кетуі сияқты». Осы процедураны 5-6 рет қайталаңыз. Осыдан кейін 20 секундтай тынығыңыз.
3. Енді денеңізді бос ұстап, басыңыздағы барлық ойды алып тастаңыз, ештеңе ойламаңыз.
4. Босаңсу сезімін барынша нақтырақ елестетуге тырысыңыз, бақайларыңыздан бастап сирақ арқылы санға, одан әрі денеге өтіп басыңызға дейін жетеді. Ішіңізден айтыңыз: «Жаным жайланып жатыр, өзімді жақсы сезініп тұрмын, ештеңе алаңдатып тұрған жоқ».
5. Босаңсу сезімі денеңіздің барлық жеріне таралып жатқанын елестетіңіз. Сіз ширыққаныңыз қалай босап жатқанын, иығыңыз, мойныңыз, бетіңіздің бұлшықеттері босаңсығанын сезініп тұрсыз (ауыз ашық болуы мүмкін). Шүберек қуыршақ сияқты бос жатыңыз, өтіп жатқан сезімнен 30 секунд бойы ләззат алыңыз.
6. Онға дейін санап, ойша әрбір саннан кейін сіздің бұлшықеттеріңіз босаңсып жатқанын айтыңыз. Енді сіздің бұлшықеттеріңіз босаңсып жатыр. Енді бастысы – босаңсыған күйден ләззат алу.
7. Сезіміңіз «ояна бастайды». 20-ға дейін санаңыз. Ішіңізден айтыңыз: «Мен 20-ға дейін санап болғанда, көзім ашылады, мен өзімді сергек сезінетін боламын, әрі қысылу сезімі жоғалып кеткенін түсініп тұрмын.

Бұл жаттығуды аптасына 2-3 рет қайталау керек. Алдымен оған он бес минутыңыз кетеді, содан кейін әбден игеріп алған соң тезірек босаңситын боласыз.



«Кәсіби күйзеліс белгілері» тексеру парағы

Төменде көрсетілген кәсіби күйзелістің белгілерін оқып шығыңыз. Оң жақ бағанда соңғы уақыттарда бойыңыздан байқап жүрген белгілердің қарсысына құсбелгі қойып шығыңыз.

Белгілер	
Тұрақты түрде қайтпайтын шаршау сезімі	
Әлсіздік, белсенділік пен энергияның төмендеуі	
Үнемі себепсіз бастың ауыруы	
Асқазан-ішек жолдарының үнемі түйілуі (бұрауы)	
Күрт салмақ жоғалту немесе жинап алу	
Толық немесе ішінара ұйқысыздық	
Тежелген, ұйқылы-ояу күй және күні бойы ұйқы келу	
Қатты ашуланшақтық	
Жұмысқа немқұрайлы қарау	
Себепсіз ұялу, кінәлі болу, күдіктену сезімінің болуы	
Мазасыздық немесе қорқыныш сезімі	
Кәсіптің болашағына қатысты теріс мақсат	
Жұмыс барған сайын ауырлап бара жатқандай сезіну	
Эмоциялық және физикалық жабығу сезімі	
Жұмысқа, кездесуге үнемі кешігіп немесе тым ерте келу	
Үнемі шаруаны кейінге қалдырып қою	
Басым міндеттерді орындағанның орнына ұсақ-түйекке көп алаңдау	
Пайдасыздық, жақсаруға сенімсіздік, нәтижеге бейжай қарау сезімі	
Кездесуге немесе шешуіңіз тиіс істерге қатысты ұмытшақтық	
Үнемі бір идеяны ойлай беру, ойды баста айналдырып жүру	

Балл санын есептеп, өзіңіздің кәсіби
күйзеліс деңгейіңізді бағалаңыз:

1. Төмен – 0–5 балл.
2. Орташа – 6–12 балл.
3. Жоғары – 13 және одан жоғары балл.